

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

Г.Б. Қаржасова

**«ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
ПӘНІ БОЙЫНША**

ДӘРІСТЕР КУРСЫ

Қарағанды 2024

«Құқық негіздері» пәні бойынша дәріс курсы / ред. Г.Б. Қаржасова 5,8
б.б –Қарағанды: Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, 2024- 93б.

Сын-пікір білдірушілер: Қарағанды ІМ Академиясы
Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, з.ғ.к.,
қауымдастырылған профессоры Г.Ж. Мухамадиева;
Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Жалпықұқықтық және
арнайы пәндер кафедрасының профессоры з.ғ.к., Какимжанов М.Т.

Дәріс курсы жоғары оқу орындарының, тыңдаушыларына,
қызығушылық танытатын қауымға арналған.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	5
1 ТАҚЫРЫП. МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЛАР	
1.1 Мемлекеттің түсінігі және оның негізгі белгілері.....	6
1.2 Мемлекеттің пайда болуын түсіндіретін негізгі теориялар.....	7
1.3 Мемлекет нысаны.....	8
1.4 Құқықтық мемлекет.....	11
2 ТАҚЫРЫП. ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ	
2.1 Құқық түсінігі, негізгі белгілері және қағидалары.....	14
2.2 Құқық нысандары (қайнар көздері).....	18
.	
3 ТАҚЫРЫП. ҚР КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ НЕГІЗДЕРІ	
3.1 Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы пәні, тәсілдері.....	20
3.2 Конституция түсінігі, мәні және белгілері. Конституцияның заңдық қасиеті.....	22
3.3 ҚР конституциялық құрылысының негіздері.....	23
4 ТАҚЫРЫП. ҚР ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ	
4.1 Әкімшілік құқық: пәні, тәсілдері және жүйесі. Әкімшілік құқықтық қатынастардың ерекшеліктері.....	25
4.2 Әкімшілік жауапкершілік, әкімшілік жазалар.....	29
5 ТАҚЫРЫП. ҚР ҚАРЖЫ ҚҰҚЫҒЫ НЕГІЗДЕРІ	
5.1 Қаржы құқығының пәні, жалпы сипаттамасы.....	33
5.2 Қаржылық бақылау.....	34
5.3 Салықтар және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер, түсінігі және түрлері.....	38
6 ТАҚЫРЫП. ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ НЕГІЗДЕРІ	
6.1 Қылмыстық заң ұғымы, қағидалары, қайнарлары.....	40
6.2 Қылмыс: белгілері, құрамы, түрлері.....	43
6.3 Қылмыстық жаза: түсінігі, белгілері.....	45
7 ТАҚЫРЫП. ҚР АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ	
7.1 Азаматтық құқықтың негізгі жағдайлары.....	48
7.2 Жеке меншік құқығы және басқа заттық құқықтар.....	50
7.3 Мәмілелер түсінігі және түрлері.....	52
7.4 Шарттардың түсінігі және түрлері.....	54
8 ТАҚЫРЫП. ҚР ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ	

8.1 Отбасы құқығының түсінігі, қағидалары және қайнарлары.....	56
8.2 Некені бекіту және тоқтату.....	58
8.3 Асырап алу, қамқоршылық, қорғаншылық.....	59

9 ТАҚЫРЫП. ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУ ҚҰҚЫҒЫ

9.1 Еңбек құқығының пәні, тәсілдері, жүйесі және қайнарлары.....	61
9.2 ҚР тұрғындарды еңбекпен қамтуды құқықтық реттеу.....	63
9.3 Әлеуметтік әріптестік. Ұжымдық шарттар және келісімдер.....	65

10 ТАҚЫРЫП. ҚР АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ НЕГІЗДЕРІ

10.1 Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні, тәсілдері және қағидалары.....	69
10.2 Азаматтық іс жүргізу сатылары.....	70

11 ТАҚЫРЫП. ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ НЕГІЗДЕРІ

11.1 Қылмыстық іс жүргізу құқығының түсінігі, мәні және қағидалары.....	74
11.2 Қылмыстық қудалау. Қылмыстық іс жүргізу үрдісінің субъектілері.....	77
11.3 Қылмыстық іс жүргізу үрдісінің сатылары.....	82

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ.....	88
----------------------------	----

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда «Құқық негіздері» пәні кез келген адам баласының өз құқықтарын қорғау бойынша құзіреттерді қалыптастыратын маңызды пәндердің бірі болып саналады.

Пәнді оқыту мақсаты: Оқу құралы мемлекет туралы негізгі түсініктерді, сондай ақ құқық және құқықтық құбылыстар туралы негізгі ұғымдарды қарастыруға арналған. Оқу курсына конституциялық құқық негіздері, ҚР адам және азамат мәртебесінің конституциялық негіздері, ҚР қоғамдық құрылымының конституциялық негіздері, сайлау құқығы, әкімшілік құқық, ҚР азаматтық құқығының негіздері, интеллектуалдық меншік құқығы, мұрагерлік құқық, отбасылық құқық, негіздері, ҚР құқыққорғау органдары, қаржы құқығы негіздері, бюджеттік құқық, салық құқығының негіздері, инвестициялық қатынастарды реттеу, еңбек құқығы негіздері, әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы, қылмыстық құқық негіздері Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері, экологиялық құқық негіздері, Қазақстан Республикасының іс жүргізу құқығының негіздері талқыланады. Ұсынылып отырған оқу құралы жоғары оқу орындарының, тыңдаушыларына, қызығушылық танытатын қауымға арналған.

Пәнді оқыту мақсаттары – мемлекет, құқық, мемлекеттік–құқықтық құбылыстар туралы терең және жүйелі білім қалыптастыру, маманның кәсіби және құқықтық мәдениетінің дамуына ықпал ету.

Міндеттері:

- Тұлғаның өз құқықтарына ие болуымен қорғау негіздерін үйрету;
- Азаматтардың әлеуметтік, саяси, мәдени, экономикалық құқықтарын талқылау;
- Құқықтарына ие бола отыра қанай заңдармен қорғауы жөнінде мәлімет алу білім қалыптастыру;
- Құқықтық қатынасқа түсу кезіндегі құқық салаларының ара жігін ажырата білу;
- Жүктелген міндеттерді адал орындауға баулу ерекшеліктері;

Тұңғыш елбасымыздың сөзімен айтылғандай, 2050 жылғы Қазақстан барлығы адам игілігі үшін жасалатын, экономикасы мықты, азаматтары еркін және тең құқықты, ал билігі әділ, заң үстемдік ететін мемлекет сипатына ие болуы үшін қоғамымыздағы әрбір азаматқа жүктелетін талаптар зор екендігін ескере отырып «Құқық негіздері» пәннің міндетті түрде оқытылатын пәндердің көшбасшысы болу қажеттілігі күнен күнге арта түспек.

1 ТАҚЫРЫП. МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙЛАР

1.1 Мемлекеттің түсінігі және оның негізгі белгілері

1.2 Мемлекеттің пайда болуын түсіндіретін негізгі теориялар

1.3 Мемлекет нысаны

1.4 Құқықтық мемлекет

Дәріс мақсаты: мемлекет пайда болуының маңызды теориялары: теологиялық, патриархалдық, органикалық, қоғамдық келісім, озбырлық теориясы және диалектикалық, материалистік теориялардың мәнін ашу. Құқық туралы зерттеушілердің көзқарасын маркстік, өркениеттік ілімдерді қарастыру.

Кілт сөздер: мемлекет теориялары, мемлекет аппараты, саяси жүйе.

1.1 Мемлекеттің түсінігі және оның негізгі белгілері

Мемлекет - бұл арнайы басқару және мәжбүрлеу аппараты бар, қоғамның өкілі бола тұра, оны басқаратын және оның дамуын қамтамасыз ететін, бұқаралық биліктің саяси-аумақтық, егеменді ұйымы. Мемлекетті рулық құрылымдағы әлеуметтік биліктен ажырататын төмендегідей белгілері болады:

1.Бұқаралық биліктің болуы. Міндетті мемлекеттің басқару және мәжбүрлеу аппараты болуы тиіс, себебі, бұқаралық билік - бұл шенеуніктер, әскер, полиция, түрме мен басқа да мекемелер.

2.Аумақтық бөлініс. Мемлекет өз аумағында өмір сүруші барлық адамдарды өз билігімен және қорғау арқылы біріктіреді.

3.Салықтар жүйесі. Олар мемлекеттік аппараттың өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қажет.

4.Егемендік. Бұл мемлекетке тән өз аумағындағы үстемдік пен халықаралық қатынастардағы тәуелсіздік.

5.Құқықтың болуы. Мемлекет құқықсыз өмір сүре алмайды, себебі, құқық мемлекеттік билікті заңдастырады.

Мемлекеттің мәнін түсіну мемлекет және құқық теориясының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Мемлекеттің мәні - бұл оның мазмұнын, мақсаттарын, қызмет етуін анықтайтын басты қасиеті. Мемлекеттің мәнін түсініктің кең және тар мағынасында анықтауға болады.

Кең мағынада мемлекеттің әлеуметтік мәнін биліктік-саяси ұйымдасқан қоғам, құқықтық заңдарға бағынған көптеген адамдардың бірлестігі ретінде анықтауға болады. Мұндай бірлестіктердің тастығы сәйкес мемлекеттік-құқықтық институттар мен қатынастарда көрініс тапқан бұқаралық-биліктік құрылымдар негізі қалыптасады.

Тар мағынада мемлекеттің әлеуметтік табиғатын қоғамның бөлектенген, жекелеген класстар мен әлеуметтік топтардың қоғамның да мүддесін білдіруші әрі қорғаушы басқару аппарат бұқаралық биліктің әртүрлі мекемелерінің жүйесі ретінде анықтайды.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, мемлекеттің мәнін қарастыруда екі аспектіні ескерудің маңызы зор:

1) формальды - кез-келген мемлекеттің саяси биліктің ұйымдасқан екендігі;

2) мазмұнды - осы ұйымның кімнің мүдделеріне қызмет ететіндігі.

Мемлекеттің мәнін анықтауда келесі бағыттарды атап өтуге болады:

Таптық, бұған сәйкес мемлекетті экономикалық үстем құрушы топтың саяси билігінің ұйымы ретінде анықтауға болады.

Жалпы әлеуметтік, бұған сәйкес мемлекетті әртүрлі таптар мен әлеуметтік топтардың мүдделерін ескеру үшін жағдай жасалатын саяси биліктің ұйымы ретінде анықтауға болады. Сонымен, мемлекеттің мәні саяси билік аппаратының көмегімен қоғамның тұтастығын және қалыпты қызмет етуін қамтамасыз етуден көрінеді.

1.2 Мемлекеттің пайда болуын түсіндіретін негізгі теориялар

Мемлекеттің пайда болуы туралы мәселе даулы болып табылады, себебі, этнография және тарих ғылымдары оның пайда болуы туралы күннен-күнге жаңа мәліметтер беруде. Мемлекеттің пайда болу себептері туралы бірқатар теориялар бар, олардың негізгілері болып мыналар табылады:

Діни теория - мемлекеттің, мемлекеттік биліктің пайда болуының құдайлық бастамасын негізге алады, «барлық билік құдайдан» деген тұжырымдаманы бекітіп, жақтайды. Өзінің діни мазмұнына қарамастан, бұл теория бірқатар шынайы жағдайларды көрсетеді, нақты айтқанда, алғашқы мемлекеттердің теократиялық нысандарын - абыздар билігін, шіркеудің ролін, діни және көпшілік орталықтар арасындағы билік бөлінісін көрсетеді. Бұл теорияның көрнекті өкілдерінің бірі - Фома Аквинский.

Патриархалды теория - мемлекеттің пайда болуын отбасымен байланыстырады, ал мемлекет басшысының билігін отбасы мүшелерінің алдындағы әке билігінен туындатады. Бұл теория әкенің шексіз билігін негіздеуге бағытталған, ал бұл биліктің қайнар көзі ретінде құдайды емес, отбасындағы әкенің, патриархтың шексіз билігі орын алған отбасы нысанын таниды. Бұл теория Грецияда пайда болған, өз негіздемесін Аристотельдің еңбектерінен иеленсе, өз дамуын ағылшын ғалымы Филмердің еңбектерінен тапты.

Шартты теория - ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда кеңінен таралған. Оны жақтаушылардың қатарынан Голландияда Гуго Гроций мен Спиноза,

Англияда Д.Локк пен Т.Гоббс, Францияда Ж.Ж.Руссо, Ресейде А.Радищев орын алды. Мысалы, А.Радищевтің ойынша билік халыққа тиесілі, алайда ол мемлекет басшысына берілген және оны халық бақылауы тиіс. Шарттық теорияға сәйкес, мемлекет шарт нәтижесі ретінде пайда болады, оның қатысушылары болып адамдар табылады, олар шарттың негізінде өз бостандықтарының, өз билігінің бір бөлігін мемлекетке береді.

Күштеу теориясы - мемлекеттің пайда болу негізі ретінде күштеу әрекетін, бір халықтың екінші халықты жаулауын таниды. Жауланған халықтың үстінен билікті бекіту үшін, оған күштеу жүргізу үшін мемлекет құрылады. Күштеу теориясы ХІХ ғасырда пайда болды, оның өкілдері - Л.Гумплович, К.Каутский, Е.Дюринг.

Психологиялық теория - мемлекеттің пайда болуын адам психикасының көріністерімен: бағыну қажеттігімен, еліктеумен, алғашқы қауымдық қоғамның жоғарғы топтарына тәуелділікті сезінумен, белгілі бір әрекет түрлерінің әділдігін түсінумен және т.б. байланыстырады. Психологиялық теорияның өкілдерінің қатарынан Л.Петражицкий мен Г.Тардты атауға болады.

Органикалық теория. Бұл теорияның өкілдері Г.Спенсер, Вормс, Х.Прейс мемлекетті ағза ретінде түсіндіреді. Оның бөліктері арасындағы тұрақты байланыстар тірі ағзаның бөліктері арасындағы байланысқа теңестіріледі, яғни, мемлекет - биологиялық дамудың бір түрі ретінде көрініс табатын әлеуметтік даму өнімі. Биологиялық ағзаның бір түрі ретінде мемлекеттің өз миы (басшы) мен оның шешімдерін жүзеге асыру құралдары (халық) болады.

Ирригациялық теорияға сәйкес мемлекеттердің алғашқы қанаушы нысандарының пайда болуы шығыстық аграрлық аймақтардағы ірі ирригациялық құрылыстарды жүргізу қажеттігімен байланысты. Бұл теория қазіргі кездегі неміс ғалымы К.-А.Виттфогельдің еңбектерінен айрықша көрініс тапқан.

Материалистік теория - мемлекеттің пайда болуын әлеуметтік-экономикалық факторлармен, яғни жеке меншіктің пайда болуымен және қоғамның таптарға бөлінумен байланыстырады. Бұл теорияның өкілдері - К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин мемлекет бір таптың екінші таптың үстінен үстемдігін сақтау және бекіту, қоғамның біртұтас ағза ретінде өмір сүруі мен қызмет етуін қамтамасыз ету мақсаттарында пайда болған деп санайды.

1.3 Мемлекет нысаны

Мемлекет нысаны - қоғамның басқару, мемлекеттік құрылым және саяси режим нысандарынан құралған құрылымдық ұйымдастырылуы.

Басқару нысаны - бұл мемлекеттік биліктің жоғары органдарының өкілеттіктерінің өзара қатынасы, олардың құрамы мен құрылу тәртібі.

Басқару нысаны жоғары билікті жалғыз адамның немесе сайланбалы алқалық органның жүзеге асыруына байланысты ерекшеленеді. Осыған сәйкес, басқарудың негізгі түрле болып монархия мен республика болып табылады.

Монархия - бұл жоғары мемлекеттік биліктің бір тұлғада ғана монархта, болуымен сипатталатын басқару нысаны. Монарх билікті мұрагерлік бойынша өмір бойы иеленеді.

Егер монарх мемлекеттік биліктің жалғыз органы болып табылса, бұл монархия шектелмеген деп аталады, ал жоғарғы билік монарх пен басқа бір органның арасында бөлінсе, монархия шектелген деп аталады. Шектелген монархиялар, кезегінде, өкілдік (дуалистік) және парламентарлық болып екіге бөлінеді. Өкілдік монархияда монарх атқарушылық билікті жүзеге асыра алады, ол үкіметті құру, министрлерді тағайындау және парламентті тарату құқықтарын иеленеді. Ал парламентарлық монархияда монархтың құқықтық жағдайы әлдеқайда шектелген болады, монарх тағайындаған министрлер парламент сенімсіздік вотумына тәуелді болады және монарх заңда көзделген жекелеген жағдайларда ғана парламентті тарата алады.

Республика - жоғары мемлекеттік билік белгілі бір мерзімге сайланатын сайланбалы органға тиесілі басқару нысаны. Халықтың қай бөлігінің мемлекеттік биліктің жоғары органдарын сайлауға қатыса алатынына байланысты республика аристократиялық және демократиялық болып екіге бөлінеді.

Демократиялық мемлекеттер, өз кезегінде, төмендегідей түрлерге бөлінеді: 1) парламентарлық, бұл мемлекетте саяси өмірде шешуші рөл парламент сайлаған үкіметке тиесілі болады; 2) президенттік, бұл мемлекетте сайланған ел басшысы үкіметтің басшысы болып табылады, сол себепті, ол үкімет мүшелерін тағайындайды және оларды қызметінен босатады; 3) аралас, бұл мемлекетте үкіметті президент пен парламент бірлесе отырып құрайды.

Мемлекеттік құрылым нысаны - бұл мемлекеттің аумақтық құрылымы, оның құрамдас бөліктерінің және осы бөліктердің бірінің мемлекетпен қарым-қатынасының сипаты. Барлық мемлекеттер өздерінің мемлекеттік құрылымы бойынша жай және күрделі болып екіге бөлінеді.

Жай немесе біртұтас мемлекет - бұл өз ішінде бөлінбейтін біртұтас мемлекет, оның өз ішінде дербес мемлекеттік құрылымдар болмайды, бұл мемлекетте жоғары органдардың біртұтас жүйесі, заңнаманың ортақ жүйесі, ортақ сот жүйесі, ортақ азаматтығы мен салықтардың бір каналды жүйесі болады.

Күрделі мемлекет - бұл белгілі бір дәрежедегі дербестікке ие жекелеген мемлекеттік құрылымдардан құралған мемлекет. Күрделі мемлекеттерге империялар, федерациялар, конфедерациялар, достастықтар мен одақтастықтар жатады.

Империялар күштеу арқылы құрылатын күрделі мемлекеттер, бұларда құрамдас бөліктердің жоғары билікке бағыныстылық деңгейі әртүрлі болған. Империялардың басты ерекшелігі - олардың құрамдас бөліктерінің ешқашан ортаө мемлекеттік-құқықтық мәртебесі болмаған.

Конфедерация империяға қарағанда ерікті негізде құрылады.

Бұл нақты бір тарихи кезең шегінде белгілі бір мақсаттарға жету үшін құрылған мемлекеттердің уақытша одағы. Конфедерацияны құраған егеменді мемлекеттер халықаралық-құқықтық қатынастар субъектісі болып қала береді, оларда өз азаматтығы, билік, басқару және сот әділдігі органдарының жүйесі болады. Конфедерацияның нормативтік құқықтық актілерінің күші осы конфедерацияға мүше мемлекеттер үшін міндетті болып танылады. Конфедерация құрамынан мүшеліктен шыққан мезгілде мемлекеттер нулификация жариялайды, яғни конфедерацияның нормативтік құқықтық актілерінің күшін өзінің территориясында жояды.

Федерация - бұл күрделі, одақтас мемлекет, оның бөліктері мемлекеттік құрылымдар болып табылады және белгілі бір дәрежеде мемлекеттік егемендікке ие болады; федерацияда жоғарғы федералдық органдар мен федералдық заңнамамен қатар федерация субъектілерінің жоғарғы органдары мен заңнамасы да болады; федерацияда салықтың екіканалды жүйесі пайдаланылады, оның белгілерінің бірі болып қос азаматтық табылады. Федерациялар аумақтық немесе ұлттық-мемлекеттік қағида бойынша құрылуы мүмкін.

Достастық - бұл ортақ белгілермен, біртектіліктің белгілі бір деңгейімен сипатталатын мемлекеттердің ұйымдастырушылық бірлестігі. Оларды біріктіретін белгілер экономикаға, құқыққа, тілге, мәдениетке, дінге қатысты болуы мүмкін. Достастықтың мүшелері - бұл толығымен тәуелсіз, егеменді мемлекеттер, халықаралық қатынастардың субъектілері.

Одақтастық — бұл қоғамды мемлекеттік ұйымдастырудағы ауыспалы нысан. Одақтастықтың негізінде көп жағдайда мемлекетаралық шарт болады. Ол одақтастыққа кіретін мемлекеттердің интеграциялық байланыстарын күшейте түседі және оларды конфедеративтік бірлестікке қарай итермелейді.

Саяси режим - бұл мемлекеттік билікті жүзеге асыруға жәрдемдесетін тәсілдер мен әдістер. Мемлекеттік биліктегі тәсілдер мен әдістердің жиынтығына қарай екі түрлі режимді бөліп атауға болады: демократиялық және антидемократиялық режимдер.

Демократиялық режимнің белгілері:

- халық мемлекеттік билікті жүзеге асыруға тікелей (азаматтардың референдумға қатысуы) және өкілдік (халықтың билікті өзі сайлаған өкілдік органдар арқылы жүзеге асыруы) демократия арқылы қатысады;

- шешімді көпшілік және азшылықтың мүдделерін ескере отырып қабылдайды;

- мемлекеттік биліктің орталық және жергілікті органдарының сайланбалылығы және ауыспалылығы, олардың сайлаушыларға есеп беруі, жариялылық;

- сендіру, келісу, келісімге келу әдістері жиі қолданылады;

- қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы заңның үстемдігі;

- адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары жарияланады және шын мәнінде қамтамасыз етіледі;

- саяси плюрализм, соның ішінде көппартиялылық;

- биліктің тармақтарға бөлінуі және т.б. Антидемократиялық режимнің бірнеше түрі болады: тирания деспотизм, фашизм, тоталитарлық және авторитарлық режимдер Антидемократиялық режимге мына белгілер тән:

- бір саяси партияның үстемдігі;

- бір ресми идеологияның болуы;

- бір меншік түрінің болуы;

- саяси құқықтар мен бостандықтарды жоққа шығару;

- қоғамның өкілдік, касталық, таптық және топтық т.б. белгілер бойынша бөлінуі;

- халықтың төмен экономикалық деңгейі;

- мәжбүрлеу мен жазалау шараларының үстемдігі;

- сыртқы саясаттағы агрессиялық сипаттағы әрекеттер және т.б.

1.4 Құқықтық мемлекет

Құқықтық мемлекет - бұл адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының толық түрде қамтамасыз етілуіне және құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында мемлекеттік билікті құқықпен мейлінше байланыстыруға жағдай жасаушы саяси билік ұйымы.

Құқықтық мемлекеттің мәнін қарастыруда оның, негізгі екі жағын (екі негізгі қағиданы) бөліп қарастыруға болады:

1) мазмұнды жағы - адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мейлінше толық көлемде қамтамасыз етуден, тұлға үшін құқықтық ынталандыру режимін орнықтырудан көрінеді;

2) формальды - заңды жағы - мемлекеттік билікті құқықпен байланыстырудан, мемлекеттік құрылымдар үшін құқықтық шектеу режимін орнықтырудан көрінеді.

Сонымен қатар, құқықтық мемлекеттің қағидасына мыналар да жатады:

- билікті заңсыз пайдалануды болдырмау мақсатында оны заңшығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлу;

- заңның үстемдігі, яғни, биліктің жоғары органымен барлық конституциялық тәртіптерді сақтай отырып қабылданған заң атқарушылық билік актілерімен жоққа шығарылуы, өзгертілуі және

тоқтатылуы мүмкін емес;

- мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі;
- қоғамдағы құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі;

- азаматтық қоғамның болуы және тарапынан құқық субъектілерінің заңдарды орындауына бақылау жүргізілуі.

Биліктің тармақтарға бөлінуі құқықтық мемлекеттің қағидасы ретінде. Бұл қағиданы алғаш рет Д.Локк пен Ш.Монтескье ұсынған болатын. Қағиданың басты талабы - саяси бостандықты бекіту, заңдылықты қамтамасыз ету және белгілі бір әлеуметтік топтың, мекеменің немесе жеке тұлғаның билікті асыра пайдалануын болдырмау үшін мемлекеттік билікті заң шығарушылық (халық сайлайтын және қоғамды дамытуды заңдар қабылдау жолымен жүзеге асыруға бағытталған), атқарушылық (биліктің өкілдік органы тағайындайтын және заңдар мен оралымдық шаруашылық қызметті жүзеге асырумен айналысатын) және сот (бұзылған құқықтарды қалпына келтірудің, кінәлілерді әділетті түрде жазалаудың кепілі болып табылатын) биліктері деп бөлу. Жоғарыда көрсетілген үш билік көзі бір бірімен әрекет жасасқанда бірін бірі тежеп, бірінің ісіне бірі араласпай әрекет жасасады. Конституцияда бекітілген «тепе-теңдік және тежемелік жүйесі» заң шығарушы, атқарушы, сот биліктерінің нақты бір билік түріне құқықтық шектеулерінің жиынтығын білдіреді. Мысалы, заң шығару билігіне қатысты тежемелік жүйесінде ерекше рөлді президент иеленген, ол заң шығарушыға қатысты veto құқығына ие; атқарушы билікке қатысты тежемелік сипатта болып «президент өкілеттіктерінің мерзімі, импичмент, сенімсіздік вотумы; коммерциялық қызметпен айналыспау табылады; құқықтар мен бостандықтардың кепілдіктері ретінде мыналар табылады: кінәсіздік презумпциясы, қорғану құқығы, азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі, іс жүргізудің жариялылығы мен жарыспалығы, кері шақыру, жариялау және т.б. Мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі. Бұл құқықтық мемлекеттің дербес қағидасы болып табылады. Бұл саяси билікті шектеудің өзінше бір тәсілі, ол саяси биліктің иесі ретін мемлекет пен оны жүзеге асырудың қатысушысы ретіндегі тұлғаның арасындағы қарым - қатынастардың адамгершілік – заңды қатынастарын көрсетеді. Қоғам мен тұлғаның бостандығын заң – басқарушылық нысанда бекіте отырып, мемлекет өз шешімдерінде белгілі бір шектеулерді иеленеді. Заң арқылы ол азаматтармен, қоғамдық ұйымдармен, басқа мемлекеттермен қарым-қатынастарындағы әділеттілік пен теңдікті қамтамасыз етеді (міндеттемелерді өз мойнына алуы тиіс, құқыққа бағына отырып, мемлекеттік органдар ондағы ережелерді бұза алмайды және осы міндеттерді орындамағаны үшін жауапкершілікке тартылады. Заңның мемлекеттік билік үшін міндеттілігі әкімшіліктік қателіктерді болдырмауға бағытталған ережелер жүйесімен қамтамасыз етіледі. Оларға Үкіметтің өкілдік адамдардың алдындағы

жауапкершілігі, мемлекеттің кез-келген елдегі лауазымды тұлғаларының нақты бір тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзғандығы, билікті асыра пайдалану, қызметтік жағдайын асыра пайдаланғаны үшін тәртіптік, әкімшілік - құқықтық және қылмыстық жауапкершілігі, импичмент т.б. жатады. Жалпы қауымның мемлекеттік құрылымдардың өз міндеттерін бақылауының нысандары болып референдумдар, депутаттардың сайлаушылар алдында есеп беруі және т.б. табылады. Адаманың мемлекет алдындағы жауапкершілігі де дәл осы құқықтық бастамалар негізделеді. Мемлекеттік мәжбүрлеудің құқықтық сипатта болуы, ол тұлғаның бостандығын бұзбауы жасалған құқық бұзушылықтың ауырлығына сай болуы тиіс. Мемлекет пен тұлғаның арасындағы қарым-қатынастар жауапкершіліктің негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекет - белгілі бір аумақта қоғамды ұйымдастырудың саяси нысаны ретінде, елдің барлық халқы бағынатын басқару, құрылым және саяси режимі қалыптасқан, әмбебап саяси ұйым.

Мемлекет нысаны - басқару, құрылым, саяси режимін қалыптастыратын және жүзеге асыратын саяси өмірді ұйымдастыратын әдіс немесе тәсілдің жиынтығы.

Мемлекеттің басқару нысаны - жоғары мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуының, сонымен қатар оның органдарының құру тәртібін жүзеге асыратын мемлекет нысанының элементі.

Мемлекеттің құрылым нысаны - мемлекеттің ішкі құрылымын, оның саяси және аумақтық бөлінісінің тәсілін сипаттайтын, мемлекет органдарының барлық құрамдас бөліктерімен өзара қарым-қатынастарын туындататын мемлекет нысанының элементі.

Саяси режим - саяси билікті жүзеге асыру әдістері, тәсілдері және құралдарының жүйесі. Сонымен қатар, саяси жүйенің динамикалық, функционалдық сипаттамасы.

Мемлекеттік аппарат - бұл ұйым мен қызметтің жалпы принциптерімен өзара байланысты мемлекеттік органдар жүйесі.

Құқықтық мемлекет - бұл демократиялық мемлекет, онда құқықтың үстемдігі, заңның үстемдігі, заң мен тәуелсіз сот алдындағы баршаның теңдігі қамтамасыз етіледі. Онда адамның құқықтары мен бостандықтары танылады, ал негізі мемлекеттік билікті - заң шығарушы атқарушы және сот билігін бөлу қағидаты болып табылады.

Мемлекеттің ішкі қызметі - белгілі бір мемлекеттің ішкі құрылымында әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени құндылықтардың өз алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру қызметтерінің жиынтығы.

Әлеуметтік мемлекет - мемлекеттің конституциялық-құқықтық мәртебесінен бастау алатын, өз кезегінде адам және азаматтардың

экономикалық және әлеуметтік құқықтары мен бостандықтары үшін конституциялық кепілдік беретін мемлекеттің түрі.

Мемлекет механизмі-мемлекеттің саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іс жүзіндегі ұйымдастырушылық қабілеттілігінің жиынтығы.

2 ТАҚЫРЫП. ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯСЫ

2.1 Құқық түсінігі, негізгі белгілері және қағидалары

2.2 Құқық нысандары (қайнар көздері)

Дәріс мақсаты: Құқық түсінігі, негізгі белгілері және қағидаларын және құқықтық нысанын талқылау

Кілт сөздер: Құқық түсінігі, мемлекет нысаны, құқық белгілері, құқықтың құндылығы, позитивтік құқық, объективтік құқық, заң нормасы.

2.1 Құқық түсінігі, негізгі белгілері және қағидалары

Құқық әлеуметтік институт ретінде мемлекетпен бірге пайда болады, себебі, көп жағдайда олар бір-бірінің тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Мемлекеттің құқықсыз өмір сүре алмайтыны секілді, құқық та мемлекетсіз өмір сүре алмайды: құқық мемлекеттегі саяси билікті ұйымдастырса, мемлекет заң нормаларын орнықтырады, қолданады және оларға кепілдік береді.

Құқық тарихи тұрғыда таптық құбылыс ретінде пайда болып, ең алдымен, экономикалық үстемдік құрушы таптардың еркі мен мүдделерін білдірді. Егер әдет-ғұрыптар адамдардың санасы мен жүріс-тұрысында бекітілсе, құқықтық нормалар жалпыға мәлім болу мақсатында жазбаша рәсімделе басталды. Құқықтың пайда болуы - әлеуметтік байланыстардың күрделенуінің қоғамдағы карама-қайшылықтардың таралуын әлеуметтік нормалардың реттей алмауының салдары.

Құқық - бұл қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған, мемлекетпен орнықтырылатын және қамтамасыз етілетін, жалпыға міндетті, формальды анықталған заң нормаларының жүйесі.

Құқықтың белгілері:

- еріктілік сипаты;
- жалпыға міндеттілігі;
- нормативтілігі;
- мемлекетпен байланысы;
- формальды анықталғандығы;
- жүйелілігі.

Құқықтың қоғамдық жоғарғы мақсаты қоғамдағы бостандықты нормативтік тәртіпте қамтамасыз етуінен және кепілденуінен,

әділеттілікті қалыптастыруынан, қоғамдық өмірден қателіктер мен өз бетімен кетушіліктерді жоя отырып, қоғамдағы экономикалық және рухани факторлардың әрекет етуіне мейлінше жағдай жасауынан көрініс табады.

Құқықтың құндылығы - бұл құқықтың азаматтардың және жалпы қоғамның әлеуметтік әділетті қажеттіктері мен мүдделерін қамтамасыз ету құралы мен мақсаты ретінде қызмет ете алу қабілеті. Құқықтың әлеуметтік құндылығының төмендегідей негізгі көріністерін атап өтуге болады:

1. Құқық адамдардың әрекеттеріне ұйымдастырушылықты, тұрақтылықты, үйлесімділікті дарыта отырып, олардың бақылануын қамтамасыз етеді, осы арқылы ол қоғамдық қатынастарға реттеушілік элементін енгізе отырып, оларды өркениетті құбылысқа айналдырады;

2. Құқық тұлғалардың ерекше мүдделерін үйлестіру арқылы, олардың жүріс-тұрысы мен қызметіне әсерін тигізеді, яғни, құқық жеке мүдделерді басып-жаншымайды, керісінше, оны қоғамның мүддесімен үйлестіреді;

3. Құқық тұлғаның қоғамдағы бостандығын көрсетуші және анықтаушы болып табылады және осы бостандықтың шегін шамасын анықтайды;

4. Әділеттілік идеясын көрсету қабілетіне ие, яғни, құқық материалдық игіліктердің дұрыс және әділетті бөлінуінің талаптарын арттырады, барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігін білдіреді;

5. Қоғамдық дамудың тарихи кезектілігіне сәйкес қоғам - дамуының қайнар көзі болып табылады; әсіресе, оның ролі тоталитарлық режимдерінің құлауы мен жаңа нарықтық механизмдердің бекітілуі жағдайларында өсе түседі;

6. Құқықтық тәсілдер халықаралық және ұлтаралық сипаттағы мәселелерді шешудің негізі және жалғыз құралы болып табылады.

Құқықтың мәні өркениеттілік жағдайында қоғамдық қатынастарды реттеуден, нормативтік негізде қоғамның тұрақты құрырылуына жете отырып, демократияның, экономиканың тұрақтылығынан, тұлға бостандығын жүзеге асырылуынан көрінеді. Құқтың мәнін қарастыруда екі аспектіні ескерудің маңызы зор: 1. формальдық - кез-келген құқық ең алдымен реттеуші; 2. мазмұндық - осы реттеушінің кімнің мүдделеріне қолдайтындығы.

Табиғи құқыққа қарағанда заңды мағынадағы құқық (объективтік және субъективтік құқық) позитивтік құқық ретінде көрініс табады, яғни, олар заңдар мен басқа да қайнар көздерде бекітілген.

Позитивтік құқықтың негізгі сипаттары:

а) оны адамдар немесе қоғамдық құрылымдар – заң шығарушылар, соттар, құқық субъектілері қалыптастырады, яғни, олардың шығармашылығының, мақсатты ерікті қызметінің нәтижесі болып табылады;

ә) ол заңдар немесе басқа да қайнар көздер түрінде, яғни, жай ой, идея түрінде ғана емес, нақты сыртқы көрінісі бар ақиқат ретінде өмір сүреді.

Құқықтың пайда болу кезінен бері және оның дамуы барысында оның бір мезетте әрі қарама-қайшы, әрі өзара байланысқан екі жағы анықталды. Бірінші жағы - бұқаралық-құқықтық жағы, екінші жағы - жеке-құқықтық жағы.

Бұқаралық құқық - бұл мемлекеттік істер саласы, яғни, билік пен бағыныстылық қатынастарына негізделген мемлекеттің бұқаралық билік ретіндегі және барлық бұқаралық институттардың құрылымы және қызметі.

Жеке құқық - бұл жеке істер саласы, яғни, дербестік, субъектілердің заңды тәндігі бастамаларына негізделген еркін тұлға, институттар мәртебесі.

Құқықтың түсінігіне кірген аса маңызды белгілерінің бірі болып оның мемлекетпен тығыз байланысы табылады. Бұл белгі мыналардан көрініс табады:

1. Мемлекет құқықты ресми түрде орнықтырып, оның орындалуын мемлекеттік мәжбүрлеу арқылы қамтамасыз етеді;

2. Құқық мемлекеттік еріктің нормативтік көрінісі бола тұра, қоғамдық қатынастарды таптық, жалпы әлеуметтік және басқа да мүдделерге сәйкес реттейді;

3. Құқық жалпыға міндетті сипатқа ие, бұл оның ерекше әлеуметтік реттеуші. Заңды және заңсыз әрекеттерді өлшеуші ретінде көрініс табуына мүмкіндік береді;

4. Басқа әлеуметтік нормаларға қарағанда құқықтың реттеушілік рөлінің ерекшелігі оның нормаларының өкілдік-міндеттеуші мазмұнымен байланысты.

Құқық нормасы түсінігі, белгілері және түрлері. Құқық нормасы - бұл мемлекет таныған және қамтамасыз ететін жалпыға міндетті, формальды анықталған жүріс-тұрыс ережесі. Құқық нормасынан қоғамдық қатынастар қатысушыларының құқықтары мен міндеттері туындайды және осы ереже аталған субъектілердің әрекеттерін реттеуге бағытталған.

Заң нормасы - құқықтың алғашқы буыны, оның жүйесінің элементі. Сол себепті, бұл нормаға ерекше әлеуметтік құбылыс ретіндегі құқықтың негізгі белгілерінің тән болуы заңды да. Алайда бұл «құқық» және «құқық нормасы» түсініктерінің бір екенін білдірмейді. Олар бір-бірімен бүтін мен оның бөлігі ретінде байланысқа түседі.

Құқық нормасының белгілері:

1. Жалпыға міндеттілігі - ол адамдардың мүмкін және міндетті әрекеттеріне қатысты мемлекеттің биліктік ережелерін білдіреді;

2. Формальды анықталғандығы - ол жазбаша түрде ресми құжаттарда көрініс табады;

3. Мемлекетпен байланысы - оны мемлекеттік органдар орнықтырады және мемлекеттік әсер ету шараларымен қамтамасыз етіледі;

4. Ұсынушылық - міндеттемелік сипат - ол бір субъектілерге құқықтар берсе, келесі субъектілерге міндеттемелер жүктейді, себебі, құқықты міндетсіз, ал міндетті құқықсыз жүзеге асыру мүмкін емес.

Құқық нормаларының түрлері. Заң нормаларының түрлері: 1) реттеуші және құқық қорғаушы; 2) құқық беруші, тыйым салушы және міндеттеуші; 3) императивтік және диспозитивтік.

Реттеуші норма - бұл субъектінің субъективтік құқықтары мен міндеттерін, олардың пайда болу және әрекет ету жағдайларын анықтайтын норма.

Құдыққорғаушы норма - бұл субъектіге мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданудың жағдайларын, осы шарапардың сипаты мен мазмұнын анықтайтын норма.

Құқық беруші норма - бұл субъектіге белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруға байланысты құқықтарды беретін норма.

Тыйым салушы норма - бұл субъектіге белгілі бір әрекеттерді жасаудан бас тартуды міндеттейтін норма.

Міндеттеуші норма - бұл субъектіге белгілі бір мазмұндағы әрекеттерді жасау міндетін жүктейтін норма.

Императивтік норма - бұл қатан ережелер түрінде көрініс табатын және құқық субъектілерінің қалауларынан тәуелсіз түрде әрекет ететін норма. Диспозитивтік норма - бұл өзіндік қалау бостандығын білдіретін норма.

Құқық нормаларының құрылымы. Құқықтық нормалардың құрылымы үш элементтен құралады: гипотеза, диспозиция және санкция.

Гипотеза - бұл құқықтар мен міндеттердің пайда болу жағдайын көрсету; диспозиция - бұл құқықтар мен міндеттердің өзін көрсету; санкция - бұл норманы бұзудан туындайтын қолайсыздықтар.

Бұл үлгінін сөздік кестесі мынадай: «егер... , онда... бұлай болмаған жағдайда...».

Құқық нормасы мен нормативтік акт бабының арақатынасы. Құқық нормасы мен нормативтік акт бабы көп жағдайларда сәйкес келмеуі де мүмкін. Құрамы - бұл гипотезадан, диспозициядан және санкциядан тұрады. Олардың арасындағы байланыс әртүрлі сипатқа ие. Жүріс-тұрыс ережесін бекіте отырып, заңнама құқық нормасының логикалық құрылымының үш элементін де нормативтік актінің бабына енгізуі мүмкін, бір бапқа бірнеше құқық нормасы енгізілуі мүмкін, кейбір жағдайда құқық нормасы элементтері әр түрлі нормативтік актілердің бірнеше баптарында немесе бір нормативтік актінің бірнеше баптарында көрсетуі мүмкін.

Көрсету тәсілдері бойынша құқық нормасы мен акт бабының арақатынасының үш түрі болады:

а) тікелей тәсіл - құқық нормасы нормативтік акт өзінде тікелей көрсетіледі;

ә) сілтемелі тәсіл - нормативтік акт бабы норманы толығымен ашпастан, осы актінің басқа бабына сілтеме жасайды;

б) бланкеттік тәсіл - нормативтік акт бабы нақты бір емес, белгілі бір нормативтік акті түріне сілтеме жасайды.

2.2 Құқық нысандары (қайнар көздері)

Құқық көп жакты, күрделі құбылыс. Сондықтан оған берілетін анықтамалар да сан қырлы. Құқық (жалпы әлеуметтік мағынада) тиісті мүмкіндіктердің заңда көрсетілген, көрсетілмегендігіне қарамастан адамгершілік, әдет-ғұрып тұрғысынан әрекеттің негізделуі мен еркіндік ретінде танылады. Құқықтың функционалдық анықтамасы – қазіргі кездегі экономикамен негізделген халықтың, көпшіліктің еркін білдіретін, нормативті анықталған және бұзылудан тәрбиелеу, сендіру және қажетті жағдайда мемлекеттік мәжбүр ету шараларымен қорғалатын, қоғамдық қатынастарды реттеу қызметін атқаратын, құқықтық демократиялық мемлекет қалыптастыру мақсатында қоғамдық келісім құралы болатын нормалар жүйесі ретінде көрсетеді.

Құқық нысаны мен қайнар көздерінің арақатынасын білу, құқық нысанының жеке түрлерін қарастырғанда құқықтық жүйелермен байланыстыра алуы керек. Құқық түп нұсқасы (қайнар көзі) ретінде құқықтың пайда болуы мен әрекет етуін мүмкін ететін факторлар танылады. Бұндай факторларға мемлекеттің құқықшығармашылық әрекеті, халық еркі және қоғам өмірінің материалдық жағдайлары жатқызылады. Құқықтың қайнар көзі тар ауқымда тәжірибеде нақты істі шешу барысында қолданылатын құжат. Бұнда мемлекеттік еріктің сомдалуын білдіретін құқықтың сыртқы нысаны көрініс табады. Құқық нысаны – жалпыға бірдей міндетті, заңды маңызы бар, қоғамда орын алған құқық нормаларын ұйымдастыру тәсілі.

Құқық нысанының негізгі 4 түрі танылған: нормативті акт, прецедент, әдет-ғұрыптық құқық, нормативті келісім.

Нормативті-құқықтық акт – құқық нормаларын бекітуге, өзгертуге немесе жоюға бағытталған, айқындалған тәртіпте қабылданатын мемлекеттік органның актісі. Прецедент - құзіретті мемлекеттік органның белгілі бір мәселе бойынша қабылдаған шешімінің осыған ұқсас өзге істерді қарағанда міндетті түрде қолданылуы. Прецедент әкімшілік және сот прецеденттері болып екі топқа бөлінеді. Англосаксондық құқық жүйесінде қолданылады. Әдет-ғұрып құқығы тарихи қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып, салт-дәстүр нормаларына мемлекеттік мәжбүр ету күші тағайындалатын құқық нысанының бір түрі. Қазіргі кезеңде көбінесе, діни-ғұрыптық құқықтық жүйелерде (мұсылман құқығы, иудаистік және индуистік құқықтарда)

танылған. Нормативті келісім – субъектілердің өзара мүддесін есепке алуды мүмкін ететін құқықтық қатынастар жүйесін жасайтын, әрі азаматтық қоғамның дұрыс өмір сүруін қамтамасыз ететін, оның субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайтын құқық нысаны. Нормативті келісім құқықшығармашылық субъектілерінің жаңа құқық нормасын қалыптастыратын келісімі болып табылады. Олар нормативті актілермен қатар қолданылуы мүмкін. Нормативті келісім халықаралық құқықта да маңызды роль атқарады.

Нормативті акт құқықтық актілер жүйесінде ерекше орынға ие болады. Нормативті-құқықтық актілер реттейтін қоғамдық қатынастарының сипатына немесе құқық саласына байланысты конституциялық, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, экологиялық және т.б. болып бөлінеді. Нормативті-құқықтық актілер әрекет ету аясына байланысты республикалық және жергілікті актілерге бөлінеді. Нормативті актілер оларды шығаратын субъектілеріне байланысты: мемлекет органдары актілері, мемлекетпен рұқсат етілген (санкцияланған) қоғамдық ұйымдардың актілері, өзін-өзі басқару органдарының актілері, тікелей халықтық ерік білдіру (референдум) актісі болып жіктеледі. Нормативті-құқықтық актілер әрекет ету мерзіміне байланысты ұзақ мерзімді және уақытша актілер болады.

Нормативті актілер заңдық күшіне байланысты үлкен екі топқа жіктеледі: заңдар және заңға бағынышты актілер. Заң - мемлекеттің жоғарғы өкілді органы немесе тікелей халықтық дауыс беру (референдум) арқылы қабылданған, қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерін реттейтін және жоғарғы заңдық күші болатын нормативті құқықтық акт. Заңға бағынышты акт - заң негізінде және заңға сүйене отырып қабылданатын, қоғамдық қатынастардың заңмен реттелмеген бөлігін қамтитын, міндеттілік күш болатын нормативті-құқықтық актінің бір түрі.

Құқық - заңтану ғылымының ұғымы ретінде, қоғамдық қатынастарды реттеуші, жалпыға міндетті, формальды-айқындалған, белгіленген тәртіппен қабылданатын, қоғамдық қатынастарды реттейтін мемлекет кепілдік берген мінез-құлық ережелері жүйесі.

Құқық жүйесі-бұл құқықтың құрылымдық элементтерінің ішкі құрылысы.

Құқықтық қатынас дегеніміз – мемлекеттік кепілдіктегі екі жақты құқықтары мен міндеттері бар қоғамдық қатынас.

Құқық бұзушылық-құқықтық нормалардың талаптарына қайшы келетін және құқық қабілеті бар (деликт қабілетті) адам немесе адамдар жасаған құқыққа қарсы, қоғамға қауіпті әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

Заңды жауапкершілік-бұл құқыққа қарсы әрекет жасағаны үшін кінәлі адамға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану.

Гипотеза - белгілі бір құбылысты түсіндіру үшін алға тартылатын және тәжірибе түрінде тексеруді және сенімді ғылыми теория болып қалыптасу үшін теориялық негізді талап ететін ғылыми болжам, дәлелденбеген тұжырымдама, жорамал.

Диспозиция-құқықтық норма жолданған субъект үшін рұқсат беруді, ұйғарымды немесе тыйым салуды қамтитын құқықтық норманың элементі. Осылайша, осы нормамен реттелген құқықтық қатынастарға қатысушылар ұстануға тиіс мінез-құлық ережесін қамтиды.

Санкция- құқықтық норманың бір бөлігі, шаруашылық және қаржы қызметін қалыпты жүргізу ережелерін, келісімді, шарттық немесе басқа да міндеттемелерді бұзушыларға қатысты мәжбүрлеу жолымен ықпал ету шаралары.

Нормативтік құқықтық акт - уәкілетті мемлекеттік органның (лауазымды адамның), өзге де әлеуметтік құрылымдардың (муниципалдық органдардың, кәсіподақтардың, акционерлік қоғамдардың, серіктестіктердің және т. б.) құзыреті шегінде немесе заңдарда белгіленген рәсімді сақтай отырып, референдум арқылы қабылданған, адамдардың белгісіз тобына есептелген жалпыға міндетті мінез-құлық ережелері белгіленген нысандағы ресми құжат.

Құқық нормасы-мемлекет кепілдік беретін, азаматтар мен ұйымдар арасындағы өзара құқықтары мен бостандықтарының деңгейін көрсететін, қоғамдық қатынастардың жиынтығы.

3 ТАҚЫРЫП. ҚР КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ НЕГІЗДЕРІ

3.1 Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы пәні, тәсілдері.

3.2 Конституция түсінігі, мәні және белгілері. Конституцияның заңдық қасиеті.

3.3 ҚР конституциялық құрылысының негіздері.

Дәріс мақсаты: Қазақстан Республикасының Конституциясының жалпы сипаттамасын беру. Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін ашу.

Кілт сөздер: конституциялық құқық, конституция, азамат, конституциялық міндеттер.

3.1 Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы пәні, тәсілдері және жүйесі.

Құқық өзінің кең мағынасында, адамдар арасындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін мемлекетпен бекітілген, жалпыға ортақ міндетті ережелер жүйесі әрі жиынтығы. Осындағы қоғамдық қатынастардың айырмашылықтары мен олардың өзара байланысына қарай әртүрлі салаларға бөлінеді. Конституциялық құқық қай мемлекетте болмасын,

барлық құқық салаларының ішіндегі негізгі, бастаушы құқық саласы болып табылады. Оны оқып-білудің маңыздылығы осында. Конституциялық құқық – жетекші құқық саласы. Сондықтан да оған басқа құқық салаларының ережелері қайшы келмеуі, әрі оған негізделуі керек. Конституциялық құқық – мемлекет пен қоғам өмірінің негізгі бастауларын реттейтін ережелер жиынтығы.

Конституциялық құқық – Қазақстан мемлекеті мен қоғамының құрылысын, мемлекеттік билікті ұйымдастыруды, азамат пен мемлекет арасындағы қатынастарды реттейтін құқық саласы.

Конституциялық құқық нормаларымен мемлекет пен қоғам өмірінің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалары реттеледі. Конституциялық құқық Қазақстан Республикасының құқық жүйесінің жетекші саласының бірі болып табылады. Конституция деген (термин) ұғым латынның *constitutio* деген сөзінен шыққан, жарлық, жарғы деген мағынаны білдіреді. Ең алғашқы конституция 1787 жылы АҚШ-та сонан соң 1789 жылы Францияда қабылданды. Конституция қоғам мен мемлекетте ең жоғарғы заңдық күші бар негізгі заң болып табылады. Конституциялық құқықтың қайнар көздеріне ҚР Конституциясы, ҚР конституциялық заңдары, ҚР заңдары, ҚР президентінің заңдық күші бар жарлықтары, Парламент пен үкімет шығарған заңдық актілер, ҚР басқа мемлекеттермен жасалған келісімдері, жалпыға танымал халқаралық нормативтік актілер, ҚР конституциялық кеңесінің актілері, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының актілері жатады.

Конституциялық құқықтық нормаларға құқықтық нормалардың барлық белгілері тән. Оларды мемлекеттік органдар қабылдайды. Олар қоғамдық қатынастарды ретке келтіретін құрал болып табылады. Олар басқада заң нормалары сияқты, екі: *реттеушілік* және *қорғаушылық* нормаларды атқарады. Реттеуші нормаларға құқықтық қатынас мүшелеріне субъективтік құқық беру және оларға заңдық міндеттеме жүктеу жолымен тәртіптің белгілі бір нұсқасын белгілейтін конституциялық-құқықтық нормалар жатады. Бұл, әсіресе, Конституцияның азаматтың құқымен бостандығы туралы бөлімінде анық көрінеді. Құқық қорғаушы нормаларға субъектілер тәртібін, олар тәртіпті бұзған жағдайда, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын белгілеу жолымен анықтайтын конституциялық – құқықтық нормалар жатады.

Конституциялық құқықтың нормаларын түсіну үшін конституциялық реттеуші нормаларды өкілеттік беруші, тыйым салушы, міндеттеуші нормаларға бөлудің айтарлықтай мәні бар.

Өкілеттік беруші конституциялық құқықтық нормалар субъективтік құқықты жағымды мазмұнда белгілейді. Жалпы айтқанда, субъектіге (мемлекеттік органға, қоғамдық бірлестікке, азаматтарға) қандай да бір жағымды әрекет жасауға құқық береді.

Конституциялық заңдарда *тыйым салатын* нормалар да бар. Олар адамдардың белгілі бір қасиеттегі әрекеттеріне ұстамдылық

жауапкершілігін белгілейді. Тыйым салушы конституциялық нормалар мемлекеттің конституциялық негіздерін, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қорғауды көздейді.

Міндеттеуші конституциялық нормалар адамдардың, қоғамдық бірлестіктердің, мемлекеттік органдардың белгілі бір жағымды әрекеттер жасау жауапкершілігін белгілейді. Конституция Парламент Палаталары Төрағаларына бірқатар жауапкершілік жүктейді. Сондай-ақ азаматтардың да конституциялық жауапкершілігін есте сақтаған жөн.

3.2 Конституция түсінігі, мәні және белгілері. Конституцияның заңдық қасиеті.

Конституция басқа заңдарға қарағанда, мемлекеттің негізгі заңы болып табылады. Онда қоғам мен мемлекет өмірінің барлық жағы бастапқа құқықтық үлгіге ие болатындықтан, өз мазмұны бойынша конституциялық нормалар жалпыланған ережелер болып табылады. Ал өмірде жүзеге асуында қоғамдық қатынастарды қамтуы бойынша және өкілетті міндетті субъектілер шеңберінің кеңдігіне байланысты әрекет етуінде бастапқы орынға ие. Бұл Конституция нормаларының басқа да заңшығармашылық салаларына норма-қағида ретінде ықпал ететіндігін көрсетеді, яғни ол құқықтық нақтылау базасы болып табылады.

Конституцияның заңдық қасиеттері, оның өзге нормативтік-құқықтық актілерден ерекшеліктері:

- Конституция мемлекет пен қоғам өмірінің ұйымдасу қағидаларын бекітіп, мемлекеттілікті жариялайды;

- Мемлекеттік билікті заңды түрде құжаттайды;

- Жоғарғы заңдық күшке ие;

- Конституцияға басқа заңдар және заңға бағынышты актілер қайшы келе алмайды;

- Конституция тікелей әрекет ету актісі, ол қоғамдық қатынастарды тікелей реттейді және толықтырма нормативтік актілерді қажет етпейді;

- Конституция мемлекет аумағының барлық жерлеріне бірдей таралады;

- Құқық субъектілерінің барлығына бірдей міндетті;

- Конституция ережелерін бұзушылар әртүрлі жауапкершілік түрлеріне тартылуы мүмкін;

- Конституция тұрақтылығымен, өзгерістердің ерекше тәртіппен енгізілуімен ерекшеленеді.

Конституция дегеніміз мемлекет пен азаматтардың, азаматтардың өзара қатынастарын реттейтін, мемлекеттік органдар жүйесі, қоғамдық құрылыс пен мемлекеттік құрылымды бекітетін жоғарғы заңдық күші бар нормативтік акт.

Конституция мемлекеттің негізгі заңы ретінде мынандай қызметтер атқарады:

- 1) Құқықтың басты қайнар көзі ретінде заңдық қызмет атқарады;
- 2) Идеологиялық қызметі. Қоғамдағы ең жоғарғы құндылық адам өмірі, құқықтыры мен бостандықтарын дәріптейді;
- 3) Мемлекеттік билікті жүзеге асырудың құқықтық негізін анықтайды;
- 4) Экономикалық қызметі. Конституция елдегі меншіктің формалары мен меншіктік қатнастарды анықтайды;

Конституцияның басқа нормативті құқықтық актілерден бірнеше қасиеттерімен ерекшеленеді:

- 1) Конституцияның үстемдігі; Ол ең жоғарғы заңдық күші бар, нормативті акті. Конституцияның үстемдігін сол конституцияның өзі бекітеді.
 - 2) Құрылтайлық сипаты, конституция мемлекеттік құрылыс пен мемлекеттік биліктің формасын бекітеді;
 - 3) Конституция тура және тікелей әрекетімен сипатталады, оның нормалары заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің органдары үшін міндетті болып табылады;
 - 4) Конституцияны қабылдау мен өзгертудің ерекше тәртібінің болуы; конституцияны қабылдау, оған толықтырулар мен өзгертулер енгізу тек конституцияда бекітілген ерекше жолмен, оған құзіреті бар органның еркімен жүзеге асады;
 - 5) Конституцияны құқықтық қорғау; яғни конституциялық заңдылықты сақтау
- Конституцияның негізгі қағидаттары (принциптері):
 - 1) Экономикалық қағидат
 - 2) Демократиялық қағидат
 - 3) Билікті бөлу қағидаты
 - 4) Қазақстандық патриотизм қағидаты

3.3 ҚР конституциялық құрылысының негіздері.

Қазақстан Республикасының қазіргі конституциясы бесінші ата заң болып табылады. (1926ж., 1937ж., 1978ж., 1193ж., 1995ж.) Қазіргі қолданыстағы конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдум арқылы қабылданған. Конституция кіріспеден (преамбуладан), негізгі мәтіннен, қорытынды және өтпелі ережелерден тұрады. Кіріспеде Ата Заңды қабылдаудың себептері мен мақсаты айтылады. I-бөлім «Жалпы ережелер» деп аталып, Қазақстан республикасының конституциялық құрылымына жалпы сипаттама береді. II бөлім «Адам және азамат» деп аталады. Ол Қазақстан Республикасындағы тұлғаның конституциялық мәртебесін айқындайды. «Президент» деп аталатын III бөлім мемлекет басшысының мәртебесін ашады. IV –VIII бөлімдерде мемлекеттік органдардың (Парламент, Үкімет, соттар т.б.) мәртебесі, қызметі туралы айтылады. «Қорытынды

және өтпелі ережелер» деп аталатын IX бөлім жаңа Конституцияны күшіне енгізу нормаларын бекітеді.

Конституциялық құрылыс деп қоғам мен мемлекеттің саяси және әлеуметтік-экономикалық ұйымын, ондағы жеке адамдардың конституция нормаларымен бекітілген қоғамдық қатнастарының жиынтығын айтамыз.

Президент - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда мемлекет атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

Парламент - заң шығару билігін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган. Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған сәттен басталып, жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысқа кіріскен кезден аяқталады.

Сот - сот төрелігін жүзеге асыру, құқық бұзушыларға мәжбүрлеу шараларын қолдану жолдарымен қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтан қорғайтын мемлекеттік орган.

Сот билігі - сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады.

Үкімет- атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

Сайлау жүйесі - бұл саяси билікті заңды түрде қалыптастыруды қамтамасыз ететін ережелердің, әдістер мен қағидалардың жиынтығы.

Азаматтық-адам мен мемлекеттің өзара құқықтарының, міндеттері мен жауапкершілігінің жиынтығында көрінетін құқықтық байланысы.

Саяси партия - мемлекеттегі саяси билікті иелену немесе оған мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында өз өкілдері арқылы қатысуға тікелей алдына қойған адамдардың біріккен тобы.

Діни бірлестіктер - діни сенімді уағыздау, тарату мақсатында құрылған. Осы мақсатқа лайықты белгілері: дін тұту, құдайға құлшылық ету, басқа діни салттар мен ырым-жоралғылары бар, сондай-ақ дінге үйрету және өз ізбасарларына діни тәрбие беруге ұмтылатын азаматтардың ерікті бірлестігі.

Азаматтық қоғам - мемлекеттік билік жүйесінен тәуелсіз, белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған жеке немесе заңды тұлғалардың ерікті бірлестігінен көрініс табатын қоғамдық қатынастарының жиынтығы.

Қоғамның саяси жүйесі-билікті (үкіметті) жүзеге асыруға және қоғамды басқаруға байланысты саяси субъектілердің өзара іс-

қимылдарының (қатынастарының) бірыңғай нормативтік-құндылық негізінде ұйымдастырылған жиынтығы.

4 ТАҚЫРЫП. ҚР ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ.

4.1 Әкімшілік құқық: пәні, тәсілдері және жүйесі. Әкімшілік құқықтық қатынастардың ерекшеліктері.

4.2 Әкімшілік жауапкершілік, әкімшілік жазалар.

Дәріс мақсаты: Қазақстан Республикасы атқару билігінің орталық және жергілікті органдарын зерттеу. Мемлекеттік қызмет: түсінігі, өткеру принциптерін ашу.

Кілт сөздер: әкімшілік құқық саласы, атқарушы билік, басқарушылық қызмет, құқық атқарушылық, құқық орындаушылық.

4.1 Әкімшілік құқық: пәні, тәсілдері және жүйесі. Әкімшілік құқықтық қатынастардың ерекшеліктері.

Әкімшілік құқық ҚР құқық жүйесінің саласы, ол қоғамдық қатынастардың ерекше топтарын реттеуге бағытталған. Оның негізгі ерекшелігі мемлекеттік басқару аумағында болады және аяқталынады, яғни, ҚР-ның мемлекеттік әкімшілік – аумақтық бөліністерде атқарушы биліктің жүйесін ұйымдастыру және қызмет етуімен байланысты. Мұндай қатынастар өзінің сипатына қарай әр түрлі және олар әкімшілік құқық пәнін құрайды. Бұл қоғамдық қатынастар мемлекеттік-басқарудың қызметімен байланысты, сондықтан ол басқарушылық деп аталады.

Әкімшілік құқықтың реттеушілік рөлінің басты сипаттамасы мен ерекшеліктері атқарушы билік жүйесінің қызмет етуінен көрінеді. Сонымен, әкімшілік құқық Конституцияның және заңды күші бар заңдардың негізінде ҚР атқарушы билік субъектілеріне, билік тармақтарының бөлінуіне байланысты, міндеттерін, функцияларын тәсілдер және өкілеттіктерді жүзеге асыратын заңдылық нысан ретінде болады. Сондықтан әкімшілік құқық, мемлекеттік – басқарушылық қызметке тән барлық ерекшеліктерді айқын көрсетуі және өзінің тағайындалуына байланысты басқарушылық құқық (немесе басқару құқығы) болып саналады. Мемлекеттік басқару аумағында белгіленген мінез-құлық ережелерін бекіте отырып, ол басқарушылық қоғамдық қатынастарға құқықтық қатынас сипаттамасын береді.

Әкімшілік құқық саласы, өзінің пәні шеңберінде атқарушы билік субъектілерінің конституциялық тағайындалуына байланысты ұйымдастырылуының, сонымен де реттелеген басқарушылық қатынасқа қатысатын барлық қатысушылардың мінез-құлықтарының құқықтық режимін жасайды.

Осыларға байланысты әкімшілік құқықты, бірнеше функцияларға бөлуге болады:

-құқық атқарушылық;

-құқық орындаушылық;

-құқық шығармашылық және құқық қорғаушылық. Соңғысы құқықтық режимнің сақталуын және реттелінген басқарушылық қатынастар шеңберінде тараптардың заңды құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етеді. Сонымен, әкімшілік құқық, құқық жүйесінің бір саласы, атқарушы билікті тәжірибелік түрде жүзеге асыруымен және пайда болуымен байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған құқық нормаларның жиынтығы (кең көлемде мемлекеттік басқарушылық қызметті жүзеге асыру процесі) болып саналады.

Әкімшілік құқықтың пәні болып оның нормаларымен реттелетін мемлекеттік басқару өрісіндегі қоғамдық қатынастар тұрады. Бұл жалпы түсініктемені нақтылап айтатын болсақ, әкімшілік құқық пәніне:

-атқару билік органдарын ұйымдастырумен байланысты;

-әкімшілік билік органдарының азаматтармен, мемлекеттікпен мемлекеттік емес ұйымдармен басқару және әрекетесуі барысында әкімшілік өкілеттіктерін пайдалану кезінде туындайтын қоғамдық қатынастар жатады.

Реттеші функциясын жүзеге асырған кезде әкімшілік құқық бұл мақсатта басқару қоғамдық қатынастарға, яғни, оларда катысушы тұлғалардың мінез-құлқына реттеуші ықпал етудің белгілі құқықтық құралдары мен тәсілдердің жиынтығын пайдаланады. Осыған сүйене, оларды қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің әдістері дейміз.

Ол әдістерге төмендегілер кіреді:

А)міндеттеу-нормамен белгіленген шарттарда әрекет оның талаптарына толық сәйкес етілуін тікелей міндеттілігін жүктеу;

Б)тыйым салу- белгілі құқықтың тұрғысынан жол беруге болмайтын әрекеттерді жасаудан бас тартуды талап ету;

В)рұқсат ету – тұлғаларға қалағанын істеуге емес, бәлкім нақты нормамен белгіленген шарттардың шеңберінен шыға алмайтын, онымен алдын ала ескерілген жүріс-тұрыс варианттардан біреуін дербес таңдаудың мүмкіндігін беру.

Әкімшілік құқықтың жалпы және ерекше бөлімдері ажыратылады.

Жалпы бөлімінде: әкімшілік құқықтың негізгі институттары (белгілі бір қоғамдық ережелерді қамтитын құқық нормаларының жиынтығы) оқытылады. Оларға әкімшілік құқығына кіріспе, әкімшілік-құқықтық нормалары мен қатынастары, әкімшілік құқықтың субъектілері, атқару билік органдары, мемлекеттік қызмет, басқарудың нысандары мен әдістері, т.б. жатады. Бұнымен бірдей, осы құқықтық саланың мәні мен орны, атқару билік органдарының мәртебесі анықталады, ҚР-сының заңдарын орындауды ұйымдастыру, әкімшілік процес пен әкімшілік ықпал ету шараларын қолданудың шарттары, әкімшілік іс-әрекеттегі заңдылық белгіленеді.

Ерекше бөлімінде: әкімшілік құқық институттары мен мемлекеттік өмірдің жекелеген өрістеріндегі (мемлекеттік меншікпен, ағартумен, тағы басқалармен басқарудағы) институттарды бірлестіруші нормалар оқытылады.

Әкімшілік құқықтың қайнар көздері - бұл әкімшілік құқықтық нормалардың сыртқы кескінделген нысаны.

Оларға әртүрлі мемлекеттік органдардың заңдылық актілері, яғни нормативтік құқықтық актілер жатады.

Әкімшілік құқық нормалардың көпшілігі, ҚР әкімшілік құқығының қайнар көзінің көптеген қоғамдық қатынастарды реттеуімен анықталады.

Оның қатарында заң шығарушы, атқарушы билік және де осы органдарда бекітетін ережелер, нұсқаулар, жарғылар және т.б. жатады

Әкімшілік құқықтық қайнар көздеріне мыналар жатады.

- ҚР Конституциясы;
- ҚР Конституциялық заңдары;
- ҚР Заңдары;
- ҚР Президентінің заңды күші бар жарлықтары және өкімдері;
- Халықаралық шарттары;
- Парламент Жоғары Соттың нормативтік қаулылары;
- Үкімет қаулылары;
- Жергілікті атқарушы және уәкілді органдардың нормативтік актілері;
- Министірліктердің нормативтік актілері.
- ҚР Конституциясының 4-бабының 3-тармағына сәйкес әкімшілік құқықтың қайнар көзі ретінде халықаралық шарттар да саналады.

Әкімшілік-құқықтық қатынас - бұл басқару аумағында болатын әкімшілік құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар.

Әкімшілік-құқықтық қатынас құқық қатынастарының бір түрі болғандықтан, өзіне тән ерекшеліктері бар.

Бұл ерекшеліктер мынада: әкімшілік-құқықтық қатынас басқару аумағында болады, яғни, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-мәдени және шаруашылық аумақтардың, және басқа да басқарушылық қызметте нақты, күнделікті қызметті басқаруды жүзеге асыруда болады.

Әкімшілік құқықтық қатынастарының элементтері (құрамдық бөліктері) болып мыналар саналады:

- субъектілер;
- объектілер;
- заңды фактілер.

Әкімшілік құқық қатынастардың субъектілері болып әкімшілік құқықтар мен міндеттерге иеленгендер саналады, оларға:

- Қазақстан Республикасының азаматтары;
- шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар;
- мемлекеттік органдар, олардың құрылымдық бөлімшелері, кәсіпорындары, мекемелері және басқа да мемлекеттік ұйымдар.

- әкімшілік міндеттер мен құқықтарға иеленген мемлекеттік қызметшілер, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері.

Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық қабілеттілігі олардың туған кезінен, ал мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер, қоғамдық және басқа құрылымдар - олардың белгіленген тәртіпте құрылуымен және уәкілетті органда тіркелгеннен басталады.

Әкімшілік құқықтық норманы реттеудің жалпы объектісі болып, басқа да құқық нормалары сияқты қоғамдық қатынастар, ал нақты объектісі болып субъектілердің мінез-құлқы саналады. Әрбір нақты әкімшілік құқық қатынаста, құқық объектісімен байланысты тараптарға берілген құқықтары мен жүктелген міндеттерді жүзеге асырады. Сондықтан, объект - бұл не үшін пайда болатын құқықтық қатынас.

Әкімшілік құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру олардың мінез-құлқы және (заңды немесе заңды емес) сонымен бірге мұндай қатынастар заттар, шығармашылық қызмет өнімдері, сонымен бірге материалдық емес құндылықтар жөнінде де пайда болады. Бірақ бұндай жағдайларда әкімшілік-құқықтық қатынас объектілері болып тараптар әрекеті саналады, ол заттар шығармашылық қызмет өнімдері және жеке материалдық емес құндылықтар – құқықтық қатынас заттары болады.

Заңды фактілер. Әкімшілік құқық қатынастардың пайда болу, өзгеру және аяқталуының негізі болып саналады, яғни, бұл құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі және аяқталуымен болатын фактілері.

Заңдылық фактілер, адамдардың өз еріктерін білдіру нәтижесінде пайда болады. Бұндай, фактілер ерікті деп аталады (мысалы, азамат лауазымды адамның әрекетіне байланысты шағым беру).

Әкімшілік құқықтық қатынас тек адамдардың әрекетінен байланысты болмайды, ол белгілі бір заңдылық мағынасы бар жағдайлардың келуімен де болады.

Заңдылық жағдай – бұл ерікті емес заңдылық фактілер (мысалы, азаматтың 16 жасқа толуына байланысты ПО -на төл құжат алу туралы өтініш жазуға, ал ПО оған төл құжат беруге байланысты құқысы мен міндеті туады).

Ерікті және ерікті емес заңдылық фактілердің бір-бірінен айырмашылығы мынада, біріншісі адамадардың еркіне байланысты пайда болуы.

Әкімшілік құқықтық қатынастың екі тараптық сипаттамасы бар: субъектінің құқығы, екіншісінің міндеттеріне сәйкес келуі және керісінше.

Құқықтық қатынасқа қатысушының екеуіде мемлекетпен байланысты, өйткені ақырғысы субъектілердің құқықтарымен міндеттерін бекіте отырып, олардың жүзеге асыруына кепілдік береді.

4.2 Әкімшілік жауапкершілік, әкімшілік жазалар.

Заңды жауапкершілік, соның қатарында әкімшілік жауапкершілік те мемлекеттің құқықбұзушылыққа қарсы жауабы болып, оның маңызы құқықбұзушы көпке танымалы азаптарға дұшар болу міндеттілігіннен тұрады.

Әкімшілік құқықбұзушылық жасау айыпкерлерге осыған қабілетті мемлекеттік органдармен қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасына әкеп соғады .

Әкімшілік жауапкершілік түрлері Президентпен, Парламентпен және Үкіметпен белгіленеді.

Әкімшілік жауапкершілікті ретке келтіруші нормативтік –құқықтық акті деп ҚР-сы әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодекс танылған. Кодекстің жалпы бөлімінде әкімшілік жауапкершілік институтының негізгі ережелері жазылып, арнайы бөлімінде-әкімшілік құқық бұзушылықтардың бөлінуі мен оларды істегендер үшін әкімшілік жазалардың нақты түрлері белгіленген.

Жауапкершілікті жоятын немесе жеңілдік беретін актілер кері күшке ие. Демек, бұндай актілер шығар алдыннан да істелген құқық бұзушылықтарға таратылады. Жауапкершілікті аурлататын актілер кері күшке ие болмайды.

Солай етіп, әкімшілік жауапкершілік бұл әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға қолданылатын әкімшілік жазалар болады. Сонымен бірдей, заңды жауапкершіліктің басқа түрлерінен айырмашылығында әкімшілік жауапкершілік өзіндік белгілеріне ие: мысал, қылмыстық жауапкершіліктен оның айырмашылығы келесіде - ол тек сот пен ғана емес, мемлекеттің басқа да өкілетті органдарымен қолданылуы мүмкін; ол сотталғандыққа әкеп соқпайды; оның ескіру мерзімінде және іс жүргізу ережелерінде де айырмашылықтары бар .

Әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлға материалды зиян келтіруі шарт емес (ал азаматтық құқықтық процесте бұл белгі негізгілердің бірі болып тұрады).

Әкімшілік жауапкершілік барлық азаматтар үшін міндетті болып, олардың жұмыс істеу қызметінен тәуелсіз.

Әкімшілік құқықбұзушылық – бұл жалпы міндетті әкімшілік – құқықтық нормаларды бұзатын және әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқтыратын құқыққа қайшы, қоғамдық қауіпті, кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік болып тұрады.

Әрекет түріндегі әкімшілік құқықбұзушылық – бұл өзіне тиісті міндеттерді, заңды талаптарды белсенді орындамаушылық немесе тыйым салынған әрекеттерді жасау (көкнәр егу).

Әрекетсіздік болса міндеттерді пассивті түрде орындамаушылық болып тұрады.

Әкімшілік жауапкершіліктің негізі әкімшілік құқықбұзушылықты жасау фактісінің өзінде. Әкімшілік құқықбұзушылықтың белгілеріне: 1) құқыққа қайшылық; 2) кінәлілік; 3) әкімшілік жазалануға жату; 4) қоғамдық қауіптілік кіреді.

Құқыққа қайшылық – бұл құқық нормаларын бұзатын әрекетті жасау.

Кінәлілік – әрекеттің кінәлілігі-оның қасақана немесе абайсыздықпен жасалуында. Айып бары–әкімшілік құқықбұзушылықтың міндетті белгісі.

Әкімшілік жазалануға жату - бұл заңдармен әкімшілік жауапкершілікке жатады деп көрсетілген әкімшілік құқықбұзушылықты жасау.

Әкімшілік құқықбұзушылықтар қылмыстық құқықбұзушылықтармен бірдей объектілерге бағыттылған болып, (мысалы, бұзақылық, жол қозғалысы ережелерін бұзу) олардан тек қоғамдық қауіптілік дәрежесімен ғана (ауыр болуымен) ажыратылады.

Әкімшілік құқықбұзушылықтың барлық белгілері болғанымен, әрекетте әкімшілік бұзушылықтың құрамы болмауы мүмкін (мысал, айыптының 16 жасқа толмауы).

Әкімшілік құқықбұзушылық құрамы – бұл құқық нормаларымен анықталған, әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқтыратын қоғамға қауіпті әрекеттер белгілерінің бірлестігі.

Әрекет тек құқықбұзушылық құрамына кіретін барлық белгілері бар жағдайда ғана құқықбұзушылық деп есептеледі. Бұл белгілерге құқықбұзушылықтың объектісі, объективтік жағы, субъективтік жағы, субъектісі кіреді. Бұл элементтерден бірінің болмауы жалпы құрам болмауына әкеп соғады.

Әкімшілік құқықбұзушылықтың объектісі болып құқықтың әр түрлі салаларындағы нормаларымен ретке келтірілетін және әкімшілік жауапкершілік шараларымен қорғалатын қоғамдық қатынастар болып тұрады.

Объективтік жағы әкімшілік құқықбұзушылықтың сыртқы көрінісін, әрекеттің мазмұнын сипаттайды.

Көп жағдайларда құқықбұзушылықтың құрамындағы белгілер ерекше маңызға ие болады: істеу әдісі, жайы (қоғамдық жер, ұшақ іші), уақыты (түнгі), келтірілген зиян мөлшері. Кейбір кездерде бұл әкімшілік немесе қылмыстық заң нормаларының қолданылуын анықтайды.

Құқықбұзушылық субъектісі оны жасаған тұлға, басқа сөзбен айтқанда, осы құқықбұзушылық үшін заңдарға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартуға жататын тұлғалар болады.

Әкімшілік жауапкершілік субъектісінің жалпы және арнайы белгілері ажыратылады. Жалпы белгілер – бұл 16 жасқа толу және жауапты болуға қабілеттік. Әкімшілік жауапкершілікке тартылатын тұлға осы белгілерге ие болу тиіс.

Арнайы белгілерге ие субъекті арнайы субъекті болып есептеледі. Оны осы ретте жауапкершілікке тарту үшін құқықбұзушылық құрамына қосымша белгілер енгізіледі: 1) тұлғаның лауазымды адам болуы немесе оның қызмет түрі (лауазымды адам, автомобиль жүргізушісі); 2) құқықтық статусының ерекшелігі (әскери, ата-ана, шетелдік болу); 3) өткенде құқыққа қайшы мінез –құлқы (әкімшілік бақылаудағы тұлға) болу.

Субъективтік жағы – бұл субъектінің жасалған құқықбұзушылыққа, онымен келтірілген зияндарға өзінің психологиялық қатынасы. Кінә қасақана немесе абайсыздық нысандарында болу мүмкін.

Қасақана әрекет немесе әрекетсіздік – бұл әрекет жасаған тұлға оның сипатын, зиянды зардаптарын біле тұра, олардың жүзеге асуын тілей отырып немесе олардың болмай қоюын алдын ала біле тұра жасауы.

Әкімшілік құқықбұзушылық абайсыздықпен істелді деп тұлға істелетін іс-әрекеттің зиянды салдарының болу мүмкін екенін алдын ала білсе де менмендікпен ондай салдар болмас деп сеніп, немесе салдары болуы мүмкін екенін болжап білмесе де, бірақ, оларды болжауға тиісті немесе болжай алатын болғанда танылады.

Кінә – субъективтік жақтың міндетті белгісі.

Әкімшілік жаза дегеніміз - әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға заңмен белгіленген тәртіппен мемлекеттің уәкілетті органы немесе лауазымды тұлға қолданатын мемлекеттік әсер ету шарасы. Әкімшілік жазалар құқық бұзушыға моральдық не материалдың әсер етуді көздейді. Әкімшілік жазаның мақсаттары төмендегідей:

-әкімшілік заң нормасымен қарастырылған әрекеттер үшін тиісті жауаптылық шарасын тағайындау.

- әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды заңды сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында қайта тәрбиелеу.

-әкімшілік құқық бұзушылық жасаудан сақтандыру, алдын алу.

Мерзімі бойынша әкімшілік жазалар: бір реттік (разовый), бір мерзімдік (единовременный), созылмалы, негізгі және қосымша болып бөлінеді.

Әкімшілік жазалар тағайындау арқылы әкімшілік құқық бұзушылық субъектілерінің белгілі бір құқықтарынан айырады.

Ескерту, айыппұл, әкімшілік қамау – тек негізгі жаза ретінде қолданылады.

Белгілі бір қызмет түріне патент, лицензиядан айыру, арнаулы құқығынан айыру, сондай-ақ шетелдіктерді не азаматтығы жоқ тұлғаларды әкімшілік жолмен кетіру - негізгі және қосымша жаза ретінде тағайындалуы мүмкін.

Қағидалар - әкімшілік жазаны тағайындауға негіз болатын негізгі идеялар мен бастамалар. Қағидалар сақталса әкімшілік жазаларды тағайындауда қате, кемшілік жіберуден сақтануға болады. Олар:

- заңдылық
- мақсатқа сәйкестілік
- дер кезде болуы, жеделдік
- құқық бұзушылықтар жыйынтығы үшін салынатын жазалардың біріктірілуі.

Әкімшілік жаза тағайындағанда әкімшілік жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән- жайлар ескеріледі.

Әкімшілік құқық-бұл мемлекет органдарының атқарушы билікті жүзеге асыруы процесінде мемлекеттің жария функцияларын орындау бойынша мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың басқару қызметі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық саласы

Азаматтардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі – бұл азаматтардың қоғамдағы жағдайын заңды түрде бекіту арқылы, субъективті құқықтар мен заңдық міндеттерді жүктей отырып, азаматтардың әкімшілік-құқықтық нормалармен бекітілген кепілдіктері мен жауапкершілігінің кешені.

Әкімшілік теріс қылық - адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, сонымен қатар, қоғамдық қатынастар жиынтығын реттеуге және басқаруға қарсы жүзеге асырылған әрекет немесе әрекетсіздік.

Әкімшілік құқық бұзушылық субъектілері –ҚР ӘҚБтК нормаларына сәйкес, жауапкершілікке тартылуға жататын жеке және заңды тұлғалар жиынтығын құрайды.

Әкімшілік құқық қабілеттілігі – ҚР ӘҚБтК көзделген нормаларға сәйкес, жүзеге асырылатын құқықтық қатынастарының жиынтығы десек, адам және азаматтарға жалпы құқық қабілеттілік тумысынан беріледі немесе жүзеге асады.

Әкімшілік әрекетке қабілеттілігі — заңды тұлғаның немесе азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарды иеленуге және оны жүзеге асыруға, өзіне азаматтық міндеттер белгілеп, оларды орындауға қабілеттілігі.

Әкімшілік жауапкершілік — азаматтар мен лауазымды адамдардың немесе жеке және заңды тұлғалардың өздерінің әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттері үшін заң алдындағы жауапкершілігінің жиынтығын құрайды. Әкімшілік жауапкершілік жеке және заңды тұлғалардың өзі құқық бұзған уақытта және территорияда қолданылатын заңдар негізінде жүзеге асырылады.

Әкімшілік алымдар-заңды және жеке тұлғалардың белгілі бір мақсаттары немесе мүдделерінің салдарынан туындайтын әкімшілік іс-әрекеттері үшін алынатын алым.

Мемлекеттік қызмет - бұл мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға

бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау жөніндегі мемлекеттік органдардағы қызметі.

Мемлекеттік басқару - мемлекеттік билік органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының қоғам игілігі үшін әзірленген жоспарды іс жүзінде іске асыру және мемлекетті нығайту жөніндегі қызметі.

Лауазымды тұлға - мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қарулы күштер жүйесінде арнайы құзыреттілікпен тұрақты немесе уақытша билік өкілі қызметін не болмаса (мекеме, кәсіпорындарда) ұйымдастыру-басқару, әкімшілік-шаруашылық қызметін атқаратын адам.

5 ТАҚЫРЫП. ҚР ҚАРЖЫ ҚҰҚЫҒЫ НЕГІЗДЕРІ

5.1 Қаржы құқығының пәні, тәсілдері, жалпы сипаттамасы.

5.2 Қаржылық бақылау.

5.3 Салықтар және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер, түсінігі және түрлері.

Дәріс мақсаты: Қаржы құқығының мәнін ашу, қаржылық бақылау, салықтар және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер, түсінігі және түрлерін талқылау

Кілт сөздер:Қаржы, қаржылық бақылау, салық, төлемдер, бюджет.

5.1 Қаржы құқығының пәні, тәсілдері, жалпы сипаттамасы.

Қаржы құқығы мемлекеттің дамуының әрбір нақты кезеңінде оның міндеттері мен қызметтерінің үздіксіз атқарылуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттің қаржылық қызметінің барысында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Мемлекеттің қаржылық қызметі түрлі әдістердің көмегімен іске асырылады. Осындай әдістердің бірі ақшалай қаржы жинау, яғни, жеке және заңды тұлғалардың табысының, пайдасының бір бөлігі заңда көрсетілген мерзім мен мөлшерде мемлекеттің бюджетіне түседі. Бюджетке аталған түсімдердің уақытында төленуін мемлекеттің арнайы органдары бақылап отырады. Белгіленген мөлшерде, бюджеттік емес қорларға да міндетті жарнамалар жіберіледі, мысалы зейнетақы жинақтау қорларын айтуға болады. Мемлекеттік мекемелердің халыққа көрсеткен қызметтері үшін алынатын мемлекеттік баждар мен алымдар да міндетті түрде мемлекеттік бюджетке түседі. Ақшалай қаржыны бөлу мен пайдаланудағы негізгі әдістердің бірі қаржыландыру мен несие беру әдістері. Қаржыландыру ол жоспарлы, мақсатты, қайтарымсыз, ақысыз мемлекеттік бюджеттен берілетін ақшалай қаражат, яғни бюджет қаражатын алушыларға осы қаражатты бөлу. Ал керісінше, несие беру банкілік қарыз түріндегі жоспарлы, мақсатты, ақылы және белгіленген мерзімде қайтарылатын, пайызбен берілетін ақшалай қаржы.

Мемлекеттің қаржылық іс-әрекет және қаржылық бақылаумен айналысатын көптеген органдары бар. Оларға мемлекеттік биліктің жоғарғы өкілетті және атқару органдары. Мәжіліс пен Сенат, Үкімет, Қаржы министрлігі, Ұлттық Банк, Сенат палатасы, Қазыналық, салық комитеттері, салық полициясы, басқа да көптеген қаржылық бақылауды іске асыратын әр түрлі инспекциялар жатады.

Мемлекеттік емес кәсіпкерліктен басқа тірлікпен айналысатын субъектілердің қаржылық-шаруашылық жағдайын тексеруді мемлекеттік емес тексеру-бақылау органдары - аудиторлар жүзеге асырады.

Мемлекеттің қаржылық іс-әрекетінің барысында материалды және ұйымдастырушылық сияқты екі түрлі қаржылық қатынастар қалыптасады.

Материалды қаржылық қатынастар мемлекеттік ақша қорларын қалыптастыру және бөлу үрдісін, ақшалай қаржылардың қозғалысын қосымша реттейді. Бұл қатынастар нақты ақшаның төлеушілерден мемлекеттік қорға не болмаса, керісінше, мемлекеттік қордан оны алушыларға қарай бағытталуымен байланысты. Мысал ретінде мемлекеттік бюджетке түсетін салық, салық төлеушіден мемлекеттік бюджетке барса, керісінше мемлекеттік бюджеттен бөлінетін зейнеткерлерге төленетін зейнетақы, жетім балаларға төленетін көмек ақылар бюджеттен азаматтардың әлеуметтік мұқтаждықтарына бағытталады.

Ұйымдастырушылық, қаржылық қатынастар мемлекеттің ақша, қаржы жүйелерінің, қаржыны мемлекеттік басқару жүйесінің, қаржылық жоспарлауды ұйымдастыруды, мемлекеттік қаржылық бақылауды ұйымдастыру барысында қалыптасады. Бұл қатынастар экономикалық сипатта болмағандықтан ақша қаржыларының қозғалысын жанамаламайды. Бірақ, олар материалды қаржылық қатынастардың қалыпты қызметін қамтамасыз етеді. Егер материалды қаржылық қатынастардың негізгі нысаны ақша болса, ұйымдастырушылық қаржылық қатынастардың нысаны мемлекеттік қаржылық құрылым болып табылады.

5.2 Қаржылық бақылау

Қаржылық бақылау мемлекеттің қаржылық іс-әрекетінің ақша-қаржы ағымын, бюджеттің қазынасын қатаң сақтау мен бақылауға бағытталған маңызды бір бөлігі. Қаржылық бақылау барынша күрделі жүйе және ол төмендегідей бірнеше бөліктерден тұрады: 1) бақылау субъектісі; 2) бақылау объектісі; 3) бақылау заты; 4) бақылаудың мақсаты; 5) бақылауды іске асырудың әдістері.

Қаржылық бақылаудың субъектісі болып қаржылық бақылауды іске асыруға құзыреті бар арнайы мемлекеттік не мемлекеттік емес органдар, лауазымды адамдар табылады. Сондықтан, тікелей тексеруші қаржылық

бақылаудың субъектісі, ал тексерілуші объектісі болады. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың объектісіне осы бақылаудың шеңберіне ілінген тұлғалар, нақты айтсақ: 1) мемлекеттік органдар; 2) мемлекеттік заңды тұлғалар; 3) мемлекеттік емес заңды тұлғалар; 4) азаматтар жатады.

Қаржылық бақылаудың заты (тақырыбы) қаржылық, қатынастардың субъектісі ретінде өзінің міндеттерін атқару тұрғысынан қарағандағы, бақылау объектісінің іс-қимылы (әрекет не әрекетсіздік).

Қаржылық бақылаудың мақсаты: біріншіден, қаржылық құқықтық қатынасқа катысушылардың өздерінің қызметтік міндеттерін сапасыз атқаруын және олардың қаржы саласындағы құқық бұзушылық фактілерін анықтау; екіншіден, кінәлілер мен айыптыларды тауып, оларды заңнамаларда көрсетілген тәртіп бойынша жауапқа тарту; 3) қаржылық тәртіп бұзушылықты және оның салдарларын жою.

Материалды мағынасында бюджет мемлекеттің ақша қоры. Осы тұрғыдан қарағанда бюджет дегеніміз мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржымен қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры. Құқықтық, санат мағынасында бюджет көмегімен орталық және жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік ақша қорының қалыптасуының және бөлінуінің қаржылық, жоспары бекітілетін қаржылық-құқықтық акті.

Бюджет үрдісінде туындайтын қатынастар бюджеттік қатынастар деп аталады. Бюджетті жоспарлау, қарау, бекіту, атқару, нақтылау, түзету жөніндегі, бюджеттің атқарылуы бойынша бюджет есебі мен есептілігін жүргізу мемлекеттік қаржы бақылауы, сондай-ақ байланыстырылған гранттарды жоспарлау мен пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының бюджет заңдарымен реттелген қызмет бюджет үрдісі деп аталады. Бюджеттер және Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры, сондай-ақ бюджеттік үрдістер мен қатынастар жиынтығы бюджет жүйесін құрайды.

Бюджет жүйесі төмендегідей қағидаларға негізделеді: 1. Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының бірыңғай бюджеттік заңдарының қолданылуын, соның ішінде бірыңғай бюджеттік сыныптауды, бюджет процесін жүзеге асырудың бірыңғай рәсімдерін пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған бірлік қағидасы. 2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген барлық түсімдер мен шығыстарды бюджеттерде және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында көрсету, бюджет қаражатын пайдалана отырып, өзара талаптарды есепке алуға, сол сияқты бюджет қаражаты бойынша талаптар құқықтарынан шегінуге жол бермеуге негізделген халықтың қағидасы. 3. Бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджет көрсеткіштерінің орта мерзімді фискалдық саясатқа және Қазақстан Республикасы мен аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың орта мерзімді жоспарының бекітілген (түзетілген) өлшемдері мен бағыттарына сәйкес келуі көрсететін реалистік қағидасы. 4. Мемлекеттік

немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының бюджет заңдары саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджеттерді және олардың атқарылуы туралы есептерді, мемлекеттің фискалдық саясатына қатысты басқа да ақпаратты міндетті түрде жариялау; бюджет процесінің ашықтығы, мемлекеттік қаржы бақылауын жүргізуді дәйектейтін транспаренттілік қағидасы. 5. Бюджеттік қатынастар аясында бұрын қабылданған шешімдерді мемлекеттік басқару органдарының сақтауын белгілейтін дәйектілік қағидасы. 6. Бюджеттерді бюджеттік бағдарламалар паспорттарымен көзделген белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу қажеттілігін негізге алып, бюджет қаражатының осы нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті оңтайлы көлемін пайдалана отырып әзірлеу және атқару немесе бюджеттік қаражаттың бекітілген көлемін пайдалана отырып ең үздік нәтижені қамтамасыз етуге негізделген тиімділік және нәтижелік қағидасы. 7. Бюджеттік процесті республиканың немесе аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарына сәйкес жүзеге асыру басымдық қағидасы. 8. Бюджет процесіне қатысушыларды Қазақстан Республикасының бюджеттік заңдарын бұзғаны үшін жауапқа тарту жауапкершілік қағидасы. 9. Түрлі деңгейдегі бюджеттер арасында түсімдердің тұрақты түрде бөлініп тұруын орнықтыру.

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі төмендегідей түрлер мен деңгейлерге бөлінеді. Бюджеттердің түрлеріне: 1) түзетілген бюджет; 2) бекітілген бюджет; 3) нақтыланған бюджет; 4) мемлекеттік бюджет; 5) жергілікті бюджеттер жатады.

Түзетілген бюджет дегеніміз тиісінше Қазақстан Республикасының Парламентінде немесе мәслихатта нақтыланбай, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар енгізген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып бекітілген немесе нақтыланған бюджет. Бекітілген бюджет - тиісті қаржы жылына арналған, Қазақстан Республикасының Парламенті немесе тиісті мәслихат бекіткен бюджет.

Нақтыланған бюджет – атқарылуы барысында Қазақстан Республикасының Парламенті немесе тиісті мәслихат қабылдаған өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет.

Мемлекеттік бюджет — араларындағы өзара өтелетін операцияларды есепке алмағанда, республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіретін, талдамалы ақпарат ретінде пайдаланылатын және бекітуге жатпайтын жиынтық бюджет.

Жергілікті бюджет — облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті.

Бюджеттердің деңгейлеріне: 1) республикалық бюджет; 2) облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті; 3) аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті; 4) төтенше мемлекеттік бюджет кіреді.

Республикалық бюджет салықтық және басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылатын және орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық, бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржымен қамтамасыз етуге және мемлекеттік саясаттың жалпы республикалық бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры республикалық бюджет болып табылады.

Облыстың бюджеті - араларындағы өзара өтелетін операцияларды есепке алмағанда, облыстық бюджетті, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерін біріктіретін, талдамалы ақпарат ретінде пайдаланылатын және бекітуге жатпайтын жиынтық бюджет;

Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті салықтық және басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылатын және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті мемлекеттік органдарының, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржымен қамтамасыз етуге және тиісті аудандағы (облыстық маңызы бар қаладағы) мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті болып табылады.

Бюджеттің құрылымы бюджеттің түсімдері мен шығыстарынан тұрады. Кірістер, бюджет кредиттерін өтеу, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер, сондай-ақ мемлекеттік қарыздар бюджеттің түсімдері болып табылады. Шығындар, бюджет кредиттері, қаржы активтерін сатып алу, қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу бюджеттік шығыстары болып табылады. Бюджеттің құрылымы төмендегідей бөлімдерден тұрады: 1) кірістер; 2) салықтық түсімдер; 3) салықтық емес түсімдер; 4) негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер; 5) ресми трансферттер түсімдері; 6) шығындар; 7) операциялық сальдо; 8) таза бюджеттік кредит беру (бюджеттік кредиттер; бюджеттік кредиттерді өтеу); 9) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо (қаржы активтерін сатып алу; мемлекеттің, қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер); 10) бюджет тапшылығы (профициті); 11) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану, қарыздар түсімі, қарыздарды өтеу, бюджет қаражаты қалдықтарының қозғалысы).

Республикалық бюджеттің қаражаты, алтын валюта қоры және алмас қоры, жер, оның қойнауы, су, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар және мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де мемлекеттік мүлік Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынасын құрайды. Жергілікті бюджет қаражаты және

мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де коммуналдық мүлік жергілікті қазынаны құрайды.

5.3 Салықтар және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер, түсінігі және түрлері.

Салық дегеніміз мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер. Салықтың түрлері. Әр түрлі негіздерге байланысты салықты бірнеше топтамаларға бөлуге болады. Салықтың ауыртпалығын көтеретін субъектіге байланысты салықтар тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей салық салық төлеудің субъектісі оның ауыртпалығын өзі тікелей көтереді, яғни төленген салық тікелей оның мүлкінің, еңбекақысының азаюына әкеледі. Мысалы тікелей салыққа жеке табыс салығын жатқызуға болады.

Жанама салықта салық төлуші салықты төлеудің ауыртпалығын басқа бір тұлғаға жүктейді. Жанама салықтарға қосылған құн салығы мен акциз жатады. Заң жүзінде аталған салықтардың төлеушісі тауарды сатушы, бірақ негізінде салықтың сомасы осы сатылған тауардың құнының ішіне кіретіндіктен оны тауарды сатып алушы өтейді. Сонда салық төлеу міндеті, ауыртпалығы салық төлеуші тауар сатушыдан, тауарды сатып алушыға көшіп отыр.

Тікелей салық нақты және жеке болып екіге бөлінеді. Мүлікке, затқа салынатын салық нақты салық деп аталады. Мысалы көлік құралдары салығы мен мүлік салығын айтуға болады. Жеке салық, деп салық төлеушінің тікелей табысына, пайдасына салынатын салықтарды айтуға болады. Мысалы жеке табыс салығы.

Түр пішіндеріне байланысты салықтар заттай және ақшалай болып бөлінеді. Салықтың, субъектілеріне байланысты салықтар заңды тұлғалардан және жеке тұлғалардан алынатын салықтар болып бөлінеді.

Аумақтық деңгейлерге байланысты салықтар республикалық, (жалпымемлекеттік) және жергілікті болып бөлінеді.

Бюджеттік реттеудің әдісі ретінде қолданылуына байланысты салықтар бекітілген және реттеуші болып бөлінеді. Белгілі бір бюджеттің кіріс (табыс) көзі ретінде заңнамаға сәйкес бекітілген салықты бекітілген салық дейміз. Белгілі бір бюджетке берілгеніне қарамастан, бюджетті жыл сайын бекіту барысында бюджетін тенгермелеу барысында төмен сатыдағы бюджеттерге берілетін салықтарды реттеуші салықтар дейміз.

Пайдаланылу сипатына байланысты салықтар жалпы бағыттағы және белгілі мақсаттағы болып бөлінеді. Жалпы бағыттағы салықтар бюджетке түскеннен кейін белгілі бір шараны жүзеге асыру мақсатында емес, басқа салықтармен араласып кетеді. Керісінше, мақсатты салықтар

белгілі бір нақты шараларды іске асыру үшін пайдаланылады. Мысалы әлеуметтік салықты айтуға болады.

Салықты есептеп шығару тәсіліне байланысты еңбекақыға салынатын және еңбекақыдан тыс салынатын салық болып бөлінеді. Еңбекақыға салынатын салық, салық органы әрбір салық, төлеушіге жеке-жеке төленетін салықтың мөлшері көрсетілген өкім бергеннен кейін төлену міндеттілігі күшіне енетін салық. Еңбекақыдан тыс салынатын салықты салық төлеушінің өзі есептеп шығарып, өзі төлейді. Салық органдары салықтың дұрыс есептеп шығарылуын және төленуін тексереді, бақылайды.

Қазақстан Республикасында төмендегідей салықтың түрлері қолданылады: 1. корпорациялық табыс салығы; 2. Жеке табыс салығы; 3. Қосылған құн салығы; 4. Акциздер; 4-1. Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығы; 5. Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнаулы төлемдері; 6. Әлеуметтік салық; 7. Жер салығы; 8. Көлік құралдары салығы; 9. Мүлік салығы.

Аваль - вексельдік кепілдік, оны жасаған тұлға вексель бойынша міндетті тұлға үшін вексель бойынша төлемді жүзеге асыру жөнінде (толық немесе ішінара) өзіне міндеттеме қабылдайды;

Бюджет жүйесі – бюджеттердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік процестер мен қатынастардың жиынтығы;

бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган - жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, бюджетті атқару, жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын атқарушы орган;

Қаржы агенттігі - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілеттік берілген ұлттық басқарушы холдинг және акцияларының жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет жүз пайыз қатысатын банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын және осы мақсаттарда Қазақстан Республикасының қаржы нарығынан және (немесе) халықаралық қаржы нарығынан қарыз алуды жүзеге асыратын ұйым;

Салық жүйесі - өзінің құрамы жағынан бірнеше компоненттерден тұратын күрделі модель. Салық жүйесі жеке және заңды тұлғалар арқылы жүзеге асырылатын және мемлекетпен реттелетін құқықтық қатынас.

Валюта - төлемнің заңды құралы болып табылатын қолма-қол нысандағы (банкнот, қазынашылық билеттер, монеталар түрінде), сондай-ақ қолма-қол ақшасыз (банк шоттарында және банк

салымдарында) ұлттық, шетелдік және халықаралық ақша айналымын қалыптастыратын жүйе.

Қор – экономикалық категория ретінде мемлекет, жеке немесе заңды тұлғалардың ақша айналымының кіріс көздері.

Деноминация - әдетте валютаны тұрақтандыру және есептеуді жеңілдету мақсатында гиперинфляциядан кейін ақша белгілерінің жалпы құнын өзгерту.

Ревальвация-басқа елдердің валюталарына, халықаралық есеп ақша бірліктеріне, алтынға қатысты ұлттық валюта бағамын арттыру.

Девальвация - алтын стандарт жағдайында ақша бірлігінің алтын құрамының азаюы. Қазіргі жағдайда термин ақша бірлігін белгілейтін валюта бағамы.

Нуллификация - арнайы құжаттың немесе ақша бірлігінің, нақтылығы мен маңызыдылығын жою.

6 ТАҚЫРЫП. ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ НЕГІЗДЕРІ

6.1 Қылмыстық заң ұғымы, қағидалары, қайнарлары.

6.2 Қылмыс: белгілері, құрамы, түрлері.

6.3 Қылмыстық жаза: түсінігі, белгілері.

Дәріс мақсаты: Қылмыс түсінігі, белгілері, түрлері және құрамы жайында сөз қозғау. Қылмыстық жаза түсінігі және түрлері, Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелерін қарастыру.

Кілт сөздер: заңдылық, азаматтардың заң алдында теңдігі, кінә үшін жауаптылық, әділеттік, гуманизм.

6.1 Қылмыстық заң ұғымы, қағидалары, қайнарлары.

Қылмыстық құқық қылмыстық заңнаманың міндеттері мен қағида-тарын, қылмыс ұғымын, қылмыстық жауапкершіліктің негізін, қылмыстың түрлері мен белгілерін, жазаңы, қылмыстық жауапкершілік пен жазадан босатудың негіздерін анықтайтын заңды нормалардың жиынтығы.

Мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қылмыстық қол сұғудан қорғау барысында туатын қоғамдық қатынастар қылмыстық құқықтың пәні болып табылады.

Қылмыстық құқықтың субъектісіне қылмыс жасаған жеке тұлғалар мен мемлекеттің құзыретті органдары (тергеу, прокуратура, сот т.б.) жатады. Аталған субъектілердің өзара құқықтары мен міндеттері осы қатынастың мазмұнын құрайды. Мемлекеттің құзыретті, құқық қорғау органдары қылмыс жасаушыларды жауапқа тартуға құқығы бар әрі міндетті. Сол сияқты қылмыс жасаған субъектіде заң алдында жауап беруге міндетті. Сонымен бірге жауапқа тартылған қылмыс жасаушының құқықтары бұзылмай, заң бойынша сақталуы кажет.

Қылмыстық құқықтың жүйесі жалпы және ерекше сияқты екі бөлімнен тұрады. Жалпы бөлімде ерекше бөлімнің баптарын дұрыс түсініп, қолданудың жалпы ережелері мен институттары, тұлғаның қылмыстық жауапкершілігі туралы мәселелер, қылмыстық заңнаманың міндеті, қылмыстық жауапкершіліктің негіздері, қылмыстық заңның әрекеттік шегі, қылмыстың, жазадың жалпы ұғымы, жаза тағайындау, жаза мен қылмыстық жауапкершіліктен босату тәртібі жайындағы мәселелер көрсетіледі. Ерекше бөлімде қылмыс және оның белгілері деп саналатын әрекеттерді көрсететін нормалардың жиынтығы шоғырланған.

Қылмыстық құқықтың міндеттері: адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу болып табылады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді.

Сонымен, қылмыстық заңнамалардың төмендегідей 3 міндетін атап көрсетуге болады: 1) қорғау; 2) алдын-алу (профилактика); 3) тәрбиелік.

Қорғау - қылмыстық-құқықтық шараларды қолдана отырып қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау міндеті. Ол үшін қылмыстық заң қылмыстық әрекеттердің шеңберін, түрін және оған қолданылатын жазадың мөлшерін анықтайды.

Алдын-алу (профилактика) міндеті қылмыстың алдын алу, оны болдырмаудың жолдарын қарастыру немесе қылмыс жасаған тұлғаның қайта қылмыс жасамауының алдын алу. Бұл мақсаттар әр түрлі қылмыстық-құқықтық шаралар қолдану арқылы іске асырылады.

Тәрбиелік міндетті қылмыстық құқықтың барлық институттары мен нормалары атқарады (жаза, қажетті қорғаныс, мәжбүрлі қажетілік т.б.)

Қылмыстық құқықтың қағидаттары деп мемлекеттің қылмыстық құқық саласындағы саясатының, қылмыспен күресудің іс жүзіндегі құралдарының мазмұнының негізіне қойылған тіректі мұраттар мен бастамаларды айтамыз.

Сондай қағидаттардың бірі заңдылық қағидаты. Оның мәні қылмыстық әрекет пен жаза тек қана қылмыстық заңмен анықталуы керек. Әрекет не әрекетсіздік қоғамға қаншама қауіпті болса да, егер оларда қылмыстың құрамы болмаса тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке жасанды түрде тартуға болмайды.

Азаматтардың заң және сот алдында теңдігі қағидаты. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 14-бабында көрсетілгендей,

қылмыс жасаған адамдар шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кез келген мән-жайларға қарамастан заң алдында бірдей.

Тек қылмыстық әрекеті не әрекетсіздігі үшін кінәлі болған тұлғаны ғана қылмыстық жауапқа тарту қағидаты. Адам соларға қатысты өз кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті әрекеті (іс-әрекет немесе әрекетсіздігі) және пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс. Объективті айыптауға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді. Қасақана немесе абайсызда әрекет жасаған адам ғана қылмысқа кінәлі деп танылады. Абайсызда жасалған әрекет Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында арнайы кезделген жағдайда ғана қылмыс деп танылады.

Келесі қағидат есі дұрыс, Қылмыстық кодексте көрсетілген жасқа толған жеке адам ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс. Есі дұрыс емес, жасы Қылмыстық кодексте белгіленген жасқа толмаған адам қылмыстық жауапқа тартылмайды.

Негізгі қағидаттардың, бірі әділеттілік қағидаты. Оның мәні соттар жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілігін, сотталушының жеке басының, оның қылмыс жасағанға дейінгі және қылмыс жасағаннан кейінгі мінез-кұлығы ерекшеліктерін, қылмысты ауырлататын және жеңілдететін жағдайларды, отбасы жағдайларын ескере отырып жаза тағайындаулары қажет.

Қылмыстық құқықтың тағы бір қағидаты ол ізгіліктік қағидат. Ізгілік адамды адам, кісі, тұлға ретінде тану, оның ар-ожданын, намысын, қадір-қасиетін, бақытқа, жақсылыққа, өркениетке ұмтылуын сыйлау, мойындау. Сондықтан, жаза тағайындау барысында ізгілік қағидатына сүйене отырып жасалған қылмысқа тиісті жазадан жұмсақтау жаза тағайындау.

Қылмыстық құқықтың деректік кездеріне әр түрлі қылмыстық заңнамалар жатады. Солардың ішінде ерекше орын алатын қылмыстық заң. Қылмыстық заң жасалған қылмыс үшін қылмыстық жауаптылықты белгілейтін, мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының нормативті актісі. Қылмыстық заңнама мемлекеттік биліктің құзыретті органдары қабылдайтын қылмыстық-құқықтық актілердің жиынтығы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабына сәйкес біздің өлімізде заңдарды қабылдау Қазақстан Республикасы Парламентінің құзыретінде. Қылмыстық заң қылмыстық құқықтың негізгі дерек кездерінің бірі. Сондықтан басқа да қылмыстық-құқықтық нормативтік актілер (Конституция мен халықаралық шарттан басқа) тек осы қылмыстық заңға сәйкес келу керек. Қазақстан Республикасында қылмыстық заңның ең маңыздысы 2014 жылы 3 шілдеде қабылданған Қылмыстық кодекс.

6.2 Қылмыс: белгілері, құрамы, түрлері.

Қылмыстық іс-қимылдардың, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату, дәргерлік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану барысында қалыптасады. Қылмыстық кодекстің 9-бабында көрсетілгендей, қылмыстық кодексте жазалау қатері мен тыйым салынған айыпты қоғамдық, қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады. Қылмыстың төмендегідей 4 түрі бар: қоғамдық қауіптілігі, құқыққа қарама-қайшылығы, кінәлілігі, қылмыстық жауаптылығы.

Кінә. Адам соларға қатысты өз кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті әрекеті (іс-әрекет немесе әрекетсіздігі) және пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс. Объективті айыптауға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді. Қасақана немесе абайсызда әрекет жасаған адам ғана қылмысқа кінәлі деп танылады. Абайсызда жасалған әрекет Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында арнайы кезделген жағдайда ғана қылмыс деп танылады.

Тікелей немесе жанама ниетпен жасалған әрекет қасақана жасалған қылмыс деп танылады. Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала білсе және осы зардаптардың болуын тілесе, қылмыс тікелей ниетпен жасалған қылмыс деп танылады. Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамдық қауіпті зардаптары болуы мүмкін екенін алдын ала білсе, осы зардаптардың болуын тілемесе де, бұған саналы түрде жол берсе не бұған немқұрайды қараса, қылмыс жанама ниетпен жасалған деп танылады.

Менмендікпен немесе немқұрайдылықпен жасалған әрекет абайсызда жасалған қылмыс деп танылады. Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенсе, қылмыс менмендікпен жасалған қылмыс деп танылады.

Егер адам қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе, қылмыс немқұрайлықпен жасалған қылмыс деп танылады.

Қылмыс секілді қоғамдық қауіпті әрекеттің объективті және субъективті белгілерінің қылмыстық заңмен бекітілген жиынтығын қылмыстық құқықта қылмыстың құрамы дейді. Қылмыстың құрамы — белгілі бір қылмыстық, іс-қимылдың тек типтік белгілерін бекітетін нормативті санат. Егер қылмыс жасау, қылмыстық жауаптылықтың

нақты негізі болса, қылмыс құрамы оның заңдық негізі болады. Сондықтан бұл екі жағдайлар өзара тығыз байланыста, бір тұтастықты құрайды. Заң ғылымдары қылмыс құрамының міндетті 4 бөлшегін көрсетеді: қылмыстың объектісі, қылмыстың объективті жағы, қылмыстың субъектісі, қылмыстың субъективті жағы. Бұлар өзара байланысты. Егер жасалған қылмыста қылмыс құрамының аталған бөлшектерінің біреуі болмаса, онда қылмыс құрамы болмайды және қылмыс жасаған тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

Қылмыстық кодексте кезделген әрекеттер сипатына және қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай қылмыс онша ауыр емес қылмыстарға, ауырлығы орташа қылмыстарға, ауыр қылмыстарға және ерекше ауыр қылмыстарға бөлінеді.

Жасалғаны үшін Қылмыстық Кодексте кезделген ең ауыр жаза екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет, сондай-ақ жасалғаны үшін Қылмыстық кодексте кезделген ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын абайсызда жасалған әрекет онша ауыр емес қылмыс деп танылады.

Жасалғаны үшін Қылмыстық кодексте кезделген ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет, сондай-ақ жасалғаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза кезделген абайсызда жасалған әрекет ауырлығы орташа қылмыс деп танылады.

Жасалғаны үшін Қылмыстық кодексте кезделген ең ауыр жаза он екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет ауыр қылмыс деп танылады.

Жасалғаны үшін Қылмыстық кодексте он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза немесе өлім жазасы кезделген қасақана жасалған әрекет аса ауыр қылмыс деп танылады.

Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің белгілі бір бабында немесе бабының белігінде кезделген екі немесе одан да көп әрекетті жасау - қылмыстардың бірнеше рет жасалуы деп танылады.

Қылмыстық кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде кезделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп әрекеттерді жасау қылмыстардың жиынтығы деп танылады.

Бұрын қасақана жасаған қылмысы үшін соттылығы бар адамның қасақана қылмыс жасауы қылмыстың қайталануы деп танылады.

Қылмыс бір ғана адам емес бірнеше тұлғалардың ұйымдасуымен де жасалуы мүмкін. Екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы қылмысқа қатысу деп танылады. Ұйымдастырушы, айдап салушы немесе көмектесуші орындаушымен бірге қылмысқа қатысушылар деп танылады.

Қылмысты тікелей жасаған немесе оны жасауға басқа адамдармен (қоса орындаушылармен) бірге тікелей қатысқан адам, сондай-ақ жасына, есінің дұрыс еместігіне немесе Қылмыстық кодексте кезделген басқа да мән-жайларға байланысты қылмыстық жауапқа тартуға болмайтын басқа адамдарды пайдалану арқылы, сол сияқты әрекетті абайсызда жасаған адамдарды пайдалану жолымен қылмыс жасаған адам орындаушы деп танылады.

Қылмыс жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам, сол сияқты ұйымдасқан қылмыстық топ немесе қылмыстық қауымдастық (қылмыстық ұйым) құрған не оларға басшылық еткен адам ұйымдастырушы деп танылады.

Басқа адамды азғыру, сатып алу, қорқыту жолымен немесе өзге де жолмен қылмыс жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады.

Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат, қылмысты жасайтын қару немесе құралдар берумен не қылмысты жасауға кедергілерді жоюымен қылмыстың жасалуына жәрдемдескен адам, сондай-ақ қылмыскерді, қаруды немесе қылмыс жасаудың өзге құралдарын, қылмыстың ізін не қылмыстық жолмен табылған заттарды жасыруға күні бұрын уәде берген адам, сол сияқты осындай заттарды сатып алуға немесе өткізуге күні бұрын уәде берген адам көмектесуші деп танылады.

6.3 Қылмыстық жаза: түсінігі, белгілері.

Қойылған міндеттерді орындау үшін Қылмыстық кодекс қылмыстық жауапқа тартудың негізін және жеке адам, қоғам, мемлекет өміріне қандай қауіпті іс-қимыл қылмыс болып табылатындығын, жасалған қылмысқа қандай жаза, қылмыстық-құқықтық шаралар қолданылатынын белгілейді. Қылмыспен күресу барысында мемлекет әр түрлі әдістер мен шаралар қолданады. Сондай әдістердің бірі - жаза.

Жаза - өзіндік ерекшеліктері мен алдына қойған мақсаттары бар, мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы. Қылмыстық кодекстің 39-бабына сәйкес жаза дегеніміз соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол адамды құқықтары мен бостандықтарынан Қылмыстық кодекспен кезделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады.

Жазаңың мақсаты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Қылмыстық жаза тек қана мемлекеттің атынан соттың үкімімен тағайындалады. Жаза тағайындау туралы күшіне енген соттың үкімі барлық мемлекетті және мемлекеттік емес ұйымдарға, мекемелерге,

бірлестіктерге міндетті және Қазақстан Республикасы аумағында міндетті түрде орындалуға жатады. Сот үкімімен тағайындалған жаза жекелік сипатта болады, яғни басқа адамдарға қатысы жоқ, тек қылмыс жасаған тұлғаға ғана тиісті. Жаза орындау мемлекеттің күшімен, ықпалымен іске асырылады. Мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде жаза тек қылмыс секілді құқық бұзушылыққа ғана қолданылады.

Жаза міндетті түрдегі қасиеті жазалау, жаза беру болып табылады. Жазалау, жаза беру дегеніміз жаза міндетті мәжбүрлеу, күштеу сипаты, сотталған тұлғаға заң шеңберінде белгілі бір құқықтар мен міндеттерді атқарудан айыру және оның құқықтарын шектеу. Жаза міндетті түрде қылмыскерге белгілі бір тән, жан, материалды зияндар шектіреді. Жаза міндетті жазалау бөлшектері оның қорқыту сияқты қасиетін білдіреді. Сондықтан жазалау жаза міндетті ауырлық дәрежесін, сипатын көрсетеді.

Жасалған қылмыстың ауырлығы мен қоғамдық қауіптілігіне байланысты мынандай жаза міндетті түрлері қолданылады: 1) айыппұл салу; 2) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; 3) қоғамдық жұмыстарға тарту; 4) түзеу жұмыстары; 5) әскери қызмет бойынша шектеу; 6) бас бостандығын шектеу; 7) қамау; 8) тәртіптік әскери бөлімде ұстау; 9) бас бостандығынан айыру; 10) өлім жазасы қолданылуы мүмкін.

Сонымен бірге сотталғандарға негізгі жазалардан басқа мынадай қосымша жазалар: 1) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру; 2) мүлкін тәркілеу қолданылуы мүмкін.

Айыппұл салу және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру және қоғамдық жұмыстарға тарту жазалаудың негізгі де, қосымша да түрлері ретінде қолданылуы мүмкін.

Жаза тағайындау қылмыстық құқықтың жалпықұқықтық және ерекше салалық қағидаттарын білдіретін белгілі қағидаттарға негізделеді. Ондай қағидаттарға: заңдылық, ізгілік, әділеттілік, жаза тағайындалуының негізділігі, жаза міндетті даралығы, қылмыстық қуғын-сүргінді үнемдеу жатады. Қылмыс жасауға айыпты деп танылған адамға Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте және Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады. Қылмыс жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс.

Қылмыстық заң - Қазақстан Республикасының жоғарғы заң шығарушы органы қабылдаған, қылмыстық жауапкершіліктің негіздері мен жағдайын белгілейтін, қандай іс-әрекеттің адам, қоғам және мемлекет үшін қауіпті қылмыс екендігін және қандай жаза түрлерінің

және қылмыстық құқықтық сипаттағы өзге шарттардың болатындығын анықтайтын нормативтік құқықтық акт.

Қылмыстық жауаптылық дегеніміз - қылмыс жасаған адамға қолданатын қылмыстық-құқықтық әсердің шараларын айтамыз.

Қылмыс - қылмыстық кодекс бойынша жазалау мүмкіндігімен тыйым салынған, қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік

Қылмыстық құқық бұзушылық - Қылмыстық кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады

Қылмыстың объектісі дегеніміз - қылмыс жасаушы адам қол сұғатын және қылмыс жасау нәтижесінде зиян келтірілетін немесе елеулі зиян келтірілуі мүмкін қылмыстық заңмен қорғалатын әлеуметтік маңызды құндылықтар, мүдделер, игіліктер.

Жалпы объект – бұл қылмыстық заңмен қорғалатын, барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы, яғни әртүрлі деңгейдегі қоғамдық қатынастар кіретін қылмыстық қорғау объектілерінің жүйесі.

Топтық объект қылмыстың белгілі бір топтары қол сұғатын біртекті мүдделердің не игіліктердің тобын құрайтын жалпы объектінің бөлігі.

Тікелей объект деп қылмыстық іс-әрекет арқылы қол сұғылатын нақты мүдделерді құрайтын топтық объектінің бір бөлігін айтамыз, яғни, қол сұғушылық тікелей бағытталған мүдде

Қылмыстың заты деп - қылмыс объектісінің элементі болып табылатын және қылмыс құрамының белгісі ретінде сипатталатын зат немесе объективті дүниенің басқа да заттары.

Қылмыстың құралы деп - қылмыскердің ойлаған қылмыстық ниетін жүзеге асыру үшін пайдаланған құралын айтамыз

Қылмыстың объектісі - қылмыстық құқық нормаларымен қол сұғылған үшін жауапкершілік көрсетілген қоғамдық қатынастар.

Қылмыстың объективтік жағы - белгілі бір жағдайларда, жерде уақытта ағып жатқан және қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың сыртқа көрінісі.

Қылмыстың субъективтік жағы - адамның психикалық іс-әрекетінің қылмыс істеуге тікелей байланыстың жағының көрінісі.

7 ТАҚЫРЫП. ҚР АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

7.1 Азаматтық құқықтың негізгі жағдайлары.

7.2 Жеке меншік құқығы және басқа заттық құқықтар.

7.3 Мәмілелер түсінігі және түрлері.

7.4 Шарттардың түсінігі және түрлері.

Дәріс мақсаты: Қазақстан Республикасындағы азаматтық заңдар және олардың жүйесін зерттеу. Мәмілелер және міндеттемелердің түсініктерін бері, мәндерін ашу.

Кілт сөздер: азаматтық құқық қатынастар, мәміле, шарт, міндеттемелер.

7.1 Азаматтық құқықтың негізгі жағдайлары.

Азаматтық құқық саласының дербес түрі болып табылады. Бұл оның өз пәні мен құқықтық реттеу әдісі бар екендігін және жалпы құқық жүйесінде арнайы қызметтерді атқаратынын білдіреді. Азаматтық құқық қоғамдық қатынастардың келесі түрлерін реттейді:

1) мүліктік қатынастар, яғни белгілі бір мүліктің нақты бір тұлғаға тиістілігімен немесе мүліктің бір тұлғадан екінші тұлғаға ауысуымен қатысты қатынастарды реттейді;

2) мүліктік қатынастармен байланысты және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейді. Олардың пәні тұлғадан ажырамайтын материалдық емес құндылықтар жатады (есім, ар-намыс, қызметтік репутация, ұйымның фирмалық атауы, оның өндірістік маркасы, тауар белгісі және т.б.).

Бірақ бұл қатынастар теңдік, ерік автономиясы және оның қатысушыларының мүліктік дербестігі қағидаларымен негізделген жағдайда ғана азаматтың құқықтың әрекет ету аумағына жатады.

Әкімшілік немесе бір жақтың екінші жаққа бағынуымен негізделген мүліктік қатынастар азаматтық құқықпен (азаматтық заңмен) реттелмейді. Олар басқа құқық салаларының реттеуіне жатады.

Азаматтық құқықпен реттелетін қатынастардың қатысушыларына жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар (әртүрлі ұйымдар) жатады. Сонымен қатар, азаматтық заңмен реттелетін қатынастарға мемлекет және өзін - өзі басқару органдары қатысуы мүмкін.

Азаматтық – құқықтық қатынастарда заңдық теңдік қатынасы сақталады. Бұл құқық жүйесіндегі азаматтық құқықтың бәрінен бұрын қалыпты экономикалық – қоғамдық қатынастарды реттеу ролі мен түсіндіріледі. Азаматтық құқықтың негізгі әрекет ету аумағы болып тауар айналымы, тауарлық және өндіріп алу қатынастары табылады.

Мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттеуші құқықтық нормалар жиынтығы ретінде азаматтық құқыққа азаматтық заң сәйкес келеді. Азаматтық заң ҚР ерекше дербес қызметіне жатады, яғни азаматтық құқық нормаларын құрайтын қандай да бір актілерді оның субъектілері және жергілікті өзін - өзі басқару органдарының қабылдауына жол берілмейді. Осындай бағытпен ҚР барлық территориясында экономикалық кеңістіктің тұтастығын қамтамасыз етеді.

Азаматтық қатынастардың көптігіне және кең ауқымдылығына байланысты олардың кейбіреуі әрекет ететін құқық нормасымен реттелмеуі мүмкін. Мұндай кезде құқықтың көмекші қайнар көзі ретінде қызметтік айналым дәстүрі қолданылуы ықтимал. Ол қандай да бір кәсіпкерлік қызмет аясында кең қолданылатын, қалыптасқан, заңмен қарастырылмаған тәртіп ережелерін білдіреді. Олар құжатта көрсетілуі де, көрсетілмеуі де мүмкін.

Азаматтық заң бірыңғай оқиғаларға негізделген. Бірақ өмірде құқық нормаларымен реттелмеген бірыңғай емес оқиғалар да кездесуі мүмкін. Осыған орай азаматтық заңды ұқсастыққа байланысты қолдануға жол беріледі. Заң жүзінде заң ұқсастығын және құқық ұқсастығын қолдану мүмкіндігі көрсетілген.

Заң ұқсастығын қолдану үшін:

- 1) қатынастың заңмен немесе тараптар келісімімен реттелмеуі;
- 2) қызметтік айналым дәстүрінің болмауы;
- 3) ұқсас қатынастарды реттейтін заңның болуы және оның аталмыш қатынастарға қайшы келмеуі қажет.

Құқық ұқсастығы заң ұқсастығын қолдану мүмкін болмаған жағдайда қолданылады. Бұл жағдайда тараптардың құқықтары мен міндеттері азаматтық заңның ортақ негіздері мен мәнінен, әділдік, теңдік қағидаларымен анықталуы тиіс. Заң мен құқық ұқсастығын қолдану құқық қолданушы органдармен негізделуі керек.

Азаматтық - құқықтық қатынастар - құқықтық қатынастардың бір түрі. Олар мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды азаматтық құқықтық нормалармен реттеу нәтижесінде пайда болады. Оның басқа құқықтық қатынастардан ерекшелігі:

- 1) азаматтық – құқықтық қатынас субъектілері бір – бірінен мүліктік жағынан тәуелсіз;
- 2) азаматтық – құқықтық қатынастардың қатысушыларының заңдық жағыдайы теңдік қағидасына негізделеді;
- 3) азаматтық – құқықтық қатынастарды тудыратын, өзгертетін және тоқтататын негізгі заңдық факті болып шарттар (субъектілердің еркін ерік білдіру актілері) табылады;
- 4) азаматтық құқықтар мен міндеттердің шынайы жүзеге асуының құқықтық кепілі ретінде мүліктік сипаттағы шаралар қолданылады.


Азаматтық – құқықтық қатынастардың мазмұнына субъективтік құқықтар мен міндеттер жатады. Субъективтік азаматтық құқық – бұл азаматтық – құқықтық қатынас қатысушысының мүмкін деген, жол берілетін мінез – құлық шегі. Субъективтік құқықтың мазмұнын құқықтық қатынас субъектісіне берілген заңдық мүмкіндіктер құрады. Олар құқықтылық (правомочие) деп аталады.

Сонымен қатар азаматтық – құқықтық қатынастар мазмұнына заңдық міндеттер кіреді.

Мұндағы қарапайым құқықтық қатынастар – қатысушылардың біреуіне ғана құқық, ал екіншісіне бір ғана міндет тиісті болатын қатынастар (мысалы: процентсіз қарыз алу).

Күрделі құқықтық қатынастар – субъективті азаматтық құқығы бар тұлғаға тұлғалардың анықталмаған шеңбері қарсы тұратын қатынастар (меншік құқықтық қатынастары, жеке мүліктік емес қатынастар). Салыстырмалы құқықтық қатынастар – өкілетті тұлғаға тұлғалардың бұрыннан қатаң анықталған шеңбері қарсы тұратын құқықтық қатынастар (сатып алу – сату шарты, тапсырма, тасу, сақтау шарттары және т.б).

Азаматтық – құқықтық қатынас түрлерін төмендегі схемамен сипаттауға болады:



7.2 Жеке меншік құқығы және басқа заттық құқықтар.

Меншік әр қоғамның негізгі және маңызды мәселесі болып табылады. Сондықтан оны қорғау, сақтау және иелену құқығы әр тараптың басты мәселесі. Қай елді алып қарасақ та, меншік мәселесін шешу барысында, оның пайда болуы, әрекет етуі, қорғалуы және иеленуі өз құқық салаларында көрініс тапқан. Сол сияқты Қазақстан Республикасында өз тәуелсіздігін алғаннан бастап осы мәселеге тиісінше көңіл аударыла бастады. Меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

Билік ету құқығы дегеніміз мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі. Билік ету құқығы меншік иесінің өз мүлкіне байланысты кез келген заңға қайшы келмейтін әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіншілік береді. Мысалы: сату, айырбастау, сыйға беру, жойып жіберу және тағы басқалары. Сонымен қатар, меншік иесі

өз мүлкіне байланысты өкілеттігін жүзеге асыруы кезеңінде басқа тұлғалар мен мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбауы тиіс. Меншік иесі өз құқықтарын жүзеге асырған кезде азаматтардың денсаулығы мен айналадағы ортаға келтірілуі мүмкін зардаптарға жол бермеу шараларын қолдануға міндетті.

Пайдалану құқығы дегеніміз мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Пайда кіріс, өсім, жеміс, өнім алу және өзге де нысандарда көрінуі мүмкін. Пайдалану, яғни меншік иесінің өз иелігіндегі мүліктен өзінің тұтынушылық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіншілігі. Мәселен, азамат өз автокөлігін өзінің шаруашылығында немесе басқа біреуге жалға беру арқылы пайда табуға болады. Пайдалану құқығы да иелену құқығы секілді басқа субъектіге берілуі мүмкін. Мысалы, жалға беру шарты. Негізінен, пайдалану құқығы мен иелену құқығының арасында тығыз байланыс бар. Мәселен, меншік иесі пайдалану құқығын басқа біреуге берместен бұрын ол субъектіге мүлікті иеленуге беруі тиіс, өйткені субъектіде иелену мүмкіншілігі болмаса, пайдалану құқығы мүлдем болмай қалуы да ықтимал.

Иелену құқығы дегеніміз мүлікті іс жүзінде иеленуді жүзеге асыруды заң жүзінде қамтамасыз ету, яғни нақтылай айтқанда тұлғаның өз қалауынша мүлікке ықпал жүргізуінің мүмкіншілігі. Мысалы, азамат ұзақ іссапарға кеткенмен өз мүлкінің меншік иесі болып қала береді. Ол мүлікке басқа біреудің қол сұғуға құқықтық мүмкіншілігі жоқ. Сонымен қатар, мүлікті иелену құқығы басқа субъектіге берілуі де ықтимал. Мысалы, жалға беру және тағы басқа шарттар. Азаматтық заңдарында көрсетілгендей иелену заңды, заңсыз, адал және арам ниетті де болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта жағдай өзгерді. АҚ-ның II бөлімі "Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар" деп аталады, АҚ-ға меншік иелері болып табылмашын адамдардың заттық құқықтарына арналған арнайы бап (195-бап) енгізілген, заттық құқықтардың жекелеген түрлері реттелуде.

Заттық құқықтар ұғымы зат, мүлік, құқықтық қатынастар объектісі, мүліктік құқықтық қатынастар және басқа осы секілді ұғындармен ажырамастай байланысты. Сондықтан тек мыналарды атап өтеміз: заттық құқықтар мүліктік құқықтардың бір түрі болып табылады, зат мүліктің бір түрі ретінде заттық құқықтың объектісі болып табылады, заттар мен мүліктік игіліктер құқықтық қатынастар объектісі ұғымының негізі болады.

Осындай бастапқы ұғымдарға сүйене отырып, заттық құқықтардың мынадай негізгі белгілерін анықтауға болады:

Мүліктік емес өзіндік құқықтардан өзгеше, заттық құқықтар мүліктік құқықтар болып табылады. Бұл заттық құқықтарды міндеттемелік құқықтармен біріктіреді;

„Тәнсіз мүлікпен“ байланысты міндеттемелік құқықтар мен интеллектуалдық меншік құқықтарынан өзгеше, заттық құқықтар белгілі бір айтарлықтай дара заттарға қатысты пайда болады. Сонымен бірге, заттарға қатысты міндеттемелік құқықтар да туындайтынын ұмытуға болмайды. Тектік белгілерімен анықталатын заттарға қатысты заттық қатынастар туындай алмайды, тек міндеттемелік құқық пайда болады.

"Абсолюттік құқық объектісі қашан да дара анықталған болады. Атап айтқанда, мұның заттық құқықтарға, оның ішінде, меншік құқығына қатысы бар. Егер затты дараландыру мүмкін болмаса, онда осыған байланысты заттық құқықтық қатынас емес, тек міндеттемелік құқықтық қатынас туады;

Заттық құқықтар абсолюттік құқықтар болып табылады, бұл оларды интеллектуалдық меншік құқықтарымен біріктіреді және міндеттемелік құқықтардан ерекшелендіреді. Заттық құқықтардың иесіне баршаның және әркімнің осы құқықтарды жүзеге асыруға кедергі келтірмеу міндеті қарсы тұрады.

Біздің пікірімізше, заттық салыстырмалы қатынастар болады (ортақ меншік қатысушылары арасында, мемлекет пен шаруашылық жүргізу құқығында мүлікті иеленетін кәсіпорын арасында және т.с.с). Алайда мұндай қатынастар тобы көп емес, анық көрсетілген және заттық құқықтардың басым көпшілігінің сипатына әсер етпейді. Оның заттық құқықтық қатынастарға қатысушылардың "сыртқы" емес, "ішкі" қатынастарына қатысы бар;

Бұл белгіден келесі белгі - заттық құқықтарды [қорғаудың абсолюттік сипаты](#), яғни заттық құқыққа қол сұғатындардан қорғау құқығы келіп шығады. Заттық құқықтарды ерекше заттық-құқықтық талаптардың көмегімен арнаулы қорғау құралдарының болуы осыған байланысты;

Заттық құқықтарды заңның белгілеуін олардың белгісі деп есептеуге болады. Заңда көзделмеген жағдайларда да пайда болатын (АК-ның 380-бабы) міндеттемелік құқықтардан өзгеше, заттық құқықтар заңда бекітілуі тиіс (АК-ның 195-бабының 1-тармағы).

7.3 Мәмілелер түсінігі және түрлері.

ҚР Азаматтық кодексінің 147- бабы мәмілені азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді анықтауға, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері деп көрсетеді.

Мәміленің екі түрлілік сипаты, бір жағынан мәміле – нақты құбылыс ретіндегі дерек (факт), екінші жағынан бұл дерек құқық нормаларында көзделген жағдайларда ғана заңдық сипатқа ие болады.

Азаматтық кодекстің 147-бабында мәміле ұғымы азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді анықтауға,

өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері деп көрсетілген. Мәмілелерге мынадай төрт белгі тән:

1. Мәміле - адамдардың ықтиярлы актісі, яғни әрекеті. Әрекеттер мен оқиғаларды ажырата білу қажет, ол оқиғаларға адамның ықтиярына бағынбайтын мән-жайлар жатады. Мысал үшін дүлей апат сипатындағы құбылыстарды (дауыл, су тасқыны, өрт, сондай-ақ соғыс қимылдары, ереуіл) айтуға болады. Мәміленің ырықты сипаты оның тиісті құқықтар мен міндеттер жасауға, оларды өзгерту мен тоқтатуға бағытталуымен айқындалады. Мәмілелерді құқықтардан-әлгіндей нысаналы бағыты жоқ әрекеттерден сондай белгілері бойынша ажырату қажет. Бұл арада Азаматтық кодекстің олжа және оған меншікті болу тәртібі жөніндегі ережелерді реттейтін 245-бабын мысалға келтіруге болады, Жоғалған затты табушының оны табуды мақсат етпесе де, оның, белгілі бір құқықтары мен міндеттері пайда болады.

2. Мәміле - заңды әрекет, ол құқыққа қарсы (заңсыз), азаматтық құқықтар мен міндеттерді туғызатын әрекеттерден Деликтілерден (азаматтардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ басқа адамның мүлкіне зиян келтіру) сонысы арқылы ерекшеленеді.

3. Мәміле арнайы азаматтық құқық қатынастарының пайдалануына, тоқтатылуына немесе өзгертілуіне бағытталған.

Мәміле құқықтар мен міндеттерді пайда болуына, өзгертілуіне немесе тоқтатылуын бағытталуын және алайда басқа құқық салалары реттейтін өзге де ықтиярлы актілерден осы белгілер, арқылы ажырату қажет. Мәселен еңбек заңдарында қызметкерлердің еңбектегі құқықтары мен міндеттері олардың қызметке есептеу туралы арыз беруі мен әкімшіліктің оларды, жұмысқа қабылдау туралы бұйрығы шығарылған кезден бастап пайда болатыны көзделген Мәмілелерді әкімшілік актілерден ажырата білу қажет, ал ондай актілер де азаматтық құқықтар мен міндеттердің туындауына негіз болмайды. Мәміле азаматтық қатынастарды туғызады, өйткені мәміле жасау нәтижесінде туындайтын құқықтық салдар нақ азаматтық заңмен айқындалады.

Мәміле белгілерін қарастыра білгенде, оның мәні тараптардың еркі мен ерік білдіруінен тұратынын атап өту қажет. Ерік дегеніміз адамның мәміле жасасу деген тілегі, ниеті, яғни оның психикалық жай-күйі. Мұндай ниет, тілек ішкі ерік деп аталады. Алайда адам ерік білдірмесе. оның мәміле жасауға деген ниеті белгісіз болып қала берді. Ерікті білдіру (көрсету) ерік білдіру деп аталады. Ерік: «Мен нені қалаймын?» деген, ал ерік білдіру: «Ал бұл үшін мен не істеймін?» деген сұраққа жауап қайтарады (ауырып қалуыма немесе қартаюма байланысты өзімді-өзім қамтамасыз еткім келеді, сондықтан да өмірімді сақтандыру жөнінде мәміле жасаймын).

Ерік ауызша, жазбаша, ым жасау арқылы және, ақырында, үндемеу (әрекетсіздік) арқылы білдірілуі мүмкін. Мәмілені ауызша жасасу оны

өзара ерік білдіруге қатысушылардың тікелей қабылдауын білдіреді. Телефон арқылы жасалған мәміле ауызша жасалған деп танылады.

7.4 Шарттардың түсінігі және түрлері.

Азаматтық кодекстің 378-бабына сәйкес, екі немесе адан көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімшарт деп танылады. Мұндай айқындама шарт-мәмілені меңзейді.

Шарттан туындайтын міндеттемелерге, Азаматтық кодекстің тиісті баптарында шарттардың кейбір түрлеріне арналған ережелерінде өзгеше көзделмегендіктен, міндеттемелер жөніндегі жалпы ережелер қолданылады. Мысалы, шарттан (бірлескен қызмет туралы шарт, құрылтай шарты, авторлық шарт және басқалар) туындайтын заттық, авторлық немесе өзге құқықтық қатынастарға, егер заңдардан, шарттан немесе құқықтық қатынастардың мәнінен өзгеше туындамаса, жалпы шарттардың ережелері қолданылады.

Шарт еркіндігі. Азаматтық заңның негізгі бастауларының бірі Азаматтық кодекс айқындаған шарт еркіндігі болып табылады (АҚ-тің 2-бабының I-тармағы).

Азаматтық кодекстің 380-бабына сәйкес азаматтық, құқықтың субъектісі шарт жасауда еркін болады. Ол атап айтқанда: 1) шартты жасау не жасамау; 2) шарт бойынша серікті жақты таңдау; 3) шарттың түрін таңдау; 4) Шартқа белгілі бір не басқа жағдайларды өзінің қалауынша енгізу.

Тараптар заңдарда көзделген шартты да, көзделмеген шартты да жасаса алады. Ең бастысы, ол заңға қайшы келмесе болғаны (АҚ-тің 380-бабының 2-тармағы).

1. Шарттың әрқилы болып келуі азаматтық құқықта оларды топтастыруға жол ашады. Шарттарды топтастыру олардың негізгі белгілеріне орай жүргізіледі (өзіне тән шарт белгілері),

Біржақты және екіжақты шарттар. Біржақты шарт деп бір жақта тек құқық, ал екіншісінде тек міндет болатын шартты айтады. Оған өсиет қалдыру шарты жатады, борыш қарызын қайтаруға міндетті, ал несие беруші оны талап етуге құқылы. Шарттардың көбі екіжақты болып келеді (сату-сатып алу, мүліктік қарыз, жеткізу, шарттау, мердігерлік, тасылмалдау және т.б.). Мысалы, сатып алу-сату шартында сатушы сатылған затты сатып алушыға тапсыруы керек, бірақ одан ақша төлеуді талап етеді, ал, сатып алушы заттың құнын төлеуге міндетті, және затты өзіне беруді талап ете алады. [2].

Шарттарды біржақты және көпжақты деп бөлудің тәжірибелік маңызы зор. Азаматтық кодекстің 284-бабында тараптардың өзара міндеттерді орындауы және қарсы талаптары қарастырылған; өз міндетін орындатудан бас тартуға немесе тоқтатуға қарсы талап берген жақтың

құқығы бар, оны толықтай не бөлектей жүзеге асыра алады, ал тиісінше орындамаған жағдайда келген залалдың орнын толтыруды талап ете алады.

Шарт ақылы және ақысыз болып бөлінеді. Ақылы шарт бойынша өз міндетін атқарған жақ ақысын алуға, не қарсы талап қоюға құқылы (мысалы, тапсырылған затқа, атқарылған жұмысқа, істелген қызметке ақша алады, тапсырған мүлкінің құнын алады). Бір тарап екінші тарапқа одан ақы алмай, немесе ешнәрсе бермей ұсынуды міндетіне алған шарт ақысыз шарт болып табылады (АК-тің 384-бабының 2-тармағы). Шарт бойынша тарап өз міндеттемелерін орындағаны үшін ақы алуы немесе бір-біріне бірнәрсе беруі керек болса, бұл ақылы шарт болып табылады. Жоғарыда айтқан ақысыз шартқа мысалы, сыйға беру, мүлікті ақысыз тегін пайдалану, кейбір жағдайда сақтау жатады.

Консенсуалды (келісім) және нақты шарт. Консенсуалды шарт Дегеніміз әржақтың келісімі бойынша жасалатын шарт. Бұл шарт олар келісімге келген бойда күшіне енеді де әржақтың құқықтары мен міндеттері туындайды (мысалы, сатап алу-сату, мүлікті жалдау, мердігерлік және т.б.).

Нақты шарт дегеніміз заттарды тапсыруы сәтінде ғана құқықтар мен міндеттер туғызатын шарт болып табылады (мысалы, займ шарты, азаматтардың қатысуымен сақтау шарты). [3,б.27].

Үшінші жақтың пайдасына жасалатын шарт. Әдетте міндеттемелер бойынша құқықтар мен міндеттерді алатындар - сол міндеттемеге қатысушылар. Алайда азаматтық айналымда басқа да түрлі міндеттемелер кездеседі, кейбір міндеттемелер мен талап құқығын міндеттемеге не тікелей өзі, не өзінің уәкілі арқылы қатыспайтан үшінші жақ алады.

Үшінші жақтың пайдасына жасалған шарт - бұл тараптар несие берушіге емес, шартта және борышқордың міндеттемені өзінің пайдасына орындауды талап етуге құқығы бар үшінші жақ үшін жасалған шарт (АК-тің 391-бабы). Үшінші жақтың пайдасына жасалатын шартты үшінші жаққа орындау жөніндегі шарттан бөлектеу қажет, өйткені, ол орындауды талап ету құқығын ешқашан еншілемейді. Аталған тұлға тек орындауды ғана қабылдауға уәкілетті, несие берушінің өзі де оны орындау ретінде қарайды. Үшінші тұлғаның айырмашылығы - шартты орындауды талап ету дербес құқығы болмайды. Ондай құқық үшінші жаққа шарт бойынша беріледі.

Акционерлік қоғам- өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға акционерлік қоғам болып танылады. Акционерлік қоғамның акционерлері заң актілерінде көзделгеннен басқа жағдайларда оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

Шарт-екі немесе бірнеше адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі.

Өсиет-азаматтың қайтыс болған жағдайда өз мүлкімен билік етуі.

Жеке меншік - жерге, жылжымайтын мүлікке, өндіріс құрал-жабдығына, ақшаға, бағалы қағаздарға, жұмыс күшіне, т.б. активтерге меншіктің негізгі нысандарының бірі; жеке адамның, фирмалардың оларды сатып алу, иелену, бақылау, мұраға қалдыру құқығы.

Мәміле - азаматтар мен заңды ұйымдардың азаматтық құқықтар мен міндеттер белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеті. Мәміле жасау үшін ұсыныс, ниет, екінші тараптан келісім керек.

Міндеттеме - бір адам (борышкер) басқа адамның (кредитордың) пайдасына мүлік беру, жұмыс орындау, ақша төлеу және тағы да сол сияқты белгілі бір әрекеттер жасауға не белгілі бір әрекет жасаудан тартынуға міндетті, ал кредитордың борышкерден өз міндеттерін орындауын талап етуге құқығы бар. Кредитор борышкерден атқарылғанды қабылдауға міндетті.

Лизинг шарты - бойынша лизинг беруші лизинг алушы көрсеткен мүлікті сатушыдан меншігіне сатып алуға және лизинг алушыға осы мүлікті ақы төлеп уақытша иеленуге және кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға беруге міндеттенеді.

Франчайзинг-ірі корпорациялар (франчайзерлер) франчайзер атынан әрекет ету арқылы құқық беру нысанына сәйкес, шағын фирмалармен шарт жасайтын ірі және ұсақ кәсіпкерліктің аралас нысаны.

Авторлық құқық — объективті мағынада - ғылым, әдебиет немесе өнер туындыларын, яғни осы салалардағы адамдардың шығармашылық қызметінің объективті нәтижелерін құрумен және пайдаланумен байланысты құқықтық қатынастарды реттейтін нормаларының жиынтығы.

Шаруашылық серіктестік - жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) үлесіне (салымдарына) бөлінген коммерциялық ұйым.

8 ТАҚЫРЫП. ҚР ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

8.1 Отбасы құқығының түсінігі, қағидалары және қайнарлары

8.2 Некені бекіту және тоқтату.

8.3 Асырап алу, қамқоршылық, қорғаншылық.

Дәріс мақсаты: Отбасы құқығының ерекшелігін ажырату, неке шарты түсінігін анықтау; неке жасын белгілеу, жұбайлар арасындағы құқықтар мен міндеттер, ата-ана мен баланың өзара құқықтары мен міндеттерін қарастыру.

Кілт сөздер: Отбасы, неке, неке шарты.

8.1 Отбасы құқығының түсінігі, қағидалары және қайнарлары

Адамдар арасында неке фактісімен, қандық туыстықпен, асырап алудан, балаларды тәрбиеге алудан туатын жеке және олардан шығатын мүліктік қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығын отбасы құқығы дейміз.

Отбасы негізгі қағидалары: неке қатынастарының еріктілігі, бірнекелік, жұбайлар теңдігі, балаларға отбасы тәрбиесін берудің басымшылығы, балалардың мүдделері мен құқықтарын сөзсіз қорғауды қамтамасыз ету және еңбекке қабілетсіз отбасы мүшелерін қорғау.

Отбасы мүшелеріне заң тәртібімен некеде тұрған күйеуі мен әйелі, балалары және ортақ ата – анадан тараған туысқандар, асырап алушылар мен асырап алғандар және т.б. жатады.

Отбасы құқығының қарым – қатынасы объектілеріне отбасы мүшелерінің іс - әрекеттері және мүліктері жатады.

Отбасы құқықтық қатынастардың пайда болу негіздерінде заңдық факілер, яғни іс-әрекеттер мен оқиғалар жатады. Бұл заңдық фактілер отбасы құқығының нормалары көрсеткен нақты өмірлік жағдайлар жатады. Іс-әрекеттер құқықтық және құқықтық емес болып бөлінеді. Мысалы, заңға сәйкес, баланы мектепке орналастыру құқықтық, ал еңбекке қабілетсіз әке-шешесін бағып-қағудан бас тарту – құқықсыз іс-әрекет. Мұндағы заңдылық факт – бала асырап алу фактісі, қартайған әке-шешенің материалдық қажеттілігі.

ҚР Неке және отбасы заңдылығы азаматтарға отбасы құқықтарын өз қалауларынаша пайдалануға рұқсат берілген. Бірақ оларды бұрыс пайдалануға немесе асыра пайдалануға тыйым салған.

Азаматтардың отбасы құқықтарын қорғау сотпен жүзеге асырылады, ал заңда қарастырылған жағдайда қамқоршылық пен қорғаушылықты жүзеге асыратын органдармен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі». 26.12.2011 №518-IV қабылданды. Қазақстан Республикасының неке-отбасы кодексі Қазақстан Республикасының [Конституциясына](#) негізделеді.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің 3-бабында көзделгендей Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасы:

1) отбасы мүшелері: ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы, ал Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында көзделген жағдайларда және шектерде басқа туыстар мен өзге де адамдар арасындағы құқықтар мен міндеттерді, мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды белгілейді;

2) некеге отырудың (ерлі-зайыпты болудың), некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтатудың және оны жарамсыз деп танудың шарттары мен тәртібін белгілейді;

3) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың нысандары мен тәртібін айқындайды;

4) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу тәртібін реттейді;

5) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың функцияларын айқындайды.

8.2 Некені бекіту және тоқтату.

Отбасы құқығының негізгі бір ұйымына неке түсінігі жатады. Неке - әйел мен ер адамның еркін, ерікті және тең құқықты одағы. Бұл одақ белгілі бір заңдық салдарды туғызатындықтан, белгілі бір ережелерді сақтау жолымен жасалуы тиіс. Жұбайлардың міндеттері мен құқықтары неке қиюды азаматтық хал актілерін жазу мекемесінде тіркеген кезден бастап туады. АХАЖ-да, сонымен қатар, туу, аты-жөнін өзгерту, адамның қаза болуы тіркеледі.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі неке қиюдың заңдық тәртібі мен шарттарын бекіткен. Неке қию кезінде жұбайлардың екеуі де қатысуы міндетті, отбасы одағын құруға өзара келісім болуы тиіс. Олар неке жасына (18 жас) жетуі тиіс. Белгілі бір себептерге байланысты бұл жас екі жылға дейін төмендетілуі мүмкін.

Неке тұлғалардың азаматтық әрекет қабілеттілігі болғанда ғана заңды деп танылады.

Неке мына жағдайларда заңсыз: тұлғаның вирустық жұқпалы аурумен ауыруы, туысқандарарасында, асырап алушы мен асыралушы арасында.

Ажырасу жұбайлар арасындағы отбасылық қатынастардың тоқтауына негіз болады.

Некеге отырған әйел мен еркек жеке мүліктік емес құқықтарға, сонымен қатар мүліктік құқықтар мен міндеттерге ие болады. Некеге отыру бір жақтың құқықтарын шектеуге себеп бола алмайды. ҚР неке және отбасы заңдылығында «отбасы басшысы» деген ұғым жоқ. Неке қию кезінде ата-текті әйелінің немесе күйеуінің атына немесе егер екеуінің некеге дейінгі ататектері ұқсас болмаса, тектерін қосуға рұқсат.

Ата-аналарына тиісті мүлікке балаларының меншік құқығы болмайды. Заңда некедегілердің екі мүлкі ажыратылған: 1) некеге дейінгі, 2) неке кезінде пайда болған ортақ меншік.

8.3 Асырап алу, қамқоршылық, қорғаншылық.

Ортақ мүлікпен иелік ету жұбайлар келісімімен жүргізіледі. Бұл жағдай неке шартымен жұбайлардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін. Неке шарт нотариалдық куәландыруға жатады. Ол неке кезінің

кез-келген уақытында жасалып, өзгертіле алады және тоқтатылуы мүмкін. Неке шарты неке бұзылғанда өз әрекетін тоқтатады.

Ата-ана міндеттері: кәмелетке толмаған және еңбекқабілеттігі жоқ балаларын қамтамасыз ету, тәрбиелеу, физикалық дамуын, оқуын қамтамасыз ету, заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау.

Баланың құқықтары: Отбасында өмір сүру, тәрбиелену, өз ата-анасын білу, олармен қатынасу, өз құқықтары мен мүдделерін қорғау, аты-жөнге құқық, өз ойын білдіру, қамтамасыз етілу құқығы.

Неке бұзылғаннан кейін 300 күн ішінде туған баланың әкесі ретінде арыз беруші ер адам танылады. Егер ол өзінің биологиялық әкесі емес екеніне күманданса, дауласуға құқығы бар.

Ата-ана өз баласына қатысты міндеттерін орындамаса, тәрбиесіне, өсуіне теріс ықпал етсе олар сот арқылы ата-аналық құқығынан айырылуы мүмкін. Оны тек онжасқа толған баланың өз келісімімен қайтаруға болады.

Ата-аналық құқығын шектеу балаларды қамтамасыз ету міндетінен айырмайды. Егер баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төнсе, қамқоршылық және қорғаушылық органы баланы алып қоя алады.

Алимент (лат-ауқат, қамтамасыз ету, асырау) міндеттілігі көбіне неке бұзылғанда туады. Ол балаға тиесілі. Алимент қолма қол, пошта арқылы. Есеп аудару арқылы, т.б. жолмен төлене алады. Алимент мөлшері туралы келісім болмаса, ол соттық жолмен алынады. Заңда бекітілген жалпы мөлшері мынадай: 1) балаға алимент төлеушінің табысының $\frac{1}{4}$ мөлшері, екі балаға - $\frac{1}{3}$, үш және одан көп болса $\frac{1}{2}$. Сот алимент мөлшерін еңбекақы немесе өзге де табыс арқылы не болмаса қатаң ақша соммасында анықтауға құқығы бар.

Келісім бойынша алимент мүлік арқылы беріле алады (пәтер, үй, жер участогі және т.б.).

Ата – ана қамқорынсыз қалған балаларды тәрбиелеудің төмендегідей нысандары бар:

1) асырап алу; 2) қамқорлыққа алу; 3) өгей отбасында тәрбиелеу (тәрбиелеушілерге ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады).

Қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленетін адамдар

1. Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оқыту мақсатында, сондай-ақ олардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін оларға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленеді.

2. Сондай-ақ, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленеді.

3. Бұл мән-жайлар балалардың мүдделеріне сай келетін жағдайларды қоспағанда, бір отбасында тәрбиеленген бірге туған

ағалы-інілер мен апалы-сіңлілерді әртүрлі адамдардың қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа алуына жол берілмейді.

Қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу

1. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа мұқтаж адамның тұрғылықты жері бойынша не қамқорлыққа жататын мүліктің орналасқан жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілейді. Жекелеген жағдайларда қорғаншылық немесе қамқоршылық қорғаншының немесе қамқоршының тұрғылықты жері бойынша белгіленуі мүмкін.

2. Адамды әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы шешім заңды күшіне енген кезден бастап үш күн ішінде сот оған қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу үшін бұл туралы сол адамның тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға хабарлауға міндетті.

3. Адамға қорғаншылықты немесе қамқоршылықты немесе мүлікке қорғаншылықты белгілеу қажеттігі туралы тиісті органдарға белгілі болған кезден бастап жиырма жұмыс күні ішінде қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленеді.

4. Қорғаншы немесе қамқоршы тағайындауға мүдделі адамдар сот тәртібімен шағым жасауы мүмкін.

Аккредиттеу – Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының бала асырап алу жөніндегі агенттіктердің және жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымдардың өз қызметін жүзеге асыру құқығын ресми тануы.

Алименттер – бір адам оны алуға құқығы бар екінші адамға беруге міндетті ақшалай немесе материалдық қаражат;

Ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған бала (балалар)

Патронат – жетім балалар, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балалар қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен баланы (балаларды) тәрбиеге алуға тілек білдірген адам жасайтын шарт бойынша отбасыларға патронаттық тәрбиеге берілетін тәрбие нысаны

Қамқоршылық – он төрттен он сегіз жасқа дейінгі баланың (балалардың), сондай-ақ спирттік ішімдіктерге немесе есірткі заттарына салыну салдарынан сот әрекет қабілетін шектеген кәмелетке толған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны

Неке (ерлі-зайыптылық) – ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ

Отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы.

Суррогат ана – суррогат ана болу шартына сәйкес тапсырыс берушілер үшін қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолданылғаннан кейін құрсақ көтеретін және бала (балалар) туатын әйел;

9ТАҚЫРЫП. ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУ ҚҰҚЫҒЫ

9.1 Еңбек құқығының пәні, тәсілдері, жүйесі және қайнарлары.

9.2 ҚР тұрғындарды еңбекпен қамтуды құқықтық реттеу.

9.3 Әлеуметтік әріптестік. Ұжымдық шарттар және келісімдер

Дәріс мақсаты: еңбек шартының негізгі түсінігін қалыптастыру және оның негізгі белгілеріне ерекше тоқталып өту. Еңбек уақыты және демалыс уақытының жұмыскерлердің әртүрлі категорияларына байланысты ерекшеліктеріне назар аударып қарастыру.

Кілт сөздер: ұйымдық басқару қатынастары, қызметке орналасу мен қызметті қамтамасыз ету қатынастары, өндірісте мамандарды тікелей дайындау, зиян орнын толтыру, еңбек дауларын қарау бойынша процесуальдық қатынастар, еңбекті қорғау, еңбек заңын сақтау.

9.1 Еңбек құқығының пәні, тәсілдері, жүйесі және қайнарлары.

Еңбек құқығының пәніне өндірістік қызметте жалдамалы жұмысшылардың еңбегін пайдаланудан туған қоғамдық қатынастар, яғни еңбек қатынастары мен олармен тығыз байланысты еңбектік емес қатынастар жатады, соңғыларына а) ұйымдық басқару қатынастары; ә)

қызметке орналасу мен қызметті қамтамасыз ету қатынастары; б) өндірісте мамандарды тікелей дайындау; в) зиян орнын толтыру; г) еңбек дауларын қарау бойынша процесуальдық қатынастар; д) еңбекті қорғау және еңбек заңын сақтау бойынша қатынастар жатады.

Еңбек құқығының қағидалары:

1. Еңбек шартының бостандығы;
2. Жұмысқа негізсіз қабылдамаудан және жұмыстан заңсыз шығарудан қорғау;
3. Еңбектің саламатты және қауіпсіз талаптарын қамтамасыз ету.
4. Мемлекетпен белгіленген ең төменгі жалақы мөлшеріне құқық;
5. Еңбек күнін заңдық шектеу, демалыспен қамтамасыз ету;
6. Заңмен бекітілген жеңілдіктермен еңбекті біріктіру;
7. Еңбек тәртібін жұмысшылардың сақтауы, мекеме мүлкін сақтау;
8. Ауыру, мүгедектікке шығу, қамқоршысынан айырылу кезінде әлеуметтік қамтамасыз ету. Жас бойынша мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру;
9. Өндіріс басқаруында еңбек ұжымының және жұмысшылардың қатысуы;

Еңбек құқығының қайнар көздеріне Конституция, *2015 жылғы 23 қарашадағы №414-Ү ҚРЗ* Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі және еңбек шарттары, т.б. актілер жатады. Еңбек шарты (контракт) – жұмыс беруші (мекеме) мен еңбекші арасындағы шарт. Ол бойынша жұмысшы еңбек етуге, еңбек тәртібіне бағынуға тиіс, ал жұмыс беруші (мекеме) еңбекақы төлеуге, еңбек жағдайын қамтамасыз етуге міндетті. Еңбек шартының талаптары; 1) қажетті талаптар, яғни, а) қабылдану бойынша өзара келісім мен жұмыс орны туралы келісім; ә) жұмысының еңбек функциясы туралы талап; б) жұмыстың басталу сәті, ал қысқа мерзімділер үшін жұмыстың аяқталу сәті де; в) еңбекақы төлеу шарттары туралы талаптар. 2) факультативті (қосымша, толықтырма) талаптар – бұлар еңбек шартын жасау фактісіне әсер етпейді. Тағайындалуы бойынша әртүрлі болады. Мысалы, жұмысты орындау тәртібін қосымша регламентациялау, міндеттер көлемін нақтылау, мамандық пен лауазымды сәйкестендіру, сынау мерзімі және т.б.

Еңбек шарты тек жазбаша жасалуы тиіс. Еңбек шартының тоқтатылу негіздері; 1) жақтардың өзара еркі арқылы (мысалы, тараптар келісімі басқа жұмысқа жұмысшы келісімімен ауыстыру, сайланбалы лауазымға ауысу) 2) әкімшіліктің инициативасы бойынша; 3) жұмысшы өтініші бойынша; 4) өзгенің инициативасы бойынша (әскерге шақыру, кәсіподақ органының талабымен жұмыстан босату, сотталғанда заң үкімінің күшіне енуі).

Еңбек қауіпсіздік және гигиена талаптарына сәйкес жүзеге асуға тиісті.

Кең мағнасында еңбекті қорғау бүкіл еңбек құқығының барлығы саналады, өйткені олардың бүкіл нормалары барлық жұмысшылардың мүдделерін қамтамасыз етеді.

Ал тар мағнасында еңбекті қорғау еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге тікелей бағытталған нормалардан тұратын еңбек құқығының құқықтық институтын білдіреді. Ол келесі нормалар тобынан тұрады:

- техника қауіпсіздігі мен өндірістік санитарий ережелері;
- ауыр, зиянды және қауіпті өндірістік жағдайларда жұмыс істейтін тұлғалардың еңбегін қорғайтын арнайы нормалардан;
- әйелдердің, кәмелетке толмағандардың және еңбек қабілеттігі төмен тұлғалардың еңбегін қорғау бойынша нормалардан;
- еңбекті қорғау туралы заңдарды бұзғандық үшін жауапкершілік жүктейтін және мемлекеттік қадағалау мен қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын органдардың қызметінің ұйымдасуын реттейтін нормалардан.

Бұл нормалар орталықтандырылған тәртіпте немесе жергілікті деңгейде қолданылуы мүмкін.

Еңбекті қорғау туралы талаптар жұмысшылармен сақталуы үшін, олармен инструктаж жүргізіледі. Инструктаж кіріспе, қайталама, жоспардан тыс (ағымдық) болып үшке бөлінеді. Кіріспе инструктаж жұмысқа қабылданған кезде жүргізіледі. Қайталама инструктаж бекітілген мерзімдерде, периодикалық түрде жүргізіліп отырады. Ағымдық инструктаж технологиялық үрдіс өзгергенде (немесе) құрал, еңбекті қорғау ережелері бұзылғанда жүргізіледі.

9.2 ҚР тұрғындарды еңбекпен қамтуды құқықтық реттеу.

Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға, Қазақстан Республикасында тұратын шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясат толық, өнімді және еркін тандап алынған жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған және:

- 1) жұмыс күшін дамыту, оның ұтқырлығын арттыру;
- 2) ұлтына, жынысына, жасына, әлеуметтік жағдайына, саяси ұстанымына, дінге деген көзқарасына және кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, еңбек ету бостандығына және қызмет пен кәсіп түрін еркін тандау құқығын іске асыруда тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

3) азаматтардың еңбек және кәсіпкерлік бастамашылығын қолдау, олардың өндірістік, шығармашылық еңбекке қабілетін дамытуға жәрдемдесу;

4) еңбек нарығының қажеттіліктеріне және оның даму перспективаларына сәйкес кадрлар даярлауға білім беру жүйесін бағдарлау;

5) жұмыс іздеуде қиындық көріп жүрген адамдарды жұмыспен қамтуға ықпал ететін іс-шараларды жүзеге асыру;

6) жаппай жұмыссыздықтың алдын алу және ұзаққа созылған жұмыссыздықты қысқарту;

7) жұмысынан айырылған жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыру және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау;

8) еңбек нарығына қатысушылардың күш-жігерін біріктіру және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларды іске асыру кезінде олардың әрекеттерінің келісілуі;

9) халықты жұмыспен қамту орталықтары және жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері арқылы еңбек делдалдығын ұйымдастыру;

10) ішкі еңбек нарығын шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу арқылы қорғау;

11) жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі республикалық іс-шараларды жергілікті атқарушы органдар қабылдайтын шаралармен үйлестіру;

12) мемлекеттік органдардың халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін шараларды әзірлеу мен іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіру мен реттеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

13) Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдегі және шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағындағы еңбек қызметіне байланысты мәселелерді шешуді қоса алғанда, халықты жұмыспен қамту проблемаларын шешуде халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру;

14) халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатпен келісілген, жұмыс орындарын және мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруды ынталандыратын қаржы, салық және инвестиция саясатын жүргізу жолымен іске асырылады.

Жұмыспен қамтылған адамдарға мыналар жатады:

1) жалдамалы жұмыскерлер, сондай-ақ ақы төленетін өзге де жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) адамдар;

2) дара кәсіпкерлер;

3) жеке практикамен айналысатын адамдар;

4) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын, жалдамалы жұмыскерлерге жатпайтын жеке тұлғалар;

5) шаруашылық серіктестіктерінің құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары, акционерлері (қатысушылары), сондай-ақ өндірістік кооперативтердің мүшелері болып табылатын жеке тұлғалар;

6) тәуелсіз жұмыскерлер;

7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеріп жүргендер.

Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шаралары:

Мемлекет:

1) жұмыс түрін және жұмысты таңдау еркіндігіне;

2) кемсітушіліктің кез келген нысандарынан қорғауға және кәсіппен жұмыс алуда, жұмыспен қамтылу мен еңбек жағдайларын таңдауда мүмкіндіктер теңдігіне;

3) жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауға негізделген халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын қамтамасыз етеді.

9.3 Әлеуметтік әріптестік. Ұжымдық шарттар және келісімдер

Әлеуметтік әріптестікті:

1) республикалық деңгейде – әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссия (бұдан әрі – республикалық комиссия);

2) салалық деңгейде – әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиялар (бұдан әрі – салалық комиссия);

3) өңірлік (облыстық, қалалық, аудандық) деңгейде – әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі облыстық, қалалық, аудандық комиссиялар (бұдан әрі – өңірлік комиссия) әлеуметтік әріптестік органдары арқылы тараптардың өзара іс-қимыл жасасуы нысанында;

4) ұйымдар деңгейінде – Қазақстан Республикасы заңнамасының негізінде жұмыскерлердің өкілдері мен жұмыс берушінің арасында еңбек саласындағы өзара нақты міндеттемелерді белгілейтін ұжымдық шарттар нысанында қамтамасыз етеді.

3. Тұрақты жұмыс істейтін республикалық, салалық, өңірлік комиссиялар мынадай қағидаттар:

1) комиссиялардың қызметіне атқарушы билік органдары өкілдерінің, жұмыс берушілер мен жұмыскерлер өкілдерінің қатысу міндеттілігі;

2) тараптардың өкілеттілігі;

3) тепе-тең өкілдік ету;

4) тараптардың тең құқықтылығы;

5) тараптардың өзара жауаптылығы негізінде қалыптастырылады.

4. Комиссияларға қатысушылардың дербес құрамын әлеуметтік әріптестіктің әрбір тарапы өз бетінше қалыптастырады.

5. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

1) әлеуметтік, еңбек және осылармен байланысты экономикалық қатынастарды реттеудің тиімді тетігін жасау;

2) қоғамның барлық топтарының мүдделерін объективті ескеру негізінде әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

3) жұмыскерлердің еңбек саласындағы құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз етуге, оларды әлеуметтік қорғауды жүзеге асыруға жәрдемдесу;

4) барлық деңгейлердегі әлеуметтік әріптестік тараптары арасындағы консультациялар мен келіссөздер процесіне жәрдемдесу;

5) ұжымдық еңбек дауларын шешуге жәрдемдесу;

6) әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау.

Әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру

1. Республикалық, салалық және өңірлік комиссиялар тараптардың орындауы үшін міндетті тиісті шешімдермен ресімделетін консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы әлеуметтік әріптестік тараптарының мүдделерін келісуді қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін органдар болып табылады.

Әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыруды қамтамасыз ету:

1) республикалық деңгейде еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға;

2) салалық деңгейде тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдарына;

3) өңірлік деңгейде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарына жүктеледі.

Әлеуметтік әріптестік келісімдерінің тараптары, түрлері

1. Республикалық деңгейде Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері мен республикалық кәсіптік одақтар бірлестіктері арасында бас келісім жасалады.

2. Салалық деңгейде тиісті қызмет саласының уәкілетті мемлекеттік органдары, жұмыс берушілердің өкілетті өкілдері мен салалық кәсіптік одақтар арасында салалық келісімдер жасалады.

3. Өңірлік деңгейде жергілікті атқарушы органдар және жұмыс берушілердің өкілетті өкілдері мен аумақтық кәсіптік одақтар бірлестіктері арасында өңірлік (облыстық, қалалық, аудандық) келісімдер жасалады.

Ұжымдық шарттың тараптары. Ұжымдық келіссөздер жүргізу, ұжымдық шартты әзірлеу және жасасу тәртібі

1. Жұмыс беруші және жұмыскерлер атынан белгіленген тәртіппен уәкілеттік берілген олардың өкілдері ұжымдық шарттың тараптары болып табылады.

2. Ұжымдық келіссөздерді бастау және ұжымдық шартты жасасу туралы ұсынысты тараптардың кез келгені жасауы мүмкін.

Екінші тараптың ұжымдық шарт жасасу жөніндегі келіссөздерді бастау туралы ұсынысы бар хабарламасын алған тарап оны он күн мерзімде қарауға міндетті.

3. Ұжымдық шарт ұйымдарда да, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінде де жасалуы мүмкін. Ұйымда бір ұжымдық шарттың болуына жол беріледі.

4. Ұжымдық келіссөздер жүргізу және ұжымдық шарттың жобасын әзірлеу үшін тараптар тепе-теңдік негізде комиссия құрады. Комиссия мүшелерінің саны, оның дербес құрамы, жобаны әзірлеу және ұжымдық шарт жасасу мерзімдері тараптардың келісімімен айқындалады.

Кәсіптік одақтың мүшелері болып табылмайтын жұмыскерлер жұмыс берушімен өзара қарым-қатынастарда өздерінің мүдделерін білдіру үшін кәсіптік одақ органына уәкілеттік беруге құқылы.

Ұйымда жұмыскерлердің бірнеше өкілдері болған кезде олар комиссия жұмысына қатысу, ұжымдық шартты талқылау және қол қою үшін бірыңғай өкілді орган құрады.

5. Комиссия дайындаған ұжымдық шарттың жобасы ұйым жұмыскерлерінің міндетті түрде талқылауына жатады. Комиссия келіп түскен ескертпелер мен ұсыныстарды ескере отырып, жобаны пысықтайды.

6. Тараптардың келісіміне қол жеткізілген кезде, ұжымдық шарт кемінде екі данада жасалады және оған тараптардың өкілдері қол қояды.

7. Ұжымдық шарттың жекелеген ережелері бойынша тараптар арасында келіспеушіліктер болған кезде олар туындаған күннен бастап бір ай ішінде тараптар бір мезгілде келіспеушіліктер хаттамасын жасай отырып, келісілген талаптармен ұжымдық шартқа қол қоюға тиіс. Ұжымдық келіссөздер барысында туындаған келіспеушіліктер өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде оларды реттеу бойынша бұдан кейінгі ұжымдық келіссөздердің нысанасы болуы мүмкін.

8. Ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар тараптардың өзара келісуі бойынша ғана жүргізіледі.

9. Егер алынған мәліметтер мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын болса, ұжымдық келіссөздер тараптары оларды жария етуге құқылы емес.

10. Ұжымдық келіссөздер тараптары келіссөздер жүргізу кезінде жалақысы сақтала отырып, еңбек міндеттерін орындаудан босатылуы мүмкін.

11. Жұмыс беруші тараптар қол қойған ұжымдық шартты қол қойылған күнінен бастап бір ай ішінде мониторинг үшін еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға ұсынуға міндетті.

Айлық жалақының ең төмен мөлшері – біліктілікті қажет етпейтін қарапайым (онша күрделі емес) еңбек жұмыскері Еңбек Кодексында белгіленген қалыпты жағдайларда және жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы кезінде еңбек міндеттерін орындаған кезде бір айда оған төленетін ақшалай төлемдердің кепілдік берілген ең төмен мөлшері

Әлеуметтік әріптестік – жұмыскерлер (жұмыскерлердің өкілдері), жұмыс берушілер (жұмыс берушілердің өкілдері), мемлекеттік органдар арасындағы еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу мәселелері бойынша олардың мүдделерін келісуді қамтамасыз етуге бағытталған, тең құқықты ынтымақтастыққа негізделген өзара қатынастар жүйесі

Еңбек шарты – жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы жазбаша келісім, бұған сәйкес жұмыскер белгілі бір жұмысты (еңбек функциясын) жеке өзі орындауға, еңбек тәртіптемесін сақтауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші жұмыскерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, Еңбек Кодексында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, жұмыскерге уақтылы және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді

Жалақы – жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына қарай еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер

Жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға

Еңбек дауы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскер (жұмыскерлер) мен жұмыс беруші (жұмыс берушілер), оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болғандар арасындағы келіспеушіліктер

Жұмыскер – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға

Еңбектің қауіпсіз жағдайлары – жұмыс істейтіндерге өндірістік факторлардың әсерінің деңгейлері белгіленген нормативтерден аспайтын еңбек жағдайлары

Зиянды еңбек жағдайлары – зиянды өндірістік факторлардың болуымен сипатталатын еңбек жағдайлары

Кепілдіктер – жұмыскерлерге әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында берілген құқықтардың жүзеге асырылуы олардың көмегімен қамтамасыз етілетін құралдар, тәсілдер мен жағдайлар.

10 ТАҚЫРЫП. ҚР АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ НЕГІЗДЕРІ

10.3 Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні, тәсілдері және қағидалары.

10.4 Азаматтық іс жүргізу сатылары

Дәріс мақсаты: іс жүргізу құқығының конституциялық негізін, қайнар көздерін ашу. Әкімшілік іс жүргізу, оның құқықтық реттеу ерекшелігі. Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні, әдісі, жүйесі мен қағидаларын. Қылмыстық іс жүргізу құқығының пәні, әдісі, жүйесі мен қағидаларын білу. Кілт сөздер: Азаматтық іс жүргізу, Азаматтық іс жүргізу сатылары

10.1 Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні, тәсілдері және қағидалары.

Азаматтық іс жүргізу бұл сот және басқа субъектілер арасындағы азаматтық іс қарау мен шешу кезіндегі құрылатын азаматтық іс жүргізу құқықтың нормаларымен реттелген азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастар және процессуалдық әрекеттер жиынтығы. Осы іс жүргізудің басты мақсаты – бұзылған құқықты қалпына келтіру немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғау. Азаматтық іс жүргізу (процесс) соттың, тараптардың (талап қоюшы мен жауапкер), басқа да процеске қатысушылардың (прокурор, өкілдер, сот хатшысы және т.б.) процессуалдық әрекеттерін, олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін жинақтайды. Сотқа, басқа да қатысушыларға процеске қатысу мақсатына жету үшін заңмен белгіленген іс жүргізу құқықтары беріліп, соған сәйкес іс жүргізу міндеттері жүктеледі. Іс жүргізу құқықтар мен іс жүргізу міндеттер азаматтық іс жүргізу барысында жүзеге асырылады.

Азаматтық іс жүргізудің нысанына тән белгілер:

а) сот істерін қарау және шешу тәртібі алдын ала азаматтық іс жүргізу құқықтың нормаларымен белгіленген;

б) істің аяқталуына мүдделі тұлғалар сот мәжілісіне іс қарауына қатысу құқығы бар және өз құқықтары мен мүдделерін қорғауға;

в) сот шешімі іс бойынша сот отырысында дәлелдемелер арқылы анықталған деректерге сүйену қажет және заңға сәйкес болу керек.

Сот төрелегін жүзеге асыруда қоғамдық қатынастарды реттейтін азаматтық іс жүргізу құқығы құқық жүйесінде дербес құқық саласы болып саналады. Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні азаматтық іс жүргізу болып табылады. Азаматтық іс жүргізу құқығы мен азаматтық іс

жүргізудің пәндерін бір-бірінен ажырата білу керек. Олардың ұғымдарын айта кету керек. Азаматтық іс жүргізу құқық жүйесі екі (Жалпы және Ерекше) бөлімнен тұратынын ескерген жөн. Жалпы бөліміне: жалпы ережелер, азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері мен принциптерін, ведомстволық бағыныстылық және соттылық туралы жалпы ережелерді, іске қатысушы тұлғалар туралы жалпы ережелерді, сот хабарлаулары мен шақырулары туралы жалпы ережелерді, іс жүргізу мерзімдерінің жалпы ережелерін және т.б. жатқызуға болады. Ерекше бөліміне: бірінші сатыдағы сотта іс жүргізуді, бұйрық арқылы іс жүргізуді, талап қою бойынша іс жүргізуді, ерекше талап қоюмен іс жүргізуді, ерекше іс жүргізуді, сот қаулыларын қайта қарау бойынша іс жүргізуді, жойылған сот ісін немесе атқару ісін жүргізуді қалпына келтіруді, халықаралық процесс және т.б. жатқызуға болады.

Азаматтық сотта іс қарау саласында құқықтық реттеу әдістері: императивтік және диспозитивтік.

Азаматтық іс жүргізу құқығының бастаулары дегеніміз – азаматтық іс жүргізу әрекеттер тәртібін реттейтін жалпы және деректі ережелер, нормативтік – құқықтық актілер. Азаматтық істерді жүргізу заңдары – азаматтық, отбасылық, еңбектік құқықтық қатынастардан туатын даулар жөніндегі істерді, әкімшілік-құқықтық қатынастардан туатын істерді және ерекше сипаттағы істерді қарау тәртібін белгілейді. Азаматтық іс жүргізу құқығының процессуалистері азаматтық іс жүргізу құқығының конституциялық қағидаларына келесі қағидаларды жатқызады:

- Заңдылық;
 - Азаматтық істер бойынша сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады;
 - Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және ҚР-ның Конституциясы мен заңына ғана бағынады және т.б.
- Азаматтық іс жүргізу құқығының салалық қағидаларына келесі қағидаларды жатқызуға болады:
- Сотта азаматтық істерді төрелік және жеке баста үйлесім қарау;
 - Сот ісін жүргізу тілі;
 - Істер бойынша сот іс жүргізуіне қоғамшылдық және т.б.

10.2 Азаматтық іс жүргізу сатылары

ҚР АПК-сі соттың қарауына жататын барлық азаматтық істерді төрт түрге бөледі:

1. бұйрық бойынша іс жүргізу істері;
2. талап қоюмен іс жүргізу істері;
3. ерекше талап қоюмен іс жүргізу істері;
4. ерекше іс жүргізу істері;

Азаматтық процестің сатылары бұл келесі мақсаттарға жетуге бағытталған процессуалдық әрекеттер жиынтығы: талап арызды

(арызды, шағымды) қабылдау, сот қарауына істерді әзірлеу, сотта іс қарау, сот актілерін шығару және т.б.

Азаматтық іс жүргізу (процесс) сатылары

Азаматтық іс жүргізу сатыларын былай бөліп қарастыруға болады:

1 – Іс қозғау сатысы.

Сот азаматтық істерді мынандай жағдайларда қарайды:

1)өзінің құқығын немесе заңды мүддесін қорғауды талап еткен адамның арызы бойынша;

2) заңда белгіленген реттерде басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды талап етіп, соттан өтіне алатын мемлекеттік басқару органдарының, мекемелердің, кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың немесе жеке азаматтардың арызы бойынша.

Талап арыз, арыз не шағым беру арқылы судья сотта азаматтық іс қозғайды және ол бойынша сәйкесті ұйғарым шығарады.

2 – Істі сотта қарауға әзірлеу сатысы.

Азаматтық істерді қарағанда арызды қабылдағаннан кейін судья істі сотта қарауға әзірлік жүргізеді, оның мақсаты – істі уақытылы және дұрыс шешуді қамтамасыз ету. Істі сотта қарауға әзірлеу туралы судьяның жеке өзі мынандай әрекеттерді жасайды:

1) талап қоюшыдан талаптардың мән-жайы жөнінде сұрастырады. Онда жауапкер жағынан болуы мүмкін қарсылықтарды анықтайды, қажет болса, қосымша дәлелдемелер тапсыруды ұсынады, талап қоюшыға оның іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

2) қажет болған реттерде, жауапкерді шақырып, одан істің мән-жайы жөнінде сұрастырады, оның талапқа қандай қарсылықтары бар екенін және бұл қарсылықтарын қандай дәлелдермен қуаттай алатындығын анықтайды, ерекше күрделі істер жөнінде жауапкерге іс бойынша жазбаша түсініктер беруді ұсынады, оған оның іске қатысу құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

3) үшінші тұлғаларды және өзге қатысушыларды іске қатыстыру туралы мәселені шешеді;

4) іске прокурордың қатысуы туралы мәселені шешеді. Белгіленген тәртіп бойынша хабар-ошарсыз кетті, ақылының ауысуы немесе есінің кемдігі салдарынан әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған адамдардың, неке бұзу туралы істері бойынша жауапкердің мүліктік құқықтарын қорғау үшін, сондай-ақ балаларының мүдделерін қамтамасыз ету үшін қорғаншы және қамқоршы органдарын процеске қатыстыру мәселесін шешеді.

Судья қойылған талаптарды анықтайды, тараптарға және үшінші тұлғаларға қажетті дәлелдемелер жинауға жәрдемдеседі. Егер қаралатын іс бойынша қажет болса процеске мүдделі тұлғалар, сарапшыларды, аудармашыны, куәларды және т.б. қатыстыру мәселесін шешеді. Судья іс жеткілікті әзірленген деп тапса, оны сот мәжілісінде қарауға тағайындау туралы ұйғарым шығарады.

3 – Сотта іс қарау сатысы.

Бұл сатыда сот (жеке дара) сот отырысында іс материалдарын қарайды, істі мәні бойынша шешеді немесе іс бойынша өндірісті қысқартады. Жалпы ереже бойынша шешім қабылдаумен аяқталады.

4 – Заң күшіне енбеген сот шешімдері мен ұйғарымдарына апелляциялық шағым беру және наразылық келтіру арқылы қайта қарау сатысы (апелляциялық өндіріс).

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты, Азаматты процессуалдық Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

5 – Сот актілерін орындау сатысы.

Бұл сатыда соттың заң күшіне енген актісі (шешімі, ұйғарымы, қаулысы) борышкердің өз еркімен немесе сот орындаушының мәжбүрлеу шарасын қолданылуымен орындалады.

6 – Заң күшіне енген сот актілерін қадағалау тәртібі бойынша қайта қарау сатысы (қадағалау өндірісі).

Сот шешімінің дәлелсіздігі немесе материалдық немесе іс жүргізудің құқық нормаларының елеулі түрде бұзылуы сол шешімді бақылау ретінде бұзуға негіз болады. Сот істі қадағалау тәртібімен қарудың нәтижесінде кеңесу бөлмесінде мынандай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) Бірінші, апелляциялық, қадағалау сатысындағы шешімді өзгеріссіз, ал шағымды, наразылықты қанағаттандырмай тастайды;

2) Бірінші, апелляциялық сатыдағы сот шешімінің толық не бөлігіндегі күшін жояды және істі бірінші, апелляциялық сатыдағы сотта жаңадан қарауға жібереді;

3) Бірінші, апелляциялық сатыдағы сот шешімінің толық не бөлігіндегі күшін жояды және талап-аразын қарамай тастайды не іс бойынша іс жүргізуді қысқартады;

4) іс бойынша шығарылған шешімдердің біреуін күшінде қалдырады;

5) Бірінші, апелляциялық, қадағалау сатысындағы соттың шешімін өзгертеді не оның күшін жояды, материалдық құқық нормаларын қолдануда және түсіндіруде қате жіберілген болса, істі жаңадан қарауға жібермей, жаңа шешім шығарады.

Істі қадағалау тәртібімен қарау кезінде сот істе бар материалдар бойынша шағым, наразылық дәлелді шегінде бірінші, апелляциялық сатыдағы соттар шығарған сот актілерінің заңдылығы мен негізгілігін тексереді. Сот құрамы үш судьядан кем болмауы тиіс. Істі қарағаннан кейін сот қаулы шығарады.

7 – Заң күшіне енген сот актілерін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау сатысы.

Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша бұл ерекше саты деп аталады.

Шешімдерді жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарауға мыналар негіз болады:

1) іс үшін елеулі маңызы бар, арыз барушіге белгілі болуы мүмкін емес мән-жайлар;

2) заңды күшіне енген сот үкімі бойынша анықталған, заңсыз немесе дәлелсіз шешім шығаруға негіз болған куәнің біле тұра берген жалған жауабы, сарапшылардың біле тұра жасаған жалған қорытындысы, аудармашының біле тұра теріс жасаған аудармасы, құжаттардың немесе айғақтық заттардың жалғандығы.

Азаматтық іс жүргізу - бұл сот және басқа субъектілер арасындағы азаматтық іс қарау мен шешу кезіндегі құрылатын азаматтық іс жүргізу құқықтың нормаларымен реттелген азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастар және процессуалдық әрекеттер жиынтығы. Осы іс жүргізудің басты мақсаты – бұзылған құқықты қалпына келтіру немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғау.

Азаматтық іс жүргізу құқығы – азаматтық істерді қарап, шешім шығарып және оны орындау тәртібін реттейтін нормалар жиынтығынан тұратын ұлттық құқықтың бір саласы. Ол сот органдарының сот ісін жүргізудегі қызметін, судьялардың қызметін, іс жүргізуге барлық басқа да қатысушылардың қызметіне байланысты туатын қатынастарды реттейді.

Азаматтық іс жүргізу құқығының бастаулары дегеніміз – азаматтық іс жүргізу әрекеттер тәртібін реттейтін жалпы және деректі ережелер, нормативтік – құқықтық актілер.

Тараптар - талап қоюшы мен жауапкерді атайды. Талап қоюшы мен жауапкер ретінде жеке тұлғалар (ҚР-ның азаматы, шетел азаматы және азаматтығы жоқ адам) мен заңды тұлғалар (мекемелер, ұйымдар және кәсіпорындар) болып табылады.

Талап қоюшы – сотқа талап арыз беру арқылы өзінің субъективтік құқықтары мен заңмен қорғалатын мүддесін қорғаушы тұлға. Қазіргі азаматтық іс жүргізу заңында талап қоюшының азаматтық процеске қатысуының 2 негізі көрсетіледі: 1-ден талап қоюшы өз мүдделерін және құқықтарын көздеп талап қою арқылы қатысады; 2-ден басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінеді. Бірінші жағдайда талап қоюшы іс жүргізуін өзі бастайды, ал екінші жағдайда ол іске қатысуға соттан рұқсат сұрайды.

Жауапкер – талап қоюшының талабы бойынша сот алдында жауап беретін тұлға. Талап қоюшының айтуынша жауапкер оның субъективтік құқықын немесе заңмен қорғалатын мүддесін бұзып не дауға салып отыр. Талап қоюшы мен жауапкер – сотта қаралуға жататын даулы құқық қатынасының немесе заңмен қорғалатын мүдденің субъектілері.

Азаматтық іс жүргізу құқық қабілеттігі – азаматтық іс жүргізу құқықтары мен міндеттеріне ие болу қабілеттілігі, материалдық құқық субъектілері болып табылатын барлық азаматтар мен ұйымдар үшін бірдей дәрежеде танылады. Азаматтарға азаматтық іс жүргізу құқық қабілеттері туғаннан беріліп, өлгенде ғана тоқтатылады.

Азаматтық іс жүргізу әрекет қабілеттігі – сотта құқықтарын өз іс-әрекеттерімен жүзеге асыру және міндеттерін орындау, іс жүргізуді өкілге тапсыру қабілеттігі.

Өкілдік – басқа адамның (өкілдік берушінің) атымен бір адамның (өкілдік) сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілеттігі күшімен жасаған мәмілесі өкілдік берушінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін тікелей туғызады, өзгертеді және тоқтатады. Өкілеттік өкілдің әрекет жасаған жағдайынан да көрінуі мүмкін.

11 ТАҚЫРЫП. ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ НЕГІЗДЕРІ

11.1 Қылмыстық іс жүргізу құқығының түсінігі, мәні және қағидалары

11.2 Қылмыстық қудалау. Қылмыстық іс жүргізу үрдісінің субъектілері.

11.3 Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу

Дәріс мақсаты: Қылмыс іс жүргізу түсінігі, қылмыстық қудалау, қылмыстық іс жүргізу үрдісінің субъектілерін, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу ерекшеліктерін ажырату.

Кілт сөздер: Қылмыс іс жүргізу, қылмыстық қудалау, қылмыстық іс жүргізу үрдісінің субъектілерін, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу.

11.1 Қылмыстық іс жүргізу құқығының түсінігі, мәні және қағидалары

Қылмыстық процестік құқығы – құқық салаларының бірі ретінде қылмыстық құқық бұзушылық және қылмысты құқық бұзушылықты жасауға дайындалғандарды қылмыстық жауаптылыққа тартуға қатысты құқықтық қатынастарды ретке келтіреді.

Қылмыстық іс жүргізу құқығы - толып жатқан түрлі жақтарды, жай-жапсарларды қамтитын күрделі, ауқымды, сан мағыналы құбылыс.

Қылмыстық іс жүргізу құқығының мәні мынадай тең мәнді элементтерден қалыптасады:

- бұл дербес құқық саласы;
- іргелі сала, яғни ұлттық құқық жүйесіндегі негізгі, басты салалардың бірі болып табылады;
- өз ішінде тұтас ғылыми теорияны (доктринаны) нормалар түріндегі

нақты іс жүргізу-құқықтық нұсқамалармен ұштастырады, оларды қолдану қылмыстық сот ісін жүргізудің жалпы және арнаулы міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Қылмыстық іс жүргізу құқығы — білімнің іргелі салаларына жататын дербес құқық саласы. Бұл оның (құқықтың) өз жүйесі бар екенін білдіреді, оның өзара байланыстары мынадай: 1) құқық нормасының элементтері арасында; 2) құқық институттарының біріккен нормалар арасында; 3) қылмыстық процесс құқығы саласының институттары арасында; 4) қылмыстық іс жүргізу құқығы мен құқықтың өзге де сабақтас салалары арасында. Сонымен, қылмыстық іс жүргізу құқығы құрылымы сыртқы қасиеттерді көрсетсе, жүйе оның мазмұнды жағын бейнелейді.

Қылмыстық іс жүргізу нормалары екі түрге бөлінеді: 1) жекелеген іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асырудың және шешімдер қабылдаудың шарттары мен жүйелілігін белгілейтін нормалар; 2) жалпы қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін белгілейтін нормалар. Мысалы, сот-медициналық куәландыру сияқты іс жүргізу әрекетін оған сот-медицина сарапшысы қатысқан жағдайда ғана жүзеге асыруға болады. Осы іс жүргізу әрекетінің басқа әрекеттерден айырмашылығы осындай. Ал өкілетті адамдар жасаған хаттамалау шарты оны кімнің (соттың, прокурордың, тергеушінің, анықтаушының) жасайтынына байланысты емес.

Қылмыстық іс жүргізу нысанының маңызы мынада:

- қылмыстық сот ісін жүргізу принциптерін сақтау үшін жағдайлар қамтамасыз етеді;
- қылмыстық істер бойынша іс жүргізу режимін тұрақтандырады;
- қылмыстық процесті жүзеге асырушы мемлекеттік органдардың белсенді жұмыс істеуінің заң негізі болып табылады;
- сот ісін жүргізудің тұрақты бірізділігін қалыптастырады, оның өзі азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын сақтау кепілдіктерінің бірі болып табылады;
- кез келген қылмыстық іс бойынша ақиқатқа қол жетуін бірдей қамтамасыз ететін әмбебап құралдардан құралған;
- реттелетін құқық бұзушылық істерге үйлесімділік жүйелілік және қисындылық береді.

Іс жүргізу нысаны (оның құрылымы, ішкі құрылысы, байланыстары) белгілі бір талаптарға бағындырылуға тиіс. Сондай талаптар мыналар:

Іс жүргізу нысанының демократиялығы. Ол халықтың ең қалың топтарының қатысуымен заңның сақталуына бақылау жасау үшін бөгет болмайтындай процедура болуын көздейді. Іс жүргізу нысанының демократиялық екенінің аса маңызды белгілерінің бірі — заңдылықты бұзудың қандайына болсын сот арқылы шағымдану құқығы. Мұндай

құқық Қазақстан Республикасының аумағында тұратын барша жұртта және әрбір адамда бар. Демократиялық, сондай-ақ сот процедурасына адамның жасы мен жынысына, діні мен ана тіліне, ұлты мен саяси сеніміне, әлеуметтік сатыдағы жағдайы мен біліміне, материалдық ауқатының бар-жоғына және т.б. қарамастан жол ашық екенін білдіреді.

Іс жүргізу нысанының ізгілікті мәні. Заңда көзделген нысан адамның рухани және материалдық қажеттерінің қанағаттандырылуына қайшы келмеуге, қылмыстық сот ісіне қатысты болғаны үшін ғана адамды азапқа салмауға тиіс. Қылмыс куәгері процеске қатысуын, сот төрелігі актісіне қатысушы ретінде, заңды бұзбайтын азаматтардың мүдделерін қорғаудың көрінісі деп бағалауға тиіс. Қылмыстық іс процедурасының ізгілігі адамның қадір-қасиетін сақтауға, оны қоғамның көз алдында сұмпайыға айналдырмауға, социум мүшесі ретіндегі оның оң жағдайын сақтауға бағытталған.

Іс жүргізу нысанының мақсатқа сәйкестігі. Мұнымен нысанның шешілетін заң міндетіне теңбе-теңдігі қамтамасыз етіледі. Мысалы, қылмыстық процеске аудармашының қатысуы сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамның болып жатқан оқиғаның мәні мен маңызын түсінуіне көмектеседі. Мақсатқа сәйкестік керек мәліметті уақыт пен кеңістікте сақтауға көмектеседі. Мысалы, іс жүргізу әрекеттері тіпті жүз жылдан кейін оқығанда да жүзеге асырылған әрекеттердің мазмұнын қалпына келтіретіндей және маңызын анықтайтындай, сондай-ақ оның заңдылығын бағалайтындай етіп хатталады.

Іс жүргізу нысанының үнемділігі мен жеңілдігі. Үнемділік (оңтайлылық) процесс мақсаттарына барынша аз күш, қаржы және уақыт жұмсай отырып қол жетуін қамтамасыз етуге тиіс. Мұның өзі процедура тек қана істің мазмұнына қатысы жоқ нысан үшін қолданылатын артық нысандылықтан бос болуға тиіс екенін білдіреді. Мазмұнға қатысы жоқ нысан жалаң мақсатқа айналады. Бұл жөнінде В. Случевский былай деп жазған: "Нысанға сот қызметі құралының емес, мақсатының маңызын берудің қандайы болсын сот процедурасын бұрмалап, сот мүдделері үшін өте керексіз зардаптарға әкеліп соғуы мүмкін" .

Іс жүргізу нысанының нысандылықпен ортақ еш нәрсесі жоқ. Нысанды сақтау үшін айқын жағдайларды анықтауға күш пен уақыт жұмсаудың керегі жоқ. Мысалы, табиғат апаты, жалпыға мәлім факті болғандықтан, бүкіл нысан бойынша дәлелдеуді қажет етпейді. Процедураны тездету мақсатында ҚПК-те дәлелсіз анықталатын мән-жайлар тізбесі көзделген.

Ізгілік талабына сәйкестік. Қылмыстық сот ісін жүргізудің жалпы мақсаты - азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңдылық пен құқық тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету мақсаты аса зор құндылықтардың бірі болып табылады, өйткені ол жеке адам мен қоғам мүдделеріне бағдарланған.

Қылмыстық іс жүргізу нұсқамаларының қисындылығы. Сот ісін жүргізу тәртібі оның конструкциясына заңдар қисынының ықпалын айқын бейнелейді.

Нысанның заң талаптарына сәйкестігі. Заңдылық режимі жалпы құқық нормаларын қалыптастыру процесіне үлкен ықпал етеді. Іс жүргізу нысанының заңдылығына келетін болсақ, ол нормалар Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес екенін білдіреді.

11.2 Қылмыстық қудалау. Қылмыстық іс жүргізу үрдісінің субъектілері.

Қылмыстық қудалау – [қылмыстық заңмен](#) тыйым салынған әрекет пен оны жасаған адамды, соңғысының қылмыс жасаудағы кінәлілігін анықтау мақсатында, сондай-ақ мұндай адамға жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануды қамтамасыз ету үшін айыптау тарабы жүзеге асыратын іс жүргізу қызметі.

Қылмыстық қудалаудың негізгі мақсаты – қылмыстық іс бойынша барлық мән-жайларды, оны жасаған адамды анықтау, ұстау және айыптау.

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар: прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы мен анықтаушы.

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру заңда көзделген негіздерге байланысты жүзеге асырылады. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырудың жалпы шарттары ҚР ҚПК-нің 34 бабында келтірілген, онда:

– Қылмыстық қудалау органы қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін орындау мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін тапқан әрбір жағдайда өз құзыреті шегінде қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын белгілеу, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеу, оларды жазалау үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға, сол сияқты кінәсіз адамды ақтау үшін шаралар қолдануға міндетті.

– Қылмыстық қудалау органы жәбірленушінің сот төрелігіне қол жеткізуін қамтамасыз ету және қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеткізу үшін шаралар қолдануға міндетті.

– Қылмыстық қудалау органы қылмыстық процестегі өзінің өкілеттіктерін қандай да болсын органдар мен лауазымды адамдарға тәуелсіз және заңның талаптарына сәйкес қатаң түрде жүзеге асырады.

– Қылмыстық іс бойынша объективті тергеп-тексеру жүргізуге кедергі келтіру мақсатында қылмыстық қудалау органына қандай да бір нысанда ықпал ету [заңда](#) белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

– Қылмыстық қудалау органының заңға сәйкес қойған талаптары барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті және олар белгілеген мерзімде, бірақ үш тәуліктен кешіктірілмей орындалуға тиіс.

Күдіктіні ұстап алу, күзетпен ұстау туралы шешім қабылдау қажет болған жағдайда, қылмыстық қудалау органының талабы жиырма төрт сағат ішінде орындалуға тиіс. Көрсетілген талаптарды дәлелді себептерсіз орындамау заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органдар қылмыстық процеске қатысушылар ішінде негізгілері болып табылады.

Олар қылмыстық процестік заңнаманың қағидаларын, міндеттерін сақтай отырып, қылмыстық істі дер кезінде және толықтай ашуға, заңнаманың бірыңғай және дұрыс қолданылуын қамтамасыз ете отырып қол жеткізеді. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыруда тергеуші мен анықтаушының әрбір әрекеті құқық нормаларымен көзделген және белгілі бір процессуалдық бағытта жүргізіледі.

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру мақсатында жүргізілетін алдын ала тергеп-тексеру қылмыстық істің фактілік мән-жайлары анықталады.

Бұл жерде қылмыстық-құқық бұзушылық оқиға орын алды ма жоқ па, сезікті немесе айыпталушы адамның сол қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттен туған зардапқа қатысы бар ма жоқ па, бар болса кінәлілік нысаны қандай деген сұрақтарға жауап алынады.

Осылардың барлығы тергеушінің арнайы толтырған құжаты негізінде рәсімделеді.

Қылмыстық қудалау сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыраған адам айыптау актісін жасағаннан кейін оны айыпталушыға жариялаумен және қылмыстық іс бойынша әрі қарай шешім қабылдау үшін оны прокурорға жіберумен аяқталады.

Қылмыстық процесс - күрделі процесс, оған әр түрлі адамдар қатысады. Қылмысқа қатысушыларды үш топқа бөлуге болады.

1. Қылмыстық процеске қатысушы мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар. Оларға сот және мемлекеттік органдар мен қылмыстық қудалау қызметін жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар жатады (прокурор, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші, анықтау органы, анықтау органының бастығы, анықтаушы).

2. Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері білдіретін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар (күдікті, айыпталушы, қорғаушы, жәбірленуші, жеке айыпталушы, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, кімелеттік жасқа толмаған айыпталушының (күдіктінің) заңды өкілдері, жәбірленушінің, азаматтық талапкер мен жеке айыптаушының өкілдері, азаматтық жауапкердің өкілдері).

3. Қылмыстық процеске қатысушылардың үшінші тобын шартты түрде үш шағын топқа бөлуге болады.

Бірінші топ — дәлелдемелер ұсыну бойынша міндеттерін орындайтын процеске қатысушылар. Оларға: куәгерлер мен сарапшылар жатады; Екінші топ - іс жүргізу әрекеттеріне жәрдемдесу үшін тартылатын процеске қатысушылар. Олар: куәгерлер, аудармашылар,

мамандар, сот отырысының хатшылары, кепілшілер, тану жүргізетін статистер және т.б. Үшінші шағын топ — сот шешімдерін орындауға қатысатын мекемелер мен ұйымдар және соған орай үкімді орындау кезінде туындайтын іс жүргізу мәселелерін шешуі қатысатындар. Бұл топты: үкімдер мен қаулыларды нақтылы орындауды жүзеге асыратын әкімшілік өкілдері, сотталушының науқастануы, мүгедектігі немесе ауруханаға орналастыру бойынша комиссияның өкілдері және т.б. құрайды.

Анықтау және алдын ала тергеу — бұл анықтау органдары мен өкілетті органдардың сотқа дейінгі әрекеттері. Бұл әрекеттің негізі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде (ҚПК) белгіленген. Мұнда шектерде қылмыс жасаған адалдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту және істің мән-жайының жиынтығын анықтау, белгілеу және бекіту жөніндегі өкілеттіктерінің іс жүргізуі анықталған. Қылмыстық процеске қатысушылардың әрекеті толықтай заңмен реттеледі.

Қылмыстық топқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттері:

Өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған не ұстау жүзеге асырылған, не айып тағылғанға дейін жолын кесу шарасы қолданылған адам күдікті болып танылады. Заңда күдіктіге көптеген құқықтар берілгеп. Оның құқықтары мынадай:

- өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге;
- өзіне қарсы күдікке байланысты түсініктеме мен жауап беруге немесе түсіндірме мен жауап беруден бас тартуға;
- дәлелдемелер ұсынуға;
- өтініш пен қарсылық білдіруге;
- ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ пен түсініктеме беруге;
- ақысыз аудармашының көмегін пайдалануға;
- өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескерту беруге;
- тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен оның өтініші немесе қорғаушының не заңды өкілінің өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға;
- соттың, прокурордың, тергеушінің және анықтаушының іс-әрекеттері мен шешіміне шағым беруге;
- оның өтініші бойынша қорғаушының қатысуымен жауап алынушы болуға құқылы.

Басқаша айтқанда, өзіне қатысты ҚПК бекітілген тәртіпке айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам анықталушы болып танылады. Айыпталушының жағдайы көп жағдайда күдіктінің жағдайымен сәйкес келіп жатады. Күдіктіні, айыпталушыны жауап алуға, қылмыстық қудалау органына қандайда бір материалдарды беруге, сондай-ақ оларға қандай да бір көмек көрсетуге мәжбүрлемей берек. Жауап (айғақ) беру — айыпталушының міндеті емес, құқығы. Ол

жауап беруден бас тартқаны үшін жауапқа тартылмайды. Жауап беруге мәжбүрлеу - бұл тергеушінің немесе тергеу жүргізетін тұлғаның тарапынан күдіктіні, айыпталушыны, жәбірленушіні, куәні жауап беруге, не сарапшыны қорытынды беруге қорқыту, бопсалау немесе басқа да заңсыз әрекеттер қолдану арқылы ықпал етуі. Заңда айыпталушыдан күш көрсету, қорқыту, алдау арқылы, басқа да заңсыз әрекеттермен (негізсіз ұстау және басқалары) жауап алуға жол берілмейді. Осындай әрекеттері үшін лауазымды тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Сотталушы - іс бойынша басты сот талқылауы тағайындалатын айыпталушы. Сотталушының құқықтары айыпталушының құқығымен сәйкес келеді. Сотталған адам - өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған айыпталушы.

Тергеуші - бұл өз құзіреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген лауазымды тұлға: Ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі. Прокурор - өз құзіреті шегінде жедел іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық ізге түсуді өз құзіреті шегінде жүзеге асыратын лауазымды тұлға. Ол сотта мемлекеттік айыптауды қолдайды.

Сот процесінің әділдігі мен шынайылығын қамтамасыз ету үшін заңда қарсылық білдіру институты қарастырылған. Қарсылық білдіру — тергеу жүргізу мен соттың істі анықтау кезінде әділдік пен шынайылықты қамтамасыз ететін азаматтық, іс жүргізу және қылмыстық іс жүргізу құқығының институты. Қарсылық білдіру кезінде сот іске қатысы бар адамдарды тыңдауға, қарсылық білдірген адамның пікірін тыңдауға міндетті. Қарсылық білдіру жөніндегі мәселені сот шешеді. Адвокат - бұл заңның аясы негізінде заң көмегін көрсететін тұлға.

Қоғам мен мемлекет бір де бір азаматтың жеткілікті негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылмауына және сотталмауына мүдделі. Мемлекет қорғалу құқығын қамтамасыз етуде конституциялық кепілдікті орындай отырып адвокатқа едәуір құқықтар берген, соның ішінде оның адвокаттық қызметіне кепілдік бар.

Қылмыстық процеске адвокаттың қатысуы - бұл адвокаттық қызметтің маңызды бағыттарының бірі, ол негізінде айыпталушыларды (күдіктілерді) қорғау функциясымен байланысты болады.

Қорғау - бұл қылмыс жасады деп күдік келтірілген адамдардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, айыпты теріске шығару немесе жұмсарту, сондай-ақ қылмыстық қудалауға заңсыз тартылған адамдарды ақтау мақсатында қорғау тарапынан жүзеге асырылатын іс жүргізу қызметі. Қылмыстық процестің әрбір сатысында айыпталушы қорғаушының көмегіне мұқтаж болады, онсыз айыпталушы өзінің кінәсіздігіне дәлелдемелер келтіре алмайды, сондай-ақ айыптауды

теріске шығаратын немесе жауаптылығын жеңілдететін мән-жайларды анықтай алмайды. Қорғаушы -бұл заңда белгіленген тәртіппен күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін тұлға.

Заңда қорғаушы ретінде іске қатыстырылуға жіберетін адамдар нақты айқындалған. Оларға: адвокаттар, яғни адвокаттық алқаға мүше адамдар; жұбайы (зайыбы); жақын туыстары немесе заңды өкілдері; өз бірлестіктері мүшелерінің ісі бойынша кәсіподақтың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне, оларға қорғаушы ретінде өкілеттіктерін растайтын тиісті құжаттар (шешім немесе хаттама, сенімхат) беріліп, өкілдерін жібереді.

Судья -қылмыстық процестің негізгі субъектісі. Судьяның негізгі міндеті қылмыстық істерді талқылау және шешу арқылы сот төрелігін жүзеге асыру. Тек судьяға ғана үкім арқылы нақты адамға (сотталушыға) қылмыс жасаған деп айыптауға, сондай-ақ оны қылмыстық жазалауға конституциялық өкілдік берілген.

Жәбірленуші - қылмыс пен моральдық, дене немесе мүліктік зиян келтірілген, осыған байланысты анықтау жүргізуші адамның, тергеуші, прокурор, судьяның қаулысымен немесе соттың анықтамасы мен жәбірленуші деп танылған азамат. Жәбірленушінің жауап беруге құқығы бар. Бұл құқық оның заңды мүдделерін қорғауға қызмет етеді, ол мұндай құқығын өзіне белгілі барлық аймақты деректерді мәлімдеу үшін қолданады, сондай-ақ сотқа, тергеушіге өзінің мүдделерін қорғауға, қылмысты ашуға, айыпты әшкерелеу көмектесетін өз болжамдарын хабарлауға құқық береді. Егер адамға зиян келтірілсе, ол жәбірленуші болып танылады. Тек жеке адамдар ғана жәбірленуші бола алады.

Куә - бұл іс үшін маңызы бар, өзіне белгілі мән-жайлар жөнінде жауап бере алатын кез келген тұлға. Куәнің бірегейлігі қылмыстық іс жүргізуде маңызы бар мынадай белгілерден көрінеді: куәнің ауыстырылмайтындығы; өзінің ауыстырылмайтындығына байланысты, оған істің нәтижесіне мүдделі деп қарсылық білдіре алмайды.

Іс бойынша мыналар куә бола алмайды:

- а) айыпталушының қорғаушысы;
- ә) өзінің жасының толмауына, психикалық немесе дене кемістіктеріне орай іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс түсінуге және олар туралы жауап беруге қабілетсіз адамдар;

- б) адвокат;

- в) судья;

- г) сонымен қатар заңда адам өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына (ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алғаны, туған ағалары (іні) және әскелері (қарындасы), атасы, апасы және немересі) қарсы айғақ, беруге діни қызметшілер өздеріне сеніп сырым ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес деп бекітілген.

Сонымен, қылмыстық іс жүргізу процесі — қатысушылары әр түрлі тұлғалар болатын күрделі процесс. Бұл тұлғаларға қылмыстық істерді тергеуде және қарауда белсенді қатысу үшін мемлекеттік органдармен жіберілген және тартылған қоғамның құқықты мүшелері мен заңды тұлғалары жатады. Бұл үшін осы тұлғаларға кең процессуалдық құқықтар берілген. Қылмыстық іс жүргізуге: қосымша қызметтер атқаратын, қылмыстың сот ісін жүргізуді іске асыруға өкілетті мемлекеттік органдар лауазымды тұлғалар жатады. Қылмыстық істі жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері [Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексімен](#) реттеледі.

11.3 Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде қолданылатын қылмыстық процестің, қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру, заңдылық, жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу, сот төрелігін соттың ғана жүзеге асыруы сияқты қағидалары қылмыстық процестің міндеттерінің жүзеге асырылуының бірден-бір негізі екендігін көрсетеді.

Іс бойынша іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлар орын алмаған жағдайда, егер қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның әрекетінде қылмыс құрамы элементтерінің барлық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болса, сонымен қатар:

- қылмыстық құқық бұзушылық не адамның хабарсыз кеткені туралы жеке тұлғаның не мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымның басқару функцияларын орындайтын адамның хабары;

- кінәсін мойындап келу;

- бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар;

- қылмыстық қудалау органының лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқықбұзушылық туралы рапорты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың себептері болса, анықтаушы, анықтау органы, тергеуші тергеу бөлімінің бастығы, прокурор өз құзыреті шегінде заңда көрсетілген тәртіппен өз қаулысымен қылмыстық істі іс жүргізуге қабылдайды.

Кейбір жағдайларда қылмыстық қудалау функциясын жүзеге асыру барысында әр түрлі органның өкілдері бір адамға қатысты бірнеше қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдарын толықтай жүзеге асырғаннан кейін істі сотқа жіберуі мүмкін.

Мұндай жағдайда ҚПК-тің 20-бабында келтірілген «Ешкімді де бір сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін қайтадан қылмыстық жауаптылыққа ұшыратуға болмайтындығы» жөніндегі қағиданың бұзылуына жол беріледі.

Мұндай жағдайларға жол бермеу үшін ҚПК-те бір адамға қатысты

әртүрлі істерді біріктіру жөнінде арнайы норма бекітілген, осы нормаға сәйкес, бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты сыбайласып жасаған бірнеше адамға қатысты қылмыстық істер, бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты істер, сондай-ақ осы қылмыстарды күні бұрын уәде бермей жасырғандығы немесе олар туралы айтпағандығы үшін күдік келтірілетін, айыпталатын адамға қатысты істер бір іс жүргізуге біріктірілуі мүмкін.

Сонымен қатар, ҚПК-тің 43-бабы 4-бөлігінде қылмыстық істерді біріктіруге болмайтын мән-жайлар да нақты көрсетілген:

- әртүрлі адамдарға қатысты бірдей күдіктенулер, айыптаулар;
- жекеше айыптау ісі қаралып жатқан жағдайлардан басқа, бір-біріне қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айып тағылған адамдарға қатысты күдіктенулер, айыптаулар;
- біреуі бойынша қылмыстық қудалау – жекеше тәртіппен, ал екіншісі бойынша – жариялы тәртіппен жүзеге асырылатын істер;
- бірге қаралуы істі объективті қарауға кедергі келтіруі мүмкін барлық басқа да күдіктенулер, айыптаулар бір іс жүргізуге біріктірілмеуге тиіс.

Әртүрлі адамдарға қатысты бірдей айыптаулар бойынша жүргізілген іс бойынша істердің біріктірілмеуінің басты себебі, олардың жасаған қылмыстық құқықбұзушылықтарының арасындағы байланыстың болмауы.

Бірнеше айыпталушы бір жәбірленушіге қатысты әрекет еткен болса, онда олардың әрекеттерінде міндетті түрде байланыс болады, өйткені олар күні бұрын сөз байласады, қылмыстық құқықбұзушылықты бірлесіп жасайды, қылмыстық құқықбұзушылық жасау әрекетіндегі рөлдерін бөліседі, егер қылмыстық құқықбұзушылық жасаушылардың әрекетінде мұндай белгілер болмаса, онда ондай қылмыстық істер біріктірілмейді.

Біріктіруге болмайтын екінші мән-жайдың мәні, қылмысқа қатысушы екі тұлғаның процессуалдық жағдайында.

Бір қылмыс бойынша жәбірленуші болған тұлға, екінші қылмыс бойынша айыпталушы болуында болғандықтан, қарама-қарсы екі тұлғаның процессуалдық жағдайын бір тұлғаға қатысты есептеу, оларға заңмен берілген құқықтар мен міндеттердің бірін-бірі жоққа шығаруына әкеліп соқтырады да, ҚПК мұндай айыпталушыларға қатысты істерді біріктіруге тыйым салады.

Біреуі бойынша қылмыстық қудалау – жекеше тәртіппен, ал екіншісі бойынша – жариялы тәртіппен жүзеге асырылатын істерді біріктіруге болмайтын басты себеп, қылмыстық қудалауды жүзеге асырудағы жеке және жария тәртіппен іс жүргізу тәртібінің айырмашылығында, атап айтқанда, жеке айыптау бойынша тараптардың татуласуы бойынша қылмыстық істі тоқтатуға болатын болса, жария айыптауда қылмыстық істі тоқтату туралы көзделмеген.

Бірге қаралуы істі объективті қарауға кедергі келтіруі мүмкін барлық басқа да күдіктенулер, айыптаулар бір іс жүргізуге біріктірілмеуге тиістігі туралы шешімді қылмыстық процесті жүзеге асырушы орган шешеді, өйткені іс бойынша істі жүргізу барысында процеске қатысушы жәбірленуші мен айыпталушының психологиялық жағдайы, қылмыстық іске қатыстылығы т.б. мән-жайлар істі жүргізуші тұлғаға ғана мәлім болғандықтан мұндай шешімді өзінің ішкі сенімі бойынша ғана қабылдайды.

Төртінші негіз қылмыстық процесті жүргізуші органның өз қалауын көздейді, бұл жағдайда шешім қабылдау үшін негізгі өлшем ақылға қонымдылық болып табылады.

Қылмыстық істерді біріктіру қылмыстық процесті жүргізетін органның шығарған қаулысы негізінде жүргізіледі. Қылмыстық қудалау органы шығарған қаулының көшірмесі жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға және қорғаушы тарапқа жіберіледі.

Бірнеше іс біріктірілген іс бойынша іс жүргізу мерзімі уақыты бойынша бірінші қылмыстық іс жүргізу басталған күннен бастап есептеледі.

Егер біріктірілген істердің біреуі бойынша бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау не ұйқамақ қолданылса, тергеу мерзімі көрсетілген бұлтартпау шаралары қолданылған істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған күннен бастап есептеледі.

Сонымен қатар, ҚПК-тің 44-бабына сәйкес сот, қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы орган:

- мемлекеттік құпияларды қорғауға байланысты жабық сот талқылауы үшін негіздер өздеріне қатысты болатын, бірақ басқа күдіктілерге, айыпталушыларға қатысты емес жекелеген күдіктілерге немесе айыпталушыларға;

- ересектермен бірге қылмыстық жауаптылыққа тартылған кәмелетке толмаған күдіктіге немесе айыпталушыға;

- қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жататын жекелеген анықталмаған адамдарға қатысты;

- прокурор процестік келісім жасасқан күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты басқа қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөлектеп алуға құқылы.

Мемлекеттік құпияларды қорғауға байланысты жабық сот талқылауы үшін негіздер өздеріне қатысты болатын, бірақ басқа күдіктілерге, айыпталушыларға қатысты емес жекелеген күдіктілерге немесе айыпталушыларға қатысты қылмыстық істі бөлектеп алудың маңызы процеске қатысушы тұлғалардың мүдделерлерін қорғаумен байланысты.

Егер іс бойынша іс жүргізуде айыпталушылар саны бірнешеу болып және олардың біреуі қылмыстық қудалаудан бой тасалап жүрген болса және оны іздеу өте қиынға соғып, таба алатындай мүмкіндіктер жоқ

болатындай болса, мұндай жағдайларға ондай тұлғаға қатысты іс бөлектелініп, іс жүргізу тоқтатыла тұрады да, қылмыстық процесс бойынша өзге айыпталушыларға қатысты іс бойынша іс жүргізу одан әрі жалғастырылады, олай етпеген жағдайда, бүкіл іс бойынша іс жүргізудің тоқтатылып қойылуы процеске өзге қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін елеулі түрде шектелуі мүмкін болар еді.

Мемлекеттік құпияларды қорғауға байланысты жабық сот талқылауын өткізу қажеттігі өз ісінің қаралуы мемлекеттік құпияларды қорғауға байланысты адамдарға қатысты қылмыстық іс жеке жүргізуге бөлектелген жағдайда қамтамасыз етілуі мүмкін.

Кәмелетке толмаған күдіктінің немесе айыпталушылардың құқықтарын сақтау үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау қажет болғандықтан, басты сот талқылауы кезінде ересек айыпталушылардың кәмелетке толмағандарға психологиялық ықпал етуіне бөгет болуы мақсатында кәмелетке толмаған күдіктіге немесе айыпталушыға қатысты іс бойынша іс бөлектенеді.

Қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жататын жекелеген анықталмаған адамдарға қатысты қылмыстық істің бөлектенуінің басты себебі, қылмыстық іске қатысы бар басқа айыпталушыларға қатысты істің барынша шапшаң әрі дер кезінде жүргізілуін қамтамасыз ету, егер қылмыстық іс бөлектенбей барлығына қатысты тоқтатыла тұрса, кейіннен ол іс бойынша шындықтың анықталмай қалуы да мүмкін.

Қылмыстық істерді бөлектеп алуға, егер бұл мән-жайларды зерттеу мен істі шешудің жан-жақтылығына, толықтығына және объективтілігіне әсер етпесе ғана жол беріледі.

Істі бөлектеп алу қылмыстық процесті жүргізетін органның шығарған қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Қылмыстық қудалау органы шығарған қаулының көшірмесі жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жіберіледі. Қаулыға түпнұсқалар немесе көшірмелер түрінде бөлектеп алынатын материалдардың тізбесі қоса тіркелуі тиіс.

Бөлектеп алынған іс бойынша іс жүргізудің мерзімі қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар жаңа қылмыстық құқық бұзушылық бойынша, сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тіркелген күннен бастап есептеледі.

Қалған жағдайларда мерзім негізгі қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап есептеледі.

Қылмыстық процестік құқығы – құқық салаларының бірі ретінде қылмыстық құқық бұзушылық және қылмысты құқық бұзушылықты жасауға дайындалғандарды қылмыстық жауаптылыққа тартуға қатысты құқықтық қатынастарды ретке келтіреді.

Қылмыстық қудалау – қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекет пен оны жасаған адамды, соңғысының қылмыс жасаудағы кінәлілігін

анықтау мақсатында, сондай-ақ мұндай адамға жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануды қамтамасыз ету үшін айыптау тарабы жүзеге асыратын іс жүргізу қызметі.

Қылмыстық қудалаудың негізгі мақсаты – қылмыстық іс бойынша барлық мән-жайларды, оны жасаған адамды анықтау, ұстау және айыптау.

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар: прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы мен анықтаушы.

«Қылмыстық қудалау (айыптау) – қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті және оны жасаған адамды, соңғысының қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігін анықтау мақсатында, сондай-ақ осындай адамға жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануды қамтамасыз ету үшін айыптаушы тарап жүзеге асыратын процестік қызмет» деп түсіну қажет

Қылмыстық процестегі ақтау – бұл, заңсыз және негізсіз қылмыстық қудалауға ұшыраған тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қайта қалпына келтіріп, негізсіз қылмыстық қудалауға түсу салдарынан келтірілген зардаптың орнын толтыру тәртібі.

Моральдық зиян – азаматтық құқықта жеке және заңды тұлғалардың өзіндік беймүліктік игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылу, соның ішінде жәбірленушіге қарсы жасалған құқық бұзушылықтың салдарынан басынан кешірген жан азабы немесе тән азабы.

Құпия – өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жеке адам немесе қандай да бір ұйым басқаға білдірмей ұстайтын ақпарат.

Құжат (лат.тілінен алғанда *dokumentum*)- бұл материалдық объект, мұнда табиғи және жасанды тілдегі түрлі белгілер, символдар және басқа да элементтер арқылы болған оқиға туралы мәліметті рәсімдейді.

Шақыру қағазы-қылмыстық сот ісіне қатысушыларды анықтаушыға, тергеушіге, прокурор мен судьяға тергеу әрекеттерін жүргізу немесе басқа да процессуалдық іс-шаралар жүргізуге қатысу қажеттілігі жайында арнайы жазбаша түрде шақырып міндеттеуі; мысалы, шақыру қағазы арқылы куәні жауап алу үшін шақырады және соттың, прокурордың, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның шақыруы бойынша куәнің келуі міндетті (ҚР ҚПК 78 бап, 13 тармақ);

Судьяның ерекше пікірі- қаралатын мәселелер бойынша басқа судьялардың пікірімен келіспеген кезде өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде білдіретін процессуалдық құжат түрі (ҚР ҚПК 54 бап, 2-тармақ);

Сұрақ парағы - процессуалдық құжат, онда судьяның алқабилерге қойған сұрақтары және оның жауаптары жазылатын процессуалдық құжат. (ҚР ҚПК 656 бап 4 тармақ).

Арыз - сотқа немесе қылмыстық қудалау органдарына жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық құқықбұзушылық туралы хабарлайтын құжат. (ҚР ҚПК 181 бап);

Сарапшының қорытындысы- қылмыстық процестік кодекс нормаларының талаптарына сәйкес ресімделген, сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелері көрсетілген құжат. (ҚР ҚПК 116 бап 1-тармақ);

Маманның қорытындысы - қылмыстық процестік кодекс нормаларының талаптарына сәйкес ресімделген және маманның алдына қылмыстық процесті жүргізетін адам немесе тараптар қойған мәселелер бойынша зерттеулердің мазмұны мен түйіндерін көрсететін, жазбаша түрде ұсынылған ресми құжат. (ҚР ҚПК 117 бап, 1 тармақ);

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

Негізгі әдебиеттер

1. Қазақстандық құқық негіздері. ҚҚЭУ оқытушыларының авторлық ұжымы. Қарағанды, 2017.
2. Құқық негіздері тәжірибелік оқу құрал. Қаржасова Г.Б., Абиев Е.С. ҚҚЭУ: 2020.
3. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы [Мәтін] : оқу құралы / Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті; Қ.Сатбаева. - Караганда : КЭУК, 2018. - 260 б.
4. Гражданский процесс : Учебник / У.У.Нурмашев, Н.Н.Жансеитов. - 2-ое изд., перераб. и доп. - Алматы : NURPRESS, 2020. - 488 с.
5. Агапов, А. Б. Административная ответственность [Текст] : учебник для бакалавриата и магистратуры / А. Б. Агапов. - 8-е изд., перераб. и доп. - М. : Юрайт, 2018. - 465 с.
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Процесстік құқығы К.А.Байкенжина., Б.Ш. Сарсембаев., Г.М. Джаксыбаева Алматы 2017.
7. Нұрмашев Ү. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы бойынша практикум : Оқу құралы / Ү.Нұрмашев, Н.Жансеитов. - Алматы : NURPRESS, 2020. - 180 б.
8. Мемлекет және құқық теориясы бойынша (сұрақ-жауап үлгісінде) [Мәтін] : оқу құралы / Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті ; Қ. Қ. Адильбекова, Е. С. Абиев, Г. М. Джаксыбаева. - Қарағанды : ҚҚЭУ, 2019. - 85 б.

Қосымша әдебиеттер

1. Марченко М.Н. Теория государства и права: учебник. -М.: Проспект, 2017.
2. Момышева Ф.С. Основы права: учебное пособие. – Караганда, 2009.
3. Баянов Е. Мемлекет және құқық негіздері. - Алматы, Жеті Жарғы, 2010.
4. Ғ.Сапарғалиев, А.С.Ибраева. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. 3-басылым. – Астана, 2014.
5. Баймаханов М.Т. и др. (отв. ред.) Конституция Республики Казахстан. Научно-практический комментарий. - Алматы: Раритет, 2010.
6. Таранов А.А. Административное право Республики Казахстан. Академический курс. Алматы: Норма-К, 2003.
7. Комментарий к закону Республики Казахстан «О Государственной службе Республики Казахстан» Дуйсенов Э.Э. Изд. Асыл кітап: Алматы-2016.
8. Пралиева Г.К. Гражданское право Республики Казахстан. Общая и особенная части: учебно-практическое пособие / Г.К. Пралиева.- Алматы: Юрист, 2009.

9. Под ред. А.Г.Диденко. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций. - А., 2006г.
10. Айтжан Б.Е. Семейное право. Учебно-справочное пособие. Издательство «Юрист» 2009.
11. Уваров В.Н. Трудовое право Республики Казахстан: Учебник. – Алматы, 2000.
12. Ахметов А., Ахметова Г. Трудовое право Республики Казахстан. Учебник. - Алматы, 2005.
13. Нургалиева Е. Н. Комментарий к Трудовому кодексу РК. Общая и Особенная части. - А., 2009.
14. Жумагулов Г. М., Ахметов А., Ахметова Г. Право социального обеспечения. Учебник. - Алматы: «Нур-пресс», 2005.
15. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. АСТАНА. 17 қаңтар 2014, 16:52. BNews.kz
16. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. <http://www.zakon.kz>
17. Ұлт жоспары – Н.Назарбаевтың 5 институционалдық реформасын жүзеге асырудың «100 нақты қадамы». 20 мамыр 2015 ж. Астана.
18. Т.Ағдарбеков, А.Әлайдар, А.Алайдаров. Құқық негіздері. - Алматы, 2009.
19. Дулатбеков Н.О. и др. Основы государства и права современного Казахстана. Учебное пособие. Астана: Фолиант, 2000.
20. Оспанов Қ. Мемлекет және құқық негіздері. - Алматы, 2009.
21. Қосжанов А.С., Жүнісова Л.М., Ахметова Қ.С. Мемлекет және құқық теориясы. - Қарағанды, 2008.
22. Конституционное право Республики Казахстан. Учебник. Сост. А.Т. Ащеулов; отв. ред. М.С. Нарикбаев. - Алматы. КазГЮА, 2001.
23. Қызылов М., Карпекин А. ҚР Әкімшілік құқығы. - Алматы, 2002.
24. Ибрагимов Х.Ю. Административное право в вопросах и ответах /Ибрагимов Х.Ю. – Алматы: Данекер, 2001.
25. Ихданов Ж., Сансызбаева Ғ.Н., Есенжігітова Р.Ғ. Мемлекеттік басқару теориясы: Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2007.
26. Стратегия эффективного государственного управления в Республике Казахстан. / Под ред. Б.К. Есекиной.- Астана: Акад. гос. упр. при Президенте РК, 2008.
27. Ағыбаев Н. Қылмыстық құқық. - Алматы, 2003.
28. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник. Общая часть. Отв. ред. Рогов. И.И., Баймурзин Г.И. Алматы: 2003.
29. И.Ш. Борчашвили. Комментарий к уголовному кодексу РК. - Алматы, 2007.

30. Каржасова Г.Б., Абиев Е.С. Саулебек Н. А., Мемлекеттік қызмет саласындағы мәселерді шешу жолдары. Международный научный журнал. «Гылым-Наука» 2020.-56-60б.
31. Каржасова Г.Б. Экономикалық құқық бұзушылық аясындағы салық төлеуден жалтару қылмыстарының экономикалық-құқықтық мәселелері ҚЭУ Баспа орталығымен басылған 2020. - 104б
32. Каржасова Г.Б., Феткулов А.Х., Орынбеков А.С Жасөспірімдер арасындағы есірткі психотроптық заттар, сол тектестердің заңсыз айналымына қарсы күрестің кейбір мәселелері. Наука и жизнь Казахстана // Международный научно-популярный журнал 2020. С. 54-60.
33. Г.Б.Каржасова, Балгимбеков Д.У., Байкенжина К.А. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы мүлікке тыйым салу процессуалдық әрекетінің тәртібі мен ерекшеліктері. Международный научный журнал «Гылым-Наука» 2 (61) 2019. С. 25-31.
34. Жайлин Г.А. Учебник. Гражданское право Республики Казахстан. - Алматы 2006.
35. М.К. Сулейменов, Басин Ю.Г «Гражданское право» Том 1. Учебник для вузов (акад.курс).., Алматы, 2000.
36. Мороз С.П. Предпринимательское право Республики Казахстан. Курс лекций. - А., 2008.
37. Айымханова Н. Қазақстан Республикасы еңбек құқығы: Оқу құралы. - Алматы: Жеті жарғы, 2002.
38. Долженкова Г.Д. Право социального обеспечения: конспект лекций. - М., 2007.
39. Батыгин К.С. Право социального обеспечения. Общая часть. – М., 1995.
40. Треушников М.К. Гражданский процесс: теория и практика. - М.: Городец, 2008.
41. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан.Общая часть: Академический курс / Под ред. д.ю.н., профессора Б.Х. Толеубековой. Книга первая. - Алматы:Жеті жарғы, 2005. - 424 б.
- 42.Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу РК. Общая часть. Том 1. - Алматы: Жеті жарғы, 2021. - 836 с.
- 43.Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу РК. Особенная часть. Том 2. - Алматы: Жеті жарғы, 2021. - 1152 с.
- 44.Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу РК. Особенная часть. Том 3. - Алматы: Жеті жарғы, 2021. - 952 с.
- 45.Алгоритм расследования киберпреступлений (особенности составления процессуальных документов) : Практическое пособие / Под ред.: А.В.Сырбу. - Алматы : ТОО "Лантар Трейд", 2019. - 175 с.

46. Антонов В.А. Международные валютно-кредитные и финансовые отношения : Учебник и практикум / В.А.Антонов. - М. : Юрайт, 2019. - 548 с.
47. Байжанова К.Т. Құқықтық реттеу механизмі : Оқу құралы / К.Т.Байжанова, А.И.Бирманова, А.Б.Шакирова. - Алматы : ТОО "Лантар Трейд", 2019. - 90 б.
48. Зубач А.В. Государственная служба в правоохранительных органах: результативность служебной деятельности сотрудников кадровых подразделений : Учебное пособие для вузов / А.В. Зубач, под ред.: Н.В.Артемяева. - М. : Юрайт, 2020. - 115 с.
49. <https://elibrary.ru/defaultx.asp>
50. <http://adilet.zan.kz/rus>
51. <https://online.zakon.kz/>
52. <https://legalacts.egov.kz/>
53. <http://lib.keu.kz>

Нормативтік актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995. <http://www.zakon.kz>
2. Республикалық референдум туралы 1995 ж. 2 қарашадағы № 2592 Қазақстан Республикасының Конституциялық <http://www.zakon.kz>
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы N 2688 Конституциялық заңы. <http://adilet.zan.kz>
4. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы. <http://www.zakon.kz>.
5. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңес туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы № 2737 Конституциялық заңы. <http://www.zakon.kz>.
6. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы. <http://www.zakon.kz>.
7. Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі №480-V « Заңы. <http://www.zakon.kz>
8. Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» <http://www.zakon.kz>
9. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. <http://www.zakon.kz>.
10. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ. <http://www.zakon.kz>.

11. Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 155-VII ҚРЗ.
12. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12 сәуір 2017. <http://www.akorda.kz>
13. Қазақстан Республикасының 04.12.2008 N95-IV Кодексі «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» <http://www.zakon.kz>
14. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы №2155 Заңы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» <http://www.zakon.kz>
15. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ. [http:// adilet.Zan.kz](http://adilet.Zan.kz)
16. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.03.07.2014ж. № 226. <http://www.zakon.kz/>.
17. Қазақстан Республикасының Заңы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. <http://www.zakon.kz>.
18. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 27.12.1994. <http://www.zakon.kz>.
19. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 Заңы «Тұрғын үй қатынастары туралы» (<http://www.zakon.kz>
20. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V «Кәсіпкерлік Кодексі» [http:// adilet.Zan.kz](http://adilet.Zan.kz).
21. Қазақстан Республикасының 13.05.2003 N 415 «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы <http://www.zakon.kz>
22. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы «Мемлекеттік мүлік туралы» <http://www.zakon.kz>
23. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі». 26.12.2011 №518-IV <http://www.zakon.kz>
24. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. **2015 жылғы 23 қарашадағы №414-Ү ҚРЗ.** <http://www.zakon.kz>.
25. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» <http://www.zakon.kz>
26. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 405 Заңы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» <http://www.zakon.kz>
27. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 114-IV Заңы «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» <http://www.zakon.kz>
28. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы №377-V ҚРЗ.
29. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 132 Конституциялық заңы. <http://www.zakon.kz>

30. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 16 қаңтардағы N 121 Заңы «Алқабилер туралы» <http://www.zakon.kz>

31. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ.

32. Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығымен бекітілген // <https://adilet.zan.kz>

33. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген.

34. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 бұйрығымен бекітілген.

35. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурызындағы Қазақстан халқына жолдауы.

36. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген. // <http://www.akorda.kz>

Электрондық көздер

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы: Құқықтану мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы. / Сост. Г.Д. Шеримкулова. - Шымкент: Мирас Университеті, 2017. - 116с. <http://rmebrk.kz/>
2. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы:
3. Дәрістер курсы. / Сост. Б. С. Усурбаев. - Алматы: ҒЗО КОУ, 2013. - 152с. <http://rmebrk.kz/>
4. ҚР Қылмыстық іс жүргізу құқығы және халықаралық қылмыстық процесс: арнайы оқу-әдістемелік кешен. 5b030200-халықаралық құқық. / Сост. Р. М. Жәміева. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2013. - 82с. <http://rmebrk.kz/>
5. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы мен қылмыстық процесі дегеніміз не: оқу құралы. - Алматы: Жеті жарғы, 2013. - 44с. <http://rmebrk.kz/>.
6. Құқық негіздері тәжірибелік оқу құрал. Қаржасова Г.Б., Абиев Е.С. ҚҚЭУ: 2020.